

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ**

ӘӨЖ 821.512 122

Қолжазба құқығында

Ж.К.Балтабаева

**ПАВЛОДАР ЕРТІС Өңірінің ақын-жазушылары
шығармаларындағы кейіпкер этномәдениеті мен
танымдық парадигмасы**

6М020500 – Филология мамандығы бойынша
филология магистрі академиялық дәрежесіні ізденуге
магистрлік диссертация

ПАВЛОДАР – 2013

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Инновациялық Еуразия университеті**

Қорғауға жіберілді:

«Қазақ филологиясы»
кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының
кандидаты,
доцент _____ Ғ.Қ. Резуанова

« ____ » _____ 20 ____ ж.

Магистрлік жұмыс

**ПАВЛОДАР ЕРТІС Өңірінің ақын-жазушылары
шығармаларындағы кейіпкер этномәдениеті мен
танымдық парадигмасы**

мамандық: 6М020500 – Филология

Магистрант _____ Ж.К.Балтабаева

Ғылыми жетекші,
филология ғылымдарының кандидаты _____ Ғ.Қ. Резуанова

ПАВЛОДАР – 2013

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 Тіл білімінде антропоцентристік парадигманың қалыптасуы	7
1.1 Қазақ тіл біліміндегі танымдық бағыт.....	11
1.2 Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы	18
2 Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының тіліндегі кейіпкер бейнесін беруші тілдік құралдар	
2.1 Кейіпкер бейнесін берудегі тілдік-стильдік тәсілдердің қызметі	23
2.2 Көріктеу құралдарының кейіпкер бейнесін берудегі қызметі	37
3 Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары шығармаларындағы кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі	
3.1 «Қамар сұлу» романындағы кейіпкер этномәдениеті мен танымы.....	53
3.2 «Байлық – кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі	62
ҚОРЫТЫНДЫ	76
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	78

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. «Көркем әдебиеттегі кейіпкерлер тілі» деген тақырып соңғы жылдарда қазақ тіл білімінде лингвостилистикалық тұрғыдан ғана қарастырылып, «өнер тілі» ретінде бағаланып келсе, бүгінде бұл тақырыптың актуалды мәселелерін танымдық лингвистика саласында қарастырудың қажеттігі туындап отыр. Көркем шығарма тілін танымдық тұрғыдан зерттеу арқылы «әлемнің тілдік бейнесін» жасаудағы тілдік тұлғаның концептуалды тұжырымдамасын көруге болады.

Тақырыптың өзектілігі. Қазақ тіл білімі антропоцентристік парадигма аясында тілді диалектика-динамикалық құбылыс ретінде қарастыру арқылы, оның айнала қоршаған ортамен ақиқат әлеммен әрі адамдық факторлармен сабақтастығын зерделеу мәселесі бүгінгі таңдағы қазақ лингвистикасының теориялық тұрғыда даму бағытымен қатар, әлемдік лингвистика деңгейіне теңесер тұғырын айқындауға мүмкіндік туғызуда. Қоғам мен ғылымның қазіргі уақыт сұранысына сәйкес дамуы лингвистика ғылымына өзіндік ықпал етіп, лингвистика ілімінде жаңа ғылыми бағыттар мен көптеген тоғыспалы ғылыми пәндер пайда болуда. Осыған орай, қазақ тіл білімінде тіл табиғатын адам болмысымен, оның ойлау жүйесі мен тұрмыстық өмірдегі қимыл-әрекетін ұштастыра зерттеу мәселесі арқылы, тіл мен таным ұғымдарына назар аударудың негізінде, шынайы өмір құбылыстарын қабылдау, оның көптеген қыр-сырын ой елегіне салып екшеу, соның нәтижесінде жинақталған ақпараттарды адам жадында сақталар қор ретінде жүйелеу мәселесі сайып келгенде тілдік бірліктердің табиғатына әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды анықтауға өзіндік септігін тигізеді. Осы аталған мәселенің мәнісіне терең бойлау үшін тіл-ұлт-таным контексіне байланысты сол тілді тұтынушы тіл иесі адамның тілтанымдық әлеміне баса назар аудару арқылы тілдің танымдық қызметін көруге болады.

Тіл білімінің когнитология ғылымымен тоғысуы когнитивтік лингвистика ғылымын дүниеге әкелгені мәлім. Мұнда тілді пәлсапалық, логикалық және танымдық қағидалармен өзара біртұтастықта қарастырып, адамның танымдық көкжиегінің тілдегі көрінісін зерделеу мәселесі өзекті тілдік мәселелер ретінде күн тәртібінен орын алуда. Адамзат баласы он сегіз мың әлемге қатысты құбылыстарды танып-түсінуге әрекет еткен әрбір этностың мыңжылдықтар бойындағы тәжірибесі бүгінгі таңда тіл білімінде «тіл-ұлт-таным», «тіл-мәдениет-этнос» үштіктері ұстанымдары негізінде зерттелуде. Тіл мен танымның, тіл мен адамның, тіл мен ойдың, тіл мен сананың, тіл мен мәдениеттің, тіл мен қоғамның бірлестіктерін, олардың өзара бір-бірімен байланысы заман озған сайын тіл мәселесі тек тілші мамандарға ғана емес, «адам-қоғам-табиғат» сабақтастығын қарастыратын барша мамандық иелеріне де үлкен ой салуда. Демек, тілдің жаратылысын, болмыс-бітімін, табиғатын, т.б. этнографиямен, философиямен, психологиямен, когнитологиямен, мәдениеттанумен ұштастыра зерттейтін тоғыспалы ғылыми пәндердің қалыптасуы заңды құбылыс. Сондықтан ұлт (этнос, халық) болмысы тілдік

танымдық әрекетпен, кеңістікпен, мәдениетпен, өркениетпен сабақтастықта қарастырылады. Өйткені халықтың өткен тарихы мен рухани-мәдени құндылықтарын бейнелейтін тіл жоғалған жағдайда этнос та өмір сүруін тоқтатады. Демек, тіл қарым-қатынас жасаудың құралы ғана емес, ол дүниетанудың механизмі және этностың бүтіндігін сақтаушы. Тіл – адамзаттың қоғамдық сипатын анықтайтын басты белгі. Адам баласының таным мен түйсігі, сана-сезімі, ақыл-ойы тілден тыс дүние емес. Лингвистика – ғылымындағы жаңа бағыттағы зерттеулер адам мен қоғам, тіл мен қоғам, тіл мен ұлт, тіл мен сана, тіл мен таным, т.б. секілді құбылыстарды өзара бірлікте қарастырады. Демек, адамды тілмен біртұтастықта зерттеу лингвистиканың жаңа бағытта дамуына ықпал етеді. Осы орайда кейінгі кездегі лингвистикалық зерттеулердің қарқынды түрде субъектіге қарай бет бұруы (яғни адамды тіл арқылы және керісінше тілді адам арқылы анықтау) – заңды құбылыс.

Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары шығармаларындағы кейіпкерлер тілдік ерекшелігі мен сөз қолданысы, эстетикалық таным деңгейіне сай символдық таңбалардың қалыптасуының өзіндік ерекшелігі де бар. Осы орайда, Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының тілдік ерекшеліктерін қарастырған зерттеулер болғанымен, олардың шығармаларындағы кейіпкердің тілдік ерекшелігін, ой-таным мен болмыс-бітімін салыстыра отырып, оны антропоцентристік аспектіде этностың танымдық дүниесімен тығыз байланыстыра зерттеу лингвистикада арнайы қарастырылмағаны белгілі. Осыған байланысты таным-мәдениет-тіл үштігінің ұстанымдары негізінде, кейіпкерлердің танымдық ерекшелігін тілдік фактілер арқылы ғылыми талдау тақырыптың **өзектілігін** танытады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің негізгі **мақсаты** – қазіргі антропоцентристік бағыттың ғылыми теориялық қағидаларына сәйкес Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары (С.Торайғыров, И.Байзақов) шығармаларындағы кейіпкердің дүниетаным мен болмысын, тілдік қолданысын этностың ұлттық танымымен байланысты тұжырымдау.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей **міндеттер** қойылды:

- тіл білімінде антропоцентристік парадигманың қалыптасуына шолу жасау;
- тіл мен мәденет сабақтастығын, «тіл мен ұлт біртұтас» қағидасын дәйектеу;
- Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары шығармаларындағы кейіпкерлер тілінің тілдік-танымдық деңгейін қарастыру;
- Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларындағы кейіпкер тілдік тұлғасын танытушы этномәдени лексика мазмұнын, қолданылу уәжі мен сипатын айқындауды антропоцентристік ұстаным негізінде жүргізу;
- Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларындағы кейіпкерлердің сөйлеу мәдениетіне тілдік тұлға тұрғысынан сипаттама беру;
- Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларындағы кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісін анықтау.

Зерттеу нысаны. Тіл біліміндегі антропоцентристік парадигмаға сәйкес Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларындағы кейіпкер тілдік тұлғасы.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. С.Торайғыров, И.Байзақов шығармалары.

Зерттеудің негізгі әдістері мен тәсілдері. Зерттеу жұмысының мақсаты мен тақырып ерекшелігіне байланысты сипаттама, салыстырмалы талдау мен жинақтау, концептілік талдау, жүйелеу және оны түсіндіру әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және практикалық мәні. Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелер мен тұжырымдар, талдау жасалған тілдік деректер қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттанымды өз деңгейінде толықтыруға үлес қосып, осы бағыттарда арнаулы курстарда талдау жүргізуге септігін тигізеді.

Зерттеу нәтижелерін Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларын тілдік тұрғыдан қарастырушылар, оның ішінде шығарманың композициясын құрайтын тұтастықтың бірі – кейіпкер тілі, «тілдік тұлға» мәселелеріне арналған жұмыстарға көмекші құрал ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар жоғары оқу орындарында тіл білімінің лингвостилистика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттаным, этнолингвистика салалары бойынша жүргізілетін дәрістерде, арнаулы курстарда және практикалық сабақтарда кеңінен пайдалануға болады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен нәтижелері:

- Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларындағы кейіпкер тілдік тұлғасының лингво-семантикалық және лингво-когнитивтік деңгейлерден тұратын біртұтас жүйесі қазіргі қазақ тіл ғылымындағы жаңа зерттеу бағыттарының ғылыми тұжырымдарына негізделді;

- Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушыларының шығармаларындағы кейіпкерлер тілі когнитивтік лингвистика аясында, мәдениет пен тіл сабақтастығында алғаш рет зерттеліп отыр, осыған байланысты кейіпкер тілдік тұлғасындағы дүниенің тілдік бейнесі танымдық (когнитивтік) тұрғыда талданады;

- әр халықтың мәдениетінің этнотанбалық белгісін тілі арқылы репрезентациялау бойынша *ұлт-мәдениет-тіл* сабақтастығы Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары шығармалары дискурсы арқылы уәждемделді;

- лингвомәдениеттану тұрғысынан алынған лексемалар өз бойына қоғамдық-әлеуметтік, тарихи құнды ақпарат жинаған мәдени код ретінде түсіндірілді.

Зерттеу жұмысы бойынша ұсынылатын тұжырымдар:

- Кейіпкер тілдік тұлғасы жиілік-ықтималдық лексикон түрінде жүйеленген, индивидуалданған(дараланған) білім қоймасы ретінде тұлғаның танымдық түсініктері негізінде жүйеленген;

- Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары шығармаларында кейіпкер тілдік тұлғасы өздеріне ғана тән ерекшеліктерімен көрінеді;

- Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары шығармаларындағы кейіпкер тілдік тұлғасын қазіргі заманғы ғылыми парадигмалар аясында қарастыру когнитивтік лингвистика саласын дамыта түседі;
- Көркем әдебиетте, әдетте ақындар сұлу қызды суреттеуге бар шеберліктерін жұмсаса, Сұлтанмахмұт елден ерек әдемілікке қарама-қарсы сиықсыздық, ұсқынсыздықты сипаттауда шеберлігін танытты. Өмір бірыңғай әдеміліктен ғана тұрмайтынын, әйел затының да ауыспалы мағынадағы «сұлулары» болатынын дәлелдеп кетті.
- «Бай» және «кедей», «байлық» және «кедейлік» ұғымдары түркі халықтарында ежелгі заманнан белгілі екеніне қарамастан, С.Торайғыров, И.Байзақов шығармаларында бұл ұғымдардың өзіндік ерекшеліктері бар.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы: Зерттеу жұмысы «Сәтбаев оқулары», «Капенов оқулары» атты ғылыми-практикалық конференциялар жинағында, «ИнЕУ хабаршысы» ғылыми журналында жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ТІЛ БІЛІМІНДЕ АНТРОПОЦЕНТРИСТІК ПАРАДИГМАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Адамзат тіршілігіне тыныс беретін басты тетік болып табылатын тілдің танымдық табиғатына, сөз мағынасының ішкі нәзік иірімдеріне зер салу арқылы ұлттық болмысты концепт арқылы көрсету, тіл мен танымның бірлестігін адамның қабылдау, пайымдау, ойлау, т.б. танымдық әрекеттерімен өзара сабақтастықта қарау арқылы таным процесінің динамикалық табиғатымен үйлестіру арқылы, барша адамзаттық ортақ ұстанымдарға қол жеткізу қазақ тілінің өрісін кеңейтуге деген талпыныстан туғандығы аян. Жер жаһандағы жаңа мыңжылдықтың басындағы қоғамдық формациялардағы туындаған өзгерістер (өркениеттердің тоғысуы мен жаһандану құбылысы) тек қоғам дамуына ғана өзгерістер алып келген жоқ. Бұл процестер ғылымға да біршама өзгерістерді де ала келді. Соның ішінде адам мен қоғамға тікелей байланысты гуманитарлық ғылымдардың аясындағы тіл білімінде, антропоцентристік бағыт басты басымдықты өз қолына алды. Антропоцентристік парадигма тілді зерттеуді бұрынғы структуралық бағыттан бөлек жаңаша әдіс-тәсілдер мен жаңа талаптарды заман ыңғайына сәйкес алға қойып отыр. Тіл біліміндегі антропоцентристік бағытың тілді зерттеудегі басты әдісі –тілді адам болмысымен өзара бірлікте қарастыруды мақсат етеді. Адамзат қоғамындағы барша құбылыстар адамның өмірлік тәжірибесі мен рухани құндылықтары тұрғысынан қарастырылуда. Ғылымдағы мұндай жағдай сонау көне заман философиясынан бастап, бүгінгі таңдағы философиялық пайымдаулардан да айқын көрінетіні заңды құбылыс. Қай заманда да, қандай да бір қоғамдық формация да болмасын ғылым, техника, өнер, білім – баршасы бірігіп келгенде, адам болмысын тануды мақсат етеді. Тіршіліктегі әралуан әрекеттер мен құбылыстардың жүзеге асуы тікелей адам болмысымен немесе оның ерекше интеллектуалдық қасиеттерімен тікелей байланысты. Айналып келгенде ғылым, техника, өнер мен білім адам жасампаздығынан туса, әрі сол жасампаздық адамды, адам мүмкіндігін тану қажеттігінен туған идеялар. Антропоцентризм терминінің мазмұны грекше «anthropos» – «адам», ал «centrum» латын сөзі – «орталық» дегенді білдіреді. Яғни, адам болмысын табиғат әлеміндегі өзге де болмыстарға қарсы қоя отырып, адамды ғаламның кіндігі (орталығы) ретінде қарастыратын, өмірдегі болып жатқан құбылыстардың себепшісі ретінде адам факторымен байланыстыратын ғылыми бағыт ретінде қарастыру ісі кеңінен қанат жаюда. Антропоцентристік парадигма өз бастауын Батыс Еуропадан В. фон. Гумбольдттың лингвофилософиялық концепцияларынан алып, кейіннен көптеген лингвистерден үлкен қолдау тауып кең қанат жайды. Бүгінгі таңда антропоцентристік парадигма өте қарқынды түрде зерттелу үстінде. Антропоцентристік парадигма негізінен «тіл-қоғам-адам», «тіл-мәдениет-өркениет», «тіл-ұлт-мәдениет» деген үштіктердің негізінде зерттеу бағыттары жүргізіліп жатыр. Жалпы «антропоцентристік», «антропоцентризм», «антропологиялық парадигма», «антропоэзектілік» деген терминді осы бағытты зерттеуші ғалымдар екі түрлі қолданады. Олардың кейбіреуі «антропоцентризм» дегенді «этнолингвистика» деген термин мен ауыстырып

та, қолданатын кездері бар. Ал, кейбіреуі сол қалпында «антропоцентризм» терминін қолданады. Алайда антропоцентристік парадигманың аясы өте үлкен ғылым саласы. Яғни оның үлкен салаларының бірі этнолингвистика деп аталады. Демек, бұл жерде терминнің тұрақтылығын сақтай отыра, этнолингвистиканың өзі антропоцентризмнің бір саласы, оның аясы антропоцентризмге қарағанда тарлау болатындықтан, антропоцентризм деп қолдану орынды. Адам табиғатын танумен қоғамдық өмірдегі әр алуан ғылым салалары айналысады. Әр ғылым саласы адам болмысын тануда өзіндік объектілері мен ғылыми пәндерінің аясында қарастырады. Тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма (лингвистика) адам мен тілдің байланысын, адам тілімен адам екендігін, адамзат тіліндегі ұлттық-мәдени-танымдық ерекшелікті басты объектілерінің біріне жатқызады. Тіл мен мәдениеттің, тіл мен танымның бірлігін сабақтастықта қарастыру идеясы XVIII–XIX ғғ. ғалымдар еңбектерінен орын алып, қазіргі таңда қоғамдық факторлардың негізінде тілді антропоцентристік парадигма аясында зерттеу бағытымен жалғасты XXI ғасырда тіл табиғатына деген көзқарас жаңаша сипат ала бастады. Өткен XX ғасырдағы тілді өз ішінде қарастыру мәселесі жеткіліксіз болып, жаңа сатыға теориялық-танымдық әдістеме көтерілді. Онда негізінен тілді ой-санамен, мәдениетпен, адамның қарапайым тұрмыстық өмірімен бірлестікте қарау қажеттігі туындады. Жаңа ғасыр тудырған аталған қажеттілік лингвистикада жаңа ғылыми бағыт –антропоцентристік парадигманың қалыптасуына ықпал етті. Бұл бағыт тілді зерттеуде адаммен байланысын алдыңғы қатарға шығарды. Онда негізінен «адам болмысын тіл арқылы немесе керісінше тілді адам арқылы анықтау» атты анықтама басшылыққа алынады. Қазіргі заман лингвистикасында тіл екі парадигманың негізінде зерттеліп келеді. Оның біріншісі – структурацентристік парадигма да, ал екіншісі –антропоцентристік парадигма. Жалпы тіл білімінде және жекелеген тілдерді зерттеуде антропоцентристік парадигма бүгінгі таңда басымдыққа ие болып отыр. Лингвистика ғылымында антропоцентристік парадигма ең алдымен, тілді тұтынушы адамды әрі тілдің шынайы иесі – этносты, ұлтты, халықты алдыңғы қатарға қояды. Структурацентристік зерттеулерде тілдің ішкі құрылымына басты назар аударылып келген. Алайда структурацентристік парадигманың тіл біліміндегі жеткен жетістіктерін жоққа шығармаймыз. Алғашқыда структурацентристік парадигма белең алып, кейіннен антропоцентризмнің өріс алуы – қоғам мен адамзаттың дамуынан, уақыт сұранысынан туған мәселелер. Сондықтан тіл білімінде структура центризмнің жетіспейтін жағын антропоцентризм өз тарапынан толықтырып отырады.

Қазақ тіл білімі – өзіндік тамыры терең, қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқан, үздіксіз даму үстіндегі ғылым саласы. Ғылым үздіксіз дамып, толығып отыратын күрделі үрдіс болғандықтан, қазақ тіл білімінің әлі де түпкілікті зерттеуді қажет ететін салалары мен түйіткілді мәселелері баршылық. Қазақ тіліндегі антропоцентризм бағыты мен соның ішіндегі когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттаным мәселелерін қарастыру шешімін іздеп жүрген салалардың бірі. Қазақ тіл біліміне антропоцентризм бағыты кешеуілдеп келген. Әйтсе де бүгінгі күні бұл саланың бағыты біршама

калыптасып өз арнасын айқындап алды. Қазақ лингвистикасында антропоцентристік бағыттың алғашқы нышандары қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалымдар А.Байтұрсынұлы [1], Қ.Жұбанов [2], С.Аманжолов [3], І.Кенесбаев [4] еңбектерінде өз алдына жеке мәселе болып қарастырылмағанымен, тіл мен ойлау, тіл онтологиясы, тіл мен ойлау арасындағы сабақтастық мәселесіне қатысты сөз болды. Қазақ тіл біліміндегі антропоцентризм бағытындағы кейбір лингвистикалық концепт тәрізді терминдер мен ұғымдар антропоцентризм аясындағы лингвомәдениеттаным, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, т.б. ғылым салаларында қарастырылып жүр. XX ғасырдың соңғы ширегі мен XXI ғасырдың алғашқы жылдарында антропоцентризм бағыты қазақ тіл біліміне лингвомәдениеттаным, когнитивтік лингвистика, социоллингвистика, психоллингвистика, паралингвистика, этнолингвистика, т.б. тәрізді бірнеше ғылыми пәндердің қалыптасуына негіз болды.

Антропоцентристік парадигма аясында туындаған күрделі тоғыспалы пәндердің бірі – когнитивтік лингвистика екендігін айттық. Соңғы уақытта шыққан қазақ тіл білімі мен жалпы тіл біліміне қатысты терминдердің басын біріктірген үлкен еңбектердің бірі профессор Ғ.Қалиевтің: «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» адам танымын, танымдық механизмдерін, тіл мен танымның бірлестігін зерттейтін когнитивтік лингвистика ғылымына мынадай анықтама беріледі. Когнитивтік тіл білімі орыс. – когнитивная лингвистика (лат. *cognitio* білім, түсінік) – табиғи тілді сана әрекетінің көрінісі, ойдың тікелей шындығы ретінде зерттейтін тіл білімінің саласы. Когнитивтік тіл білімі табиғи тілдің игерілу, қолданылу механизмімен түсіндіруді және соған лайық оның моделін жасауды мақсат етеді. Ол үшін ниет, ес, еске сақтау, түсінік, жоспарлау, басқару сияқты сөйлеуге қатысты тілдік, психологиялық, физиологиялық, т.б. ақпараттардың басын біріктіретін когнитивтік категориялар пайдаланылады. Когнитивтік тіл білімі тілдің көмегімен ақпараттың берілу, сақталу тәсілдері мен құрылымы жайында түсінікті кеңейтеді және машиналық аударма, ақпараттық-ізденіс, есептеу жүйесімен т.б. байланысты бірқатар қолданбалы міндеттерді шешуге мүмкіндік береді [5,154] –деген түсіндірмесінен когнитивтік лингвистика ғылымы тек лингвистика мен когнитология ғылымының байланысынан ғана емес, логика, философия, психология, физиология секілді күрделі ғылым салаларымен тығыз байланысты. Ғылым әлеміндегі «когнитивті лингвистика» деген термин 80-ші жылдары М.Бирвиштің еңбегінде көрсетіледі. Соның ішінде лингвокогнитологиялық зерттеулердегі тілдік құбылыстарды когнитивтік тұрғыдан зерттеудің нақты қолға алынуы 60-70 жылдары америкалық Хомский, Лакофф, Коок т.б. ғалымдардың еңбектерінде ерекше орын алады. Ал когнитивтік лингвистиканың туындауы жоғарыда атап өткендей бастау көзімен туындауы антропоцентристік парадигма аясындағы В. Фон Гумбольдттің лингвистикалық философияға қатысты зерттеулерінен бастау алады. Тіл біліміндегі когнитивтік лингвистиканың арнайы зерттеу нысанына айналуы әлемдік тіл білімі бойынша соңғы жылдары қарастырыла бастады. Когнитивтік лингвистика когнитология мен лингвистиканың өзара тоғысуынан туындаған

тоғыспалы пән. Мұндағы «когнитология» адамның таным әлемін қарастыратын ғылым саласы. Ғылымда танымдық әрекетті зерттейтін «когнитология» ғылымын «гнесеологиямен» де байланысты қарастырылады. «Когнитив» терминінің қазақша баламасы «таным» деп қолданылып жүр. Ол – бүгінгі күні ғылыми айналымда жүрген танымдық тіл білімінің термині. Танымның негізгі мақсаты – ғаламдағы құбылыстардың ішкі және сыртқы табиғатын адам санасы мен таным білігі жеткенше жетік меңгеру, соны суреттеу және оның қорытындысы ретінде адам баласы іс-әрекеттерінде, көрген, білген, түйсінген, таныған дүниесін өмірде өз қажетіне жарату. Осындағы танымдық әрекетті концептінің көмегімен (көрген, білгенін концептілік талдау негізінде) адам баласы өз игілігіне жарата отырып, тілдің негізінде дүниенің қарабайыр бейнесінен бастап, дүниенің концептуалды бейнесі аралығындағы ақпаратпен танысу мүмкіндігіне ие болады. Танымдық әрекетпен айналысушы ғалымдардың пікірінше, әлемдік тіл білімінде ғалам бейнесін когнитивтік тәсілдердің көмегімен зерттеудің мүмкіндігі мол екендігі айтылады. Жалпы ғылымда когнитив, когнитология, когнитивизм, когнитологиялық талдау, когнитивтік әдіс, лингвокогнитивтік талдау атты ұғымдардың туындауы когнитивтік лингвистикамен тікелей байланысты. Яғни бұл аталған терминдер бірлігі түсіну, түсінісу, қабылдау (перцепция), еске түсіру, ойлау, шешім шығару секілді адамның танымдық жүйесімен тікелей байланысты білімді (ақпаратты) алу, жүйелеу, мазмұндау, жадта сақтау, қорыту секілді әрекеттерімен байланысты болып келеді. Когнитология ғылымы өткен ғасырдың 50-жылдарында ғана ғылыми бағыт ретінде қалыптасқанына қарамастан, бүгінгі таңда өте қарқынды түрде зерттеліп келе жатқан ғылым саласы. Когнитивтік лингвистиканың дамуымен байланысты анықталып алуға тиіс бірнеше ұғым немесе мәселелер бар. Оларға негізінен – концепт, концепт құрылымы (фрейм, сценарий, гештальт, тілдік және когнитивтік модель, т.б.) және тілдің танымдық қызметіне қатысты «ғаламның тілдік бейнесі» (языковая картина мира) секілді бірліктер жатады. Жалпы адамзат баласына тән тілтанымдық әмбебап бірліктерді когнитивтік лингвистика қарастырады.

Когнитивтік лингвистика ғылымына қатысты ғылыми-зерттеулердің қарқынды түрде жүргізілуі, бұл ғылымды пән деңгейіне көтерді. Бұл күндері когнитивтік лингвистика ғылымының зерттелу тарихы ұзақ мерзімді хронологиялық жылнаманы алмаса да, әлемнің көптеген елдерінде тіл білімінің бір саласы, өз алдына жеке пән ретінде оқытылу үстінде. Ресейлік тіл білімінде когнитивтік лингвистика ғылымына қатысты зерттеулерді жүйелеп, «когнитивтік лингвистика» атты оқулықты дүниеге әкелген, жалпы тіл біліміндегі антропоцентристік парадигмаға қатысты көптеген жүйелі зерттеулердің авторы В.А.Маслова когнитивтік лингвистика ғылымының ерекшелігі мен тіл біліміндегі орны туралы мынадай тұжырым жасайды. «Когнитивная лингвистика дополняет анализ языка анализом речи, различных контекстов употребление соответствующих лексем, зафиксированных в текстах суждений о концепте, его определений в разных словарях и справочниках, анализом фразеологии, пословиц, поговорок, афоризмов, в которых концепт репрезентирован» [6,25]. Яғни, когнитивтік лингвистика ғылымы – тілдің

танымдық қасиетінің көзге көрінетін және көрінбейтін ішкі иірімдерін тереңнен қарастыруға мүмкіндік береді. Тілдің танымдық қасиетін тіл табиғатынан, тіл болмысынан, тілдік бірліктердің астарынан көруге болады. Мәселен қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, канатты сөздер, дисфемизмдер, табу сөздер, т.б. тілдік бірліктердің лексика-семантикалық мазмұнының астарында қазақ халқының сан ғасырлық дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесіне қатысты танымдық ақпараттар берілген. Аталған тілдік бірліктерге концептілік талдау жасау арқылы, адам баласының дүниетанымдық әлеміндегі ақпараттармен танысуға мүмкіндік алады.

Когнитивтік лингвистика ғылымының зерттелу барысында батыс еуропалық ғалымдардың зерттеулері көптеген жаңа ғылыми бағыттарды қалыптастырды. Ал, когнитивтік лингвистика ғылымына «Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде» – ... адамзат тілін жалпы хабарды ұсынуға, оны бір күйден екінші күйге ауыстыруға мүмкіндік беретін таңбалар жүйесі, таным механизмі әрі құралы ретінде қарастырылатын лингвистика саласы – деген анықтама берілсе, таным дегеніміз – дүниені, өмірді танып-білу қабілеттілігі болып табылады. Бүгінгі күні бұл лингвистикалық бағыттың, яғни когнитивтік лингвистиканың өзіндік ұғым-бірліктері, ұстанымдары, ғылыми-теориялық негіздері қалыптасып дамыған сала болып табылады. Бастапқыда «когнитивті» деген терминнің өзі бір жүйеге түспеген, ұғымдық бірліктері жүйеленбеген мәселе ретінде қабылданып келгенмен, бүгінгі таңда когнитивтік лингвистикаға қатысты пікірлер мен көзқарастар жүйесі қалыптасып бекіген. Алайда кейбір зерттеушілер танымдық аспектілердің тіл білімін жаңа ғылыми деректермен толықтырғанын мойындағанмен, бұл бағыттың лингвистикаға соны үрдістер мен әдістер жүйесін әкелмегенін әрі когнитивтік лингвистиканың орнықтағанын, ең алдымен, когнитивтік емес лингвистиканың жоғымен түсіндіруге болатындығын ескертеді. Дегенмен де басқа бір топтағы ғалымдар құрылымдық тіл білімін танымдық лингвистикаға қарсы қоя отырып, когнитивтік бағытты XX ғасырдың аяғында дүниеге келген «көтеріліс», «бетбұрыс» деп түсіндірді (В.Б.Касевич, 1998; П.Б.Паршин, 1996). Нәтижесінде тілшілер когнитивтік лингвистиканы пәнаралық байланыстың көрсеткіші, тілдік ілімдер тоғысы деп бағалады. Сөйтіп, жалпы ғылыми дереккөздер негізінде когнитивтік ғылымды немесе когнитологияны, когнитивтік психологияны, мәдениеттануды қарастырса, лингвотанымды дамытушы алғышарттарға лингвистикалық семантика, лингвистикалық типология, этнолингвистика, нейролингвистика, психолингвистика, салыстырмалы-тарихи тіл білімі мәселелерін жатқызды [6].

1.1 Қазақ тіл біліміндегі танымдық бағыт

Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистика мәселелері XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында нақты лингвокогнитивтік нысаналары белгіленіп арнайы зерттеле бастады. Ал оғанға дейінгі жалпы теориялық мәселелері қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов секілді ғалымдардың еңбектерінде арнайы сөз болмағанымен

тілдің танымдық қасиеті мен адамға қатысы туралы ой ұшқындарының орын алғандығын көруге болады. Жоғарыда аталған қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдардың еңбектерін кезең-кезеңге бөліп, тілтанымдық тұрғыда арнайы зерттеген Э.Оразалиева былайша талдап көрсетеді: «А.Байтұрсынұлының сөз өнері туралы айтқан пікірлерінің тоғысында тілтану мәселелері когнитивтік лингвистикалық негізде қарастырылады. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» еңбегінде тіл, сөз ұғымдарына логикалық-танымдық тұрғыдан келгені байқалады. Ақыл ісі, қиял ісі, көңіл ісі деген философиялық, психологиялық категорияларды басшылыққа ала отырып, тілді адаммен бірге, антропологиялық парадигмада алып қарайды. Тілдің шын мәніндегі «кұрал» болу қасиетін «ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығаруда» деп көрсетуін таза лингвистикалық тұрғыдан берілген анықтама деп түсінуге болмайды. «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі» дей келіп, тілді анықтауда таным теориясының теориялық және эмпирикалық таным деңгейлеріне ерекше мән береді. Тілді зерттеуде ғалым тіл мен сөйлеу ұғымдарының дихотомиясын, олардың ойлаумен қатысын басшылыққа алған. «...Айырыңқы, яки талдама оңтай – нәрсені бұтарлап, мүшелеп, ұсақтай түсіндіргенде қолданылатын оңтай», «жиылыңқы, яки терме оңтай –нәрсенің мүшесін жинастыра, құрастыра, іріктей түсіндіргенде қолданылатын оңтай» деп, логикалық ойлаудың әдістерінің сөйлеуге әсерін, сөйлеудің логикалық мазмұнын басты назарға алған. Сонымен қатар, «сөз айтудың» ерекшелігін пайымдауда да зейін, пайым, пікір, ақыл, қиял мен қиыс т.б. психологиялық ұғымдарды басшылыққа ала отырып, сөйлеудің психолингвистикалық мәніне көңіл бөледі. А.Байтұрсынұлының тіл туралы пайымдаулары қазақ тіл білімінің когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттаным, қазақ көркем сөз мәдениеті мен поэтикасы т.б. арналарын құрайды деп айта аламыз. Сайып келгенде, ғалымның тұжырымдары антропологиялық лингвистиканың негізіне алынады [7]. Қазақ тіл білімінің теориялық тұрғыдан өрістеп дамуы Қ.Жұбановтың зерттеулерімен тығыз байланысты. Жалпы ғалымның зерттеулеріннен тілдің адамға қатысы туралы мәселелерді мынадай пікірлерінен кездестіруге болады. Ол: «сөз деген – зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің өзінің білген затының, білген құбылысының аты ғана. Ел-елдің білгені де, білмегені де толып жатыр. Мәселен, шөптер мен жәндіктердің көбісінің аты тілімізде жоқ. Өйткені олар бізге аса көп кездеспеген, кездестірсек те елемегенбіз... Айталық, шөптердің ішінде мал жейтіндерін, отын болатынын, бояу болатынын, ем болатынын, не у болатындарын біледі де, соларға ғана ат қояды. Танымаған кісінің атын білмегеніміз сияқты, білмеген нәрсенің аты да тілімізде болмайды» деп сөздің атауыштық, танымдық және қатысымдық қасиеттеріне құндылық бағдары тұрғысынан нақты лингвогносеологиялық анықтама береді [8]. Э.Оразалиеваның зерттеулерінде жалпы қазақ когнитивтік лингвистикасының қалыптасуы мен дамуын тұтастықта ала отырып, оның диахрондық және синхрондық сипатына талдау жасап, хронологиялық тұрғыдан арнайы көрсеткіші ғылыми тұрғыда беріледі. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік

теорияның дамуы, тілтаным теориясының әдіснамалық негіздері, тіл біліміндегі таным теориясының универсалды сипаты бағытындағы жүйелі талдаулар мен тұжырымдар ғалым зерттеуінде теориялық тұрғыдан талданады. Ғалымның зерделеуінде, қазақ тілтаным ғылымының даму кезеңдері негізгі бес парадигмаға бөлініп, оның хронологиялық дамуына сипаттама беріледі: 1-кезең: «тілтану» парадигмасының қалыптасуы – XX ғасырдың 20-45 жж. Негізгі өкілдері: А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов т.б. 2-кезең: тілдік бірліктердің танымдық парадигмасы – XX ғасырдың 45-70 жж. Негізгі өкілдері: Н.Сауранбаев, Ғ.Мұсабаев, М. Балақаев, І.Кеңесбаев т.б. 3-кезең: тілтанымдық қағидалардың жалпы теориялық парадигмасы – XX ғасырдың 65-85 жж. Негізгі өкілдері: К.Аханов, Т.Қордабаев, Ә.Хасенов т.б. 4-кезең: тілтанымдық этюдтер парадигмасы – XX ғасырдың 70 жылдары мен аяқ шені; Негізгі өкілдері: Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ш.Сарыбаев, Ә.Болғанбаев, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақ, С.Исаев, Ә.Айтбаев, М.Серғалиев, Ж.Манкеева т.б. 5-кезең: қазіргі когнитивтік парадигмалар – XX ғасырдың аяғы мен бүгінгі күндер [9, 17]. Сонымен қатар зерттеуші соңғы кезде өріс алып, зерттеу нысанына айнала бастаған когнитологияның мынадай мәселелерін көрсетеді:

- тілтаным теориясының концептологиялық негізі;
- семантика мен таным теорияларының байланысы;
- тіл мен таным одағының лингво-мәдени сипаты [9,127].

Когнитивтік лингвистиканың жеке ғылым саласы ретінде танылуы пән ретінде қалыптасуы үшін оның негізгі ұғымдары, өзіне тән негізі категориялары мен бірліктері болуы шарт. Қазақ когнитивтік лингвистикасының мәселелерімен айналысып жүрген белгілі ғалым Ж.Манкеева тілдің когнитивтік негіздеріне қатысты мынадай негізгі үш ұстанымды ерекше атап көрсетеді:

1. Қоғамдық тәжірибеге негізделу, яғни дәстүр жалғастығы танымның қазыналық сипаты

2. Таным модельдерінің символдық түрлері, яғни тілдің қызметі -ақпарат беру емес, бейнелеуге мүмкіндік жасау. Осыған қатысты мына пікірдің мәні ерекше: «Лексема, вопреки принятому мнению, не переедет информацией как таковой, она лишь актуализирует, возбуждает в сознании слушающего уже имеющиеся у него лексические понятия и тем самым создает базу для передачи информации». Басқаша айтқанда – тіл арқылы бейнелілік пен дүниедегі объективті шындықты субъективті түрде, яғни символдар арқылы беру.

3. Таным модельдерінің жүйелі сипаты, сабақтастығы. Яғни ол-таным моделінің құрылымдарының тұтасуынан тұратынын сипаттайды. Байқап отырғанымыздай, жоғарыда көрсетілген тіл қызметінің когнитивтік негіздерін айқындайтын үш сипатының да ортақ қасиеті-тұтастырушылық, тұтас күйдегі таным тудыру. Сондықтан осы қасиеттерге сүйенбей, адамның ментальдық қызметі мен тәжірибесінің қалыптасуы мен сақталуын, ұрпақтан ұрпаққа берілуін қамтамасыз ету мүмкін емес. Таза тілдік тұрғыдан ол тілдің кумулятивтік қызметімен тікелей байланысты. Ол өз кезегінде қабылдау, ойлау, жад сияқты психологиялық ұғымдармен тығыз байланыста болып, тұтас күйіндегі когнитивтік парадигма құрайды – деген тұжырымдама жасайды [10, 41].

Адам баласы дүниені біртұтас тануға ұмтылған бүгінгі заманның таным бағыты өзіне сай ғылым парадигманы талап етті. Сонымен антропоцентризмнің тіл біліміндегі басымдығына байланысты психоллингвист-ғалым А. Леонтьевтің пікірінше: «70-80-жылдарға «таза» тіл білімі, оның жүйелі-құрылымдық парадигмасы сахнадан түсті» дегенді айтады. Қазақ тіл білімінде антропоцентристік бағыттағы ғылым саласының бір бұтағы – этнолингвистика болып табылады. Бұл ғылым саласының қазақ тіл біліміндегі іргесін қалаушы ғалым, академик Ә. Қайдардың да негізгі көзқарасы «тіл халықтың өзін қалыптастырады» (Ф. де Соссюр), «тіл мен ұлт біртұтас» т.с.с. тұжырымдармен өзара сәйкес келеді. Ғалымның этнолингвистика саласының алдына қойып, анықтап отырған мәселесі де-этносты танудың жеке бір жағы емес, оны кешенді түрде тұтас тану. Демек, ол – этностың тұтас бейнесін, ішкі-сыртқы тұрпаты мен болмысын анықтау. Ал оған қажет этнос туралы, толық мағлұмат тек оның тілдік қазынасында ғана сақталады. Осыған байланысты ғалымның этнолингвистикаға қатысты қалыптастырған бірнеше негізгі ұғымдарын атап өтуге болады. Олар этностың тұтас бейнесін анықтаумен байланысты этностың сонау балаң кезеңінен бастап бүгінгі ұлттық дәрежеге дейінгі басынан өткерген өмір-тіршілігінің айнасы, тілі мен жады арқылы сақталған рухани-мәдени қазынасын анықтауды мақсат етумен байланысты қолданылған-этностың болмыс және «тіл әлемі» ұғымдары. Тіл мен ой немесе таным, тіл мен ұлт т.б. мәселелер, айналып келгенде, ұлтты, ұлттың танымын өзінің терең құрылымдары арқылы тілдің табиғатын анықтауға байланысты қазіргі тіл білімінде жаңа бағыттардың айқындалып, қалыптасып, дамып келе жатқанын көруге болады. Оның көріністерін қазақ тіл білімінің даму күйінен де, соңғы жылдардағы антропоцентристік бағыттағы зерттеулерден де көруге болады.

Жалпы тіл біліміндегі ғылымдар арасындағы интеграция процесінің негізінде туындаған когнитивті лингвистика ғылымы соңғы жылдары (өткен ғасырдың 90 жылдарынан бастап) қазақ тіл білімін зерттеуші ғалымдардың да назарын өзіне аударуда. Бұл сала бойынша қазақ тіл білімінде соңғы жылдары когнитивтік лингвистика мәселелеріне ерекше көңіл бөліп зерттеу нысанына айналдырған Р.Сыздық, Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Г.Гиздатов, Н.Уәли, Қ.Жаманбаева, Ж.Манкеева, Ә.Сүлейменова, Г.Смағұлова, Б.Момынова, А.Салқынбай, Г.Сағидолда, Ә.Оразалиева, Б.Ақбердиева, К.Күркебаев, Г.Снасапова, Ф.Қожахметова, Н.Айтова, А.Әмірбековалар секілді аға буын, орта буын жас буын мөлшерін құрайтын зерттеушілер бұл мәселені лексикология, этнолингвистика, когнитология, лингвомәдениеттану салалары тұрғысынан қарастырып зерттеу үстінде. Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистикаға қатысты зерттеулер соңғы он жылдықта ғана қолға алына бастады. Академик Ә.Қайдардың этнолингвистика саласына қатысты ойлары қазақ тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттардың қалыптасуына негіз болды[11]. Дәлірек айтсақ когнитивтік бағыттағы зерттеуде Г.Гиздатовтың еңбегін атап өтуге болады. Зерттеушінің «Сөйлеу қызметіндегі когнитивтік модельдер: типологиясы мен динамикасы» атты докторлық диссертациясы осы бағыттағы қазақ тіліндегі алғашқы зерттеу болып табылады. Ғалымның зерттеу жұмысында адам санасындағы білімнің көріну деңгейі, берілу тәсілдері,

құрылымы мен динамикасы қарастырылған. Когнитивтік модельдер универсумдар ретінде қарастырылады. Және осы бағыттағы іргелі еңбектердің бірі ретінде Қ.Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері» атты монографиясын жатқызуға болады[12]. Бұл еңбекте зерттеуші тілдік сананың құрылымын анықтап, гештальт теориясының негізін жан жақты ашып көрсетеді.

Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика ғылымның қалыптасуына негіз болған аталмыш еңбектер тіл қолданысындағы когнитивтік негіздердің зерттелуіне айтарлықтай өз үлесін қосу үстінде. Когнитивтік құрылымның концептуалды көрінісі, күрделі жүйе тудыру ерекшеліктері де бүгінгі күні жан жақты қарастырылуда. Жоғарыда сөз етіп көрсеткеніміздей, профессор Ж.Манкеева «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты ғылыми мақаласында, одан кейін жарыққа шыққан «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты ғылыми еңбектерінде когнитивтік лингвистикадағы тілдің бейнелеушілік қызметінің зор екендігін атап көрсете келе, негізгі үш ұстанымдарын айқындап береді[13]. Сол секілді ғалым Б. Момынова Қазақ тіліндегі қоғамдық саяси лексика (әлеуметтік-бағалауыштық, сөзжасам)» атты еңбегінде когнитивтік бірліктердің көріністену (репрезентациялану) ерекшеліктеріне тоқталып, бағалауыштық сипатын қарастырса[14], профессор А.Ислам өз мақалаларындағы когнитивтік лингвистикадағы «тілдік тұлға» мәселесін көтереді[15]. Г.Әзімжанова көркем мәтіндегі доминант сөздердің когнитивтік ерекшеліктерін қарастыруда[16]. С.И.Жапақовтың диссертациялық жұмысында эпикалық фразеологизмдердегі ақиқат пен бейақиқат, дүние фрагменттерінің тілдік бейнесі мен когнитивтік лингвистиканың басқада мәселелері туралы сөз етеді[17]. С.Ақаев «Сөздің когнитологиялық сипаттары» атты мақаласында когнитологиялық талдаудың тәсілдеріне тоқталып, ойлау ой түю, қабылдау, қорыту сияқты абстрактілік құбылыстарды зерттеу әдісі ретінде қарастыру жайлы мәселені көтереді[18].

Сонымен қатар бірқатар зерттеушілер Г.Снасапова, Ш.Елемесова, А.Әмірбекова, С.А.Жиреновтар көркем мәтінге концептуалдық талдау жасаудың үлгілерін ұсынады. Ал А.Сыбанбаева, Н.Зайсанбаевалар метафораның танымдық сипаты туралы пікірлерін ортаға сала отырып, ғылыми жұмыстарын осы бағытқа арнайды. Жеке авторлардың шығармалары бойынша когнитивтік зерттеулер жүргізу де қазіргі кезде кең қарастырыла бастады. Ж.Б.Сәткенованың «Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б.Соқпақбаев шығармалары бойынша)» тақырыбындағы зерттеуі жазушы шығармаларындағы бала танымын сипаттайтын концептілер, кейіпкер тілінің «әлемнің тілдік бейнесін» жасаудағы когнитивтік мәнін, жазушының көркемдік эстетикалық танымын бейнелейтін шеберлік қырларын анықтауға арналған.

Тілдің когнитивтік қырларын ұстана отырып, Б.Соқпақбаев шығармаларындағы кейіпкер тілінің аксиологиялық моделін, тілдік-танымдық деңгейін, «әлемнің тілдік бейнесін» жасаудағы сентенция құбылысының ерекшелігін, жазушының жеке қолтаңбасын танытатын тілдік оралымдарға терең талдау жасаған[19]. А.Б.Әмірбекова белгілі ақын М.Мақатаевтың поэтикалық шығармаларының тілтанымдық үрдістерін талдай келіп, ондағы

концептілік құрылымдардың көрінісі арқылы ақынның концепт таныту әдіс-тәсілдерін, когнитивтік модель құру жолдарын, дүние бейнесін тудыру шеберлігін, тұлғалық стилін, аялық білімін танытуға талпыныс жасалған. Ғалымның поэтикалық мәтінді талдау өрнектері көркем мәтіннің когнитивтік құрылымдарын тіл арқылы талдаудың үлгісі бола алады. Зерттеуші «тұлғаның ұғымды танытудағы когнитивтік ортасын, санадағы аффективті, эмоционалды адаптацияланған ментальді әрекеттерін танытатын» «когнитивтік стиль» ұғымын анықтай келіп, оны ақын шығармалары арқылы дәлелдейді[20]. Когнитивтік лингвистика ғылымының зерттелу барысында батыс еуропалық ғалымдардың зерттеулері көптеген жаңа ғылыми жолдарды қалыптастырды. Ал, когнитивтік лингвистика ғылымының негізгі ұғымдарына тоқталсақ ең алдымен когнитивтік лингвистика - «... адамзат тілін жалпы хабарды ұсынуға, оны бір күйден екінші күйге ауыстыруға мүмкіндік беретін таңбалар жүйесі, таным механизімі әрі құралы ретінде қарастырылатын лингвистика саласы» (Когнитивті терминдердің қысқаша сөздігі) – деген анықтама берілсе, таным дегеніміз – дүниені, өмірді танып-білу қабілеттілігі (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-т.) болып шығады. Бүгінгі күні бұл лингвистикалық бағыттың өзіндік ұғым-бірліктері, ұстанымдары, ғылыми-теориялық негіздері қалыптасып дамып отыр. Алғашында «когнитивті» деген терминнің өзі нақтыланбаған, ұғымдық бірліктері жүйеленбеген мәселе ретінде қабылданып келді, сондықтан когнитивті лингвистикаға қатысты пікірлер мен көзқарастар да біркелкі болған жоқ. Кейбір зерттеушілер танымдық аспектілердің тіл білімін жаңа деректермен толықтырғанын мойындағанмен, бұл бағыттың лингвистикаға соны үрдістер мен әдістер жүйесін әкелмегенін әрі когнитивтік лингвистиканың орнықтағанын, ең алдымен, когнитивтік емес лингвистиканың жоғымен түсіндіруге болатындығын ескертеді. Алайда, екінші топ ғалымдар құрылымдық тіл білімін танымдық лингвистикаға қарсы қоя отырып, когнитивтік бағытты XX ғасырдың аяғында дүниеге келген «көтеріліс», «бетбұрыс» деп түсіндірді (В.Б.Касевич, 1998; П.Б.Паршин, 1996). Нәтижесінде тілшілер когнитивтік лингвистиканы пәнаралық байланыстың көрсеткіші, тілдік ілімдер тоғысы деп бағалады. Сөйтіп, жалпы ғылыми дереккөздер негізінде когнитивтік ғылымды немесе когнитологияны, когнитивтік психологияны, мәдениеттануды қарастырса, лингвотанымды дамытушы алғышарттарға лингвистикалық семантика, лингвистикалық типология, этнолингвистика, нейролингвистика, психолингвистика, салыстырмалы-тарихи тіл білімі мәселелерін жатқызды[6]. Когнитивтік лингвистиканың қазақ тіліндегі теориялық негізі туралы айтқанда тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынас турасында сөз еткен Б.Момынова когнитивтік лингвистика жайында мынадай мәселелерді көтереді. Когнитивтік лингвистика – бірнеше пәндердің тоғысынан, сан түрлі салалар мен тармақтардың жан-жақты сараптама-анализінен, әр бағыттағы ізденістер мен олардың нәтижелерінен пайда болған жаңа парадигмалық бағыт. Когнитивтік лингвистика тіл біліміндегі жаңа бағыттардың бірі болғанымен, қазірдің өзінде өзіндік ұстанымдары мен ерекше саралау тәсілдері бар бірнеше бағдарлы салаларға ажырай бастады. Когнитивтік лингвистиканың жеке-дара дамуына негіз болған когнитивтік ғылым жеке

мектептерге бөлінеді. Ол мектептердің ішінде когнитивті психология, нейроғылыми бағыттар т.б. өз алдына жеке ғылым салаларына айналды. Когнитивті терминіне де әр ғылым саласының өкілдері зерттелу саласына лайықты анықтама беріп, әрқилы интерпретация жасауда. Когнитивтік бағыттағы зерттеулер танымды негіз етіп алады, себебі тіл – танымның ажырамас бөлшегі. Тіл когнитивтік тұрғыдан:

1. Тіл мен тілдік құрылым адам ақыл-ойының жемісі ретінде адам ақылының қалай жұмыс істейтінін, адамға қалай қызмет жасайтынын көрсетеді.

2. Қоғам мүшелерінің коммуникативтік құралы ретінде тіл белгілі бір мәдениеттің әртүрлі аспектілерін бейнелейді. Яғни тіл құрылымы екі маңызды фактордың нәтижесі болып табылады;

а) ішкі немесе жеке сөйлеушінің ақыл-ойы (санасы);

ә) сыртқы немесе сол тілде сөйлейтін өзгелерге де ортақ мәдени фактор.

3. Тіл – коммуникативтік құрал, соған орай тіл құрылымы тілдің коммуникативтік құрал қызметін атқаруға мүмкіндік беретін белгілі коммуникативтік функционалдық критерийлерді орындайды. Осы принциптерге сәйкес тіл когнитивтік білімнің бөлшегіне айналып, психология, антропология және философиямен байланысады. Когнитивті лингвистиканың құрамындағы «когнитивті» деген анықтауыштың мәнін бұл сөздің бүгінгі күнгі мағынасы мен қолданыс ауқымы белгілеп отыр. Танымдық ғылымның бастауы адам адам болған кезеңнен бастау алатындығы баршаға мәлім. Оның негізгі нысаны таным мен ақыл, ой мен сана, тіл мен адам, тіл мен таным мәселелері адам баласы дүниеге келгеннен бастап өмір сүріп келеді және бұл мәселе күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін жоғалтпағандығын көруге болады. Сонымен қатар алдағы уақытта да бұл мәселе өзінің маңыздылығын жоғалтпайтындығы заңды құбылыс болып табылады.

Ғылымдардың атасы саналатын философия тарихын зерттеген Аристотель, Платон, әл-Фараби еңбектерінде тілдің таным құралы бола алатындығы жөнінде пікірлер кездеседі. Бүгінгі таңда тілдік танымдық ғылымнан алатын орнының ауқымды екендігіне шетелдік, отандық ғалымдар, зерттеушілер назарын өзіне ерекше аудартып келеді. Когнитивтік лингвистика ғылымындағы негізгі бағыт тіл мен адам санасын, тіл мен танымдық жүйені біртұтас жүйе тұрғысынан қарастыру болып табылады. Ол сан ғасырлық тілдік білімді адам миының жемісі мен рухани құндылық ретінде бағалап, күрделі құрылым, жүйе ретінде кешенді сипаттауға бағытталған. Когнитивтік лингвистика когнитивтік жүйедегі лингвистикалық бағыт болғандықтан, тілдің танымдық сипатын тереңнен қарастыруға мүмкіндік жасайды.

Тілдің когнитивтік бейнесін тілдегі кез-келген тілдік бірліктердің мағыналық астарынан көруге болады. Мәселен қазақ тіліндегі мақал-мәтел, фразеологизм, қанатты сөздер қазақ халқының сан ғасырлық дүниетанымы негізінде туындаған тілдік бірліктер болып табылады. Адамның ішкі рухани жан әлемін (психикасын) және дүниетанымдық механизмдерінің (когнитивтік) мүмкіндіктерін зерттеу ісі кез-келген ғылым жетістігін жалпы адамзаттық құндылық ретінде пайдаланудың негізгі жолы болып табылады.

1.2 Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы

Лингвистика тарихында тіл мәселелерін сол тілді қолданушы қауымның мәдени өмірін, салт-сана, әдет-ғұрпымен байланыстыра зерттеушілік те болды. Бұл жөніндегі алғашқы пікір ХҮІІІ ғасырдың соңғы жартысында өмір сүрген неміс жазушысы және әдебиетшісі Иоганн Бердердің тілге (1744-1803) байланысты зерттеулерінде, одан кейінгі кезде Гумбольдт еңбектерінде кездеседі. Бірақ, тіл мәселелерін мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санамен байланыстыра зерттеуге ерекше көңіл бөлу, оны тіл білімінің күрделі проблемасы ретінде қарау ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында белең алды. Қазіргі тіл білімінде осы негізде туып қалыптасқан екі бағыт бар: оның бірі – Америкада, екіншісі – Германияда. Бұлардың екеуі де этнолингвистика деген шартты атаумен аталады. Оны Америкада қалыптастырушылар Эдуард Сепир (1884-1939) мен Бенджамин Уорф (1897-1941).

Эдуард Сепир көтерген проблемалар тек этнолингвистикалық шеңберде ғана қалып қоймайды, ол үндістердің бірнеше тайпаларының тілдерін зерттеген, ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарының аяғына дейін тілдің құрылымы жөніндегі проблемалармен де шұғылданған, тілдердің типологиялық жіктелуі, әр түрлі әлеуметтік құбылыстармен байланысты мәселелері де Сепир еңбектерінің өзекті салалары.

Германия этнолингвистикалық мектебінің құрамында қазіргі неміс тіл ғалымдарының көпшілігі енеді. Мектепті қалыптастыруда Лео Вайсбергер көрнекті рөл атқарған. Бұл мектептің ұстанған жолы теориялық негізі Лео Вайсбергердің 1950 жылы шыққан «Неміс тілінің күші туралы» деп аталатын төрт томдық еңбегінде баяндалған. Бұл екі мектептің бір-бірімен жақын, ортақ, жағы - екеуінің де тіл проблемаларын мәдениетпен, халықтың рухани өмірімен байланыстыра қарайтыны, екеуі де зерттеулерінде В.Гумбольдттың дүниені тану, білу процесінде тілдің атқаратын рөлі жөніндегі ілімін басшылыққа алады, соны әрқайсысы өз тұрғысынан дамытуға тырысады. Дегенмен, екі мектепті туғызған себептер, олардың қалыптасу негіздері екі басқа; АҚШ -тағы мектеп үндістер тайпаларының тілін, мәдениетін және этнографиясын, Германия мектебі неміс мәдениетінің ұлттық сипатын, белгілерін зерттеу негізінде туып, қалыптасқан. Екіншіден, Америка негізгі проблема етіп тіл мен мәдениетті, ал Германия мектебі тіл мен халықты алды[21].

Екі мектепте В.Гумбольдттың тілді «аралық дүние», ол-адамды сыртқы дүниемен байланыстырушы, тіл-халық рухының сыртқы көрінісі, халықтың ой-дүниетану дәрежесінің көрсеткіші, халық тілі-оның рухы, халық рухы-оның тілі, бұл екеуі тепе-тең, тіл рухтың заңы бойынша дамиды дейтін концепцияларын басшылыққа ала отырып, оны жаңа мысалдармен толықтырып дамытады. Сөйтіп, екі мектеп те тіл функциясын, оның қоғам дамуындағы атқаратын рөлін шектен тыс асыра сөз етеді. Тілге оның жаратылысына тән емес қызметтерді телиді. Адамдардың ой-санасы, дүниеге көзқарасы, өзін қоршаған өмірді тану, мінез-құлық нормалары –бәрі де тілге тәуелді, осылардың бәрін тіл басқарады, бағыт сілтейді, Тіпті адамдардың өзі де өз тілдерінің ықпалында болады, тіл-мәдениетті де, тарихты да жасаушы,

кайта туғызушы, тіл шындық өмірге тәуелсіз, тек рух заңына ғана бағынатын, өз бетінше бөлек жатқан бір бөлек дүние, ой дүниесі, адамдарды сыртқы әлеммен ұштастыратын, осы екеуінің арасындағы аралық дүние дейді. Мұндай пікірлер әсіресе америка лингвисті Уорф еңбектерінде ашық айтылады.

Этнолингвистикалық мектептердің ерекше көңіл бөлген тағы бір мәселесі - тілдің грамматикалық құрылысындағы өзгешеліктер. Бұл мәселеде де этнолингвистер, белгілі мөлшерде В.Гумбольдт пікірін басшылыққа алады. Ал В.Гумбольдт дүние жүзінде алуан түрлі тілдердің болуын, халықтардың әр түрлі тілдерде сөйлеу себебін рухтан іздейді. Ол: тіл - халық рухының сыртқы көрінісі, соған тәуелді, тіл сол тілді қолданушы халықтың рухы, әр басқа тілдердің өзгешелігі олардың дыбыстық қабықтарының немесе таңбаларының өзгешеліктерінде ғана емес, дүниеге көзқарастарының өзгешеліктерінде деген болатын[22].

Тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасын зерттеу, сөз жоқ, ғылым үшін қажетті. Этнолингвистер бұл салада көптеген бағалы материалдар жинады және проблеманың өзектілігін дәлелдеді. Бірақ бұл мектеп, әсіресе оның американдық тармағы, тіл табиғатына тән емес идеяны уағыздады. Олардың пікірінше:

- Қоғамның рухани жақтары - діні, құқығы, көркем өнері, ғылымы, тұрмыс-салты халық психологиясына тәуелді, олардың барлығын халық психологиясы белгілейді, сондықтан олар халық психологиясының көрсеткіш болады;
- Тіл қоғам өмірінің барлық саласында шешуші, билеуші, нұсқаушы қызметін атқарады, қоғам мүшелерінің ойын, дүниеге көзқарасын, мінез-құлқын қалыптастырады;
- әр халықтың өзгермейтін өзіндік мәдени тұлға(моделі), тұрақты тілдік үлгісі болатындықтан, тілдердің әр түрлі болуы олардың ойлау дәрежесінің әр түрлілігін білдіреді деп түсіндірді;

Сонымен, тіл білімі өзінің дербес ғылым ретінде дамуының бір ғасырдан аз - ақ асатын тарихы ішінде бірнеше, талас-тартыс, сілкіністерді басынан өткізді. Бірақ солардың ешқайсысы да оның алға басқан қадамын тоқтата алмады. Ондағы талас-тартыстар, шайқастары, белгілі мөлшерде болса да, ғылым жолында кездескен бөгеттерді ашуға жәрдемдесті Зерттеу әдістерінің айқындала, нақтылана түсуіне, ғылыми проблемалардың кеңеюіне жағдай жасады. Этнолингвистика -Э.Сепир, Б.Уорфтардың лингвистикалық ықтималдық болжамынан, В.Гумбольдтың лингвофилософиялық концепциясынан тамырланып, Д.К. Зеленин, Е.Ф.Карский, А.А.Шахматов, А.А. Потебня, А.Н.Афанасьев т.б. ресейлік ғалымдардың фундаментальді еңбектерінде теориялық негіздері қаланып, көтерген маңызды мәселелерінің мазмұнына қарай:

1. тілдік деректер арқылы этностар мен этникалық топтардың көне дәуірлерден таралу ареалдарын жаңғырту (С.Б.Бернштейн, Р.А.Агеева, В.В.Иванов, Т.В.Гамкрелидзе т.б.);

1. тілдік деректер арқылы этностың материалдық және рухани мәдениетін жаңғырту болып екі түрлі арнамен дамып отырған жаңаша үрдісті

ғылыми бағыт. Ал Ш.Уәлиханов, Э.Марғұлан, М.Әуезов, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алып, XX ғ.соңғы ширегінде (1970-85 ж.) І.Кеңесбаев, Ә.Т.Қайдаров, Р.Ғ.Сыздықова, М.Копыленко, Е. Жанпейісов, Т.Жанұзақов зерттеулерінде іргетасы қаланған қазақ этнолингвистикасы Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, С.Сәтенова, Г.Смағұлова, А.Жылқыбаева, Б.Уызбаева, Қ.Аронов, К.Ғабитханұлы, Б.Ақбердиева, А.Сейілхан т.б. орта және жас буын ғалымдардың зерттеу жұмыстарында өзінің бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін айқындап, зерттеу нысандарын саралап, әдіс-тәсілдерін жетілдіре түсті.

Этнолингвистиканың зерттеу объектісі этностың тілі, ондағы негізгі мақсаты -сол тіл арқылы этнос болмысын танып білу. Этнолингвистика пәнаралық ғылым саласы болғандықтан ол тілге тікелей (лингвистикалық) немесе жанама (қоғамдық-әлеуметтік) қатыста болып келетін пәндердің екеуімен де ыңғайына қарай үйлесіп, этнос болмысын танып-білуге қажетті әр пәннің өз тұрғысынан айқындап, саралап үлгерген деректерін өз елегінен өткізіп, өзінше пайымдап, пайдалануға тырысады.

Этнос болмысын, ұлттық бітімді саралаудың этнолингвистикалық қағидалары ретінде «этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды. Тіл мен ұлт біртұтас», «Тіл – сөйлеу арқылы ойды жеткізу үшін тұрақты қайталанып отыратын рухтың күйі. Демек әрбір ұлт өз тілінің шеңберінде ғана ұлт бола алады» (В.Гумбольдт) деп келетін ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынады.

Этнолингвистика тіл әлеміндегі **этнографизмдерді** сатылы, жүйелілік қатынаста қарастырып, этнолингвистикалық жұмыстың түрі мен мақсатына, жинақталған материалдардың мазмұнына қарай когнитивтік лингвистика, социоллингвистика, лингвомәдениеттану, этнопсихоллингвистика сияқты интегративті пәндердің әдіс-тәсілдерін қиюластыра қолданады. Тілдік материалдарды этнолингвистикалық тұрғыдан нақты талдау барысында тіл салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы-типологиялық, ареалдық сияқты дәстүрлі әдістерге, этимологиялық, семасиологиялық талдауларға жүгінеді.

Этнолингвистиканың пайда болу, қалыптасу тарихындағы шетел ғалымдарының ғылыми пікірлері, «тіл және адам», «тіл және мәдениет», «тіл және этнос» жөніндегі лингвофилософиялық концепциялар болып табылады.

«Этнолингвистика кешенді этнографиямен шектес, халық мәдениеті, тарихтың шығу тегі мен таралуын зерттейді. Бүгінгі ғылымда этнолингвистиканың зерттеу мақсаты- тілдің қызметі мен дамуына лингвистикалық, этномәдени, этнопсихологиялық факторының әсерін ерекше қарастыру, ұлттық болмыспен ұштастыру»[22]. Лингвистикалық түсіндірме сөздікте: «Этнолингвистика тілді мәдениетпен, тілді этномәдени және этнопсихологиялық фактормен байланыстыра қарастыратын тіл білімінің бағыты» -деген анықтама беріледі[23].

Тіл мен этностың байланысы сияқты тіл мен мәдениеттің байланысы жеке ғылым саласы ретінде зерттеліп, лингвомәдениеттаным деген пән ретінде қалыптасты.Қазақ тіліне мәдениет сөзі араб тілінен («маданият» – қала, қалалық деген мағынаны білдіреді) енген. Ал, көне заманда «культура» сөзі

«жерді өңдеу» деген мағынада қолданылған. «Мәдениет» сөзі латын тілінен аударғанда арнайы жасау, өңдеу деген мағына береді. Оның жанды немесе рухты тәрбиелеу деген екінші мағынасы болған.

«Мәдениет» сөзін теориялық термин ретінде римдік философ және шешен Марк Туллий Цицерон «тускуландық пікірталас» (б.з.д. 45ж) деген еңбегінде бірінші рет қолданды. Ол кезде агротехникалық термин болатын, соған сай «жерді өңдеу, топырақты баптау» дегенді білдіретін. Цицерон оны бірінші рет ауыспалы мағынасында, адамның санасына әсер ету деген мәнде қолданды.

Көне Грекияда ерте заманның өзінде-ақ өмірге икемді, қабілетті, жан-жақты қалыптасқан азаматтарды тәрбиелейтін сирек кездесетін білім беру жүйесі болғаны белгілі. «Адамзаттық» қасиеттерді жетілдіруге ерекше көңіл бөлініп отыратындықтан, мұнда жастарды қоғамдық өмірге дайындауға басымдылық берілген. Бұл бағыттағы мәдени білімнің мақсаты адамның ойлау, пікір айту, пайымдау қабілеттері мен эстетикалық сезімдерін дамыту болды. Әлемнің түрлі елдерінің қоғамдық даму жүйесінде бұл идеялар сан түрлі бағытта өрістей бастады. Мәселен, уақыт өткен сайын еуропалық тілдерде «культура» сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие болады.

Цивилизация «Өркениет» сөзі де латын тілінен шыққан. Азаматтық, қоғамдық дегенді білдіреді. Оның мағынасы үлкен өзгеріске ұшырады. Уақыт өте келе «өркениет» түсінігінің мағынасы өзгерді. Қазіргі кезде ол ең аз дегенде: мәдениеттің көрінісі; қоғамдық даму дәрежесі, материалдық және рухани мәдениет сатысы; жабайылықтан кейінгі қоғамдық даму сатысы деген ұғымдарды береді. Мәдениет адамның рухани ішкі қуатын, даму дәрежесін көрсетсе, өркениет оған сырттай байлығының көрінісі ретінде әсер етеді.

Мәдениет және өркениет ұғымдарына берілген анықтамаларды талдай келе олардың мағыналары ұқсас екенін көреміз. Бұл екі терминнің мағынасы өте жақын, бірақ бірдей емес.

Белгілі ғалым Б.Малтновскийдің пікірінше, мәдениет дегеніміз – бойына тұтыну құндылықтарын әлеуметтік топтарға конституция берген құқықты, мақсатты, кәсіпті, сенім мен әдет-ғұрыпты жинақтаған тұтас ұғым.

Американдық антропологтар Кребер мен Клакхон «мәдениет» түсінігінің – арихна арналған арнайы еңбектерінде, мәдениеттің табиғатын, оның құрамды бөліктері мен ерекшелігін, психологиямен, тілмен, қоғаммен қарым-қатынасын талдауын үш бағытта жүргізеді: адамның табиғатпен байланысы, құндылықтармен байланысы және басқа адамдармен байланысы төңірегінде.

Лесли Уайт мәдениетті «адам мен табиғат – ажырамас тұтастықта» деген алғышарттан шығарып анықтайды. Ол мәдениеттің екі бағытын бөліп алады. Антикалық немесе «нақты мәдениет» және логикалық.

Б.Х.Балтабаев: «Мәдениет – дегеніміз адам жасаған заттың және рухани құндылықтардың, әлеуметтік-мәдени қалыптың, қарым-қатынаспен мінез-құлықты қалыптастыру әдістерінің тарихи даму жүйесі, сондай-ақ, адам табиғатындағы күштердің заттық өндіріс әдістерін ескере отырып даму әрекеті, өз мүмкіндігін жүзеге асыруды, оның шығармашылық еңбегінің адамзат әлемін

өзгертуге және игеруге бағытталған әлеуметтік маңызды шаралары» - деп тұжырымдайды.

Қазіргі ғылымда мәдениет ұғымына мыңға тарта пайымдау бар. Ғалымдардың мәдениет ұғымына берген анықтамаларды зерттеу келе оның анықтамасының көптігі «мәдениет» ұғымының құрылымын жайып жібереді, сондай-ақ оның қызмет аясын анықтауға мүмкіндік бермейді. Балгілі бір дәрежеде мәдениеттің гносеологиялық және онтологиялық қасиеттерін анықтауда тұлғасыздық, формасыздық байқалады, мәдениеттің арнайы ғылыми тетігі, қауымның саласы ретінде өзіндік бейнесі мойындала бермейді. «Мәдениет» терминін саралай келе, мәдениет жеке тұлға өміріндегі материалдық, рухани және көркемдіктің бәрін өз бойына жинаған деген пікірге қосыламыз.

Орта ғасыр ғалымдары мәдениетті тәлім-тәрбиенің, үйлесімділіктің, тәртіптің өлшемі, адамның үздіксіз рухани жетілуі мен көп қырлылығының көрінісі деп бағалады. Олар адам ақыл-ойының тәуелсіздігін батыл қолдады, мәдениет адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін, ақыл-ойын жетілдіретін қуат көзі деп санады. Олардың пікірінше, мәдениет – білім мен тәрбиенің құралы, адам қабілеттерін дамытудың тетігі. Ойшылдар мәдениетте адамдық пайым-парасат, ақыл-ой, ізгілік пен әдемілік заттандырылады деп көрсетті. Мәселен, Э.Тэйлор «мәдениет – рухани құндылықтарды дамыту арқылы адамзат баласын жан-жақты жетілдірудің жолы» деген тұжырым жасайды.

2 ПАВЛОДАР-ЕРТІС Өңірі Ақын-жазушылары шығармаларындағы кейіпкер бейнесін беруші тілдік құралдар

2.1 Кейіпкер бейнесін берудегі тілдік-стильдік тәсілдердің қызметі

Жазушының сөз қолдану ерекшелігін, суреткерлік шеберлігін, дара стилін анықтауда, көркем туындыны стилистикалық тұрғыда талдауда кейіпкер бейнесінің берілу жолдарын, жазушының осы мақсатта қолданған тілдік-стильдік, көркемдік тәсілдерін қарастырудың да маңызы зор.

Жалпы көркем шығарма тілінің көркемдік ерекшеліктері, жазушының дара стилі қарастырылған К.Еңсебаева, Г.Сәрсекет б. ғалымдардың еңбектері де бұл саланы дамытуға өз үлестерін қосады. К.Еңсебаева қазіргі көркем әдебиеттегі кейіпкер тілінің стильдік қызметін анықтап, кейіпкер бейнесін жасауға қатысатын тілдік-стильдік элементтерді талдайды, кейіпкер тіліндегі синтаксистік құрылымдардың образ жасауға қатысы жөнінде тұжырымдар жасайды.

«Кейіпкер сөзі – жазушының жеке дара баяндау стилінің ерекшелігін ғана айқындап қоймайды. Ол – кейіпкердің мінез-құлық қырларын, көзқарасын, психологиясын ашатын бірден-бір көркемдік амал. Персонаж сөзі – кейіпкердің жан әлемін ашатын шығарманың көркемдік кестесінің ажырамас бөлігі» [24,68].

Г.Сәрсекенің еңбегінде [25] Р.Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкер мінезін беруші тәсілдер ретінде портрет пен диалогтың ғылыми-теориялық негізі, тілдік-стильдік қызметі анықталып, әр тәсілдің құрамдық, құрылымдық, мағыналық ерекшеліктері талданады.

Кейіпкер тілі – лингвистикалық стилистиканың зерттеу нысанына жатады. Кейіпкер тілін талдауда диалог, монолог, полилогтердің қызметі айырықша. Әсіресе, диалогтің табиғаты ерекше. Диалог арқылы шығарманың идеясы мен кейіпкер бейнесі көрінеді. Кейіпкер тілі көркем шығармада кейіпкер бейнесін жасауға ықпалды. Кейіпкер тіліндегі лексикалық элементтер: диалектизмдер, қаратпа және одағай сөздер, қарапайым және жарго сөздер мен варваризмдердің қолданылуына талдау барысында үлкен мән беріледі.

Сондай-ақ шығармадағы кейіпкерлер бейнесін жан-жақты суреттеуде әлеуметтік тілдік құбылыстың қатысы бар. Бұл қазақ тіл білімінде соңғы кезде ғана айтыла бастады. Тілдік ортада әлеуметтік тілдік бөліністің болуы факт. Ендеше мұндай жағдайлар әдеби тілде өз ізін қалдыратынын көркем шығармада кейіпкерлер тілін талдауда кездесетін және бар, бола беретін құбылыс екенін мойындауға тура келеді.

Көркем мәтіндегі кейіпкер тілін талдағанда диалог мәселесіне соқпай кету мүмкін емес. Диалогтың қызметі екі адамның сөйлесуімен шектелмейді. Оның шығармадағы қызметі көптеген мәселелерді қамтиды. Мәселен, кейіпкерді мінездеу, шығарма оқиғасын дамыту мен идеясын көрсету – диалогке тән нәрсе. Диалогтың лексикалық құрамымен қатар, синтаксистік құрамына да назар аударылуы тиіс. Жай сөйлемдердің, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдердің мағыналық қызметіне қарай кейіпкер тілінің ерекшеліктері сараланады.

Диалог парадигмасы – қазіргі ғылымда неғұрлым мәнді бағыттардың бірі. Психологиялық механизмдердің диалогты интерпретациясы М.М.Бахтиннің «сананың кез келген өзара әрекетін диалог деп түсіну қажет» деген идеясынан туындады: «Өмір сүру дегеніміз, бұл диалогқа қатысу, яғни сұрау, алу, жауап беру, келісу т.б. Бұл диалогқа адам өмір бойы – көзімен, ернімен, қолымен, жолымен, рухымен, барлық тәнімен, әрекетімен – мәңгі қатысады»[26]. М.М. Бахтиннің айтуынша, шығарманың сөзін қарым–қатынас өнімі деп түсінуге болады (сана диалогы), мәдениет әлемімен кез келген түйісу «әңгімелесуді сұрап алу» болып табылады. Мұндай мағынада кез келген философиялық, әдеби сөздерді диалогты деп есептеуге болады. Диалог көркем шығармадағы монолог ұғымына қарама-қарсы мағынада болғанымен әрдайым бірге айтылуымен ерекшеленеді.

Монолог – тыңдаушы тікелей қабылдайтын бір адамның сөйлеуі немесе бір адамның ойы. Монологтың өзіне тән лексикалық бірліктерді тыңдауы мен сөйлемдердің синтаксистік құрылымы болады. Монологтың сипаттау, баяндау, сендіру, әңгімелеу сияқты функционалдық–коммуникативтік ерекшеліктері бар.

Полилог – шығармада оқиғаға қатысушы бір топ адамның образын жасайтын, яғни топты танытатын құрал. Мұнда автор ситуацияны баяндау кезінде бірнеше адамдардың қатысқан сөздерін береді. Сол арқылы әр кейіпкердің өзіндік бейнесін толықтырып нақтылай түседі.

Көркем шығарманы талдауда кейіпкерге қатысты айтылып, қатар жүретін тағы бір термин бар. Ол – көркем шығарманың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын портрет. Портреттің мазмұндық және формалық түрлері, яғни көлемі шағын және көлемдісі болады. Талдау барысында портреттің сөздік құрамын қарастырудың да маңызы бар. Өйткені кейіпкер туралы жан–жақты мәлімет тілдік құралдардың сұрыпталуы мен қолданылуына қарай анықталады. Автордың портрет жасаудағы ерекшелігі кейіпкерді суреттеуде адамға қатысты қандай ерекшеліктерді қамтығанынан байқалады. Мәтіндегі портретте, автор әдетте адамның денесі мен оның мүшелерін, киген киімін, бет өзгерісі мен дене қимылын, тұрған тұрысын сөз етеді. Бұлар портрет компоненттері деп аталады. Әрбір компонентті суреттейтін, сипаттайтын сөздер іріктеледі. Ол сөздер адамның бүкіл сырт тұрпатынан бастап, ішкі сезім, жай–күйлеріне дейін сипаттап шығады. Т.Смағұлова «адамның сыртқы тұрпатын, яғни дене мүшелерін суреттеуде дене мүшелерінің атаулары, яғни соматикалық (грек сөзі – дене) атаулар (соматема) сипаттаса, ал киген киімін вестиялды (латынша – киім–кешек) сөздер (вестема) суреттейді. Қимыл–қозғалысын кинетикалық (грек сөзі – қозғалыс) сөздер (кинетема) тобы суреттейді» дейді[27,72]. Сонымен, портрет – көркем шығарманың тұрақты құрамдас бөліктерінің бірі ретінде кейіпкердің кескін–келбетін, жүріс–тұрысын, киім киісін суреттеу арқылы толыққанды бейне, кейіпкер мінездемесін жасаушы амалдардың бірі.

Мінездеме–портрет –каламгерлер шығармаларында жиі кездесетін портрет түрі. Мінездеме–портрет – кейіпкердің сырт тұлғасы мен мінезінің қатар суреттелген түрі. Тұлға мен мінез сәйкестігі – портрет–мінездеменің негізгі белгісі.

Портрет мазмұнының ғана емес, оның құрамының да кейіпкер мінезін беруде үлесі бар. Көркем шығармадағы портреттік суреттеулердің құрамы негізгі үш құрамдас бөліктен (компоненттен) тұрады:

1. адам денесі мен оның мүшелері;
2. киген киімі;
3. бет өзгерісі (мимика), қимылы (жест), дене тұрысы (поза).

Портрет құрамындағы компоненттер жеке қолданылмайды, олардың алдынан компоненттерді түрлі белгілері жағынан айқындайтын сөздер жүреді. Портрет компоненттерінің белгілерін атайтын сөздер сипаттаушы сөздер деп аталады. Сипаттаушы сөздер кейіпкерлердің кескін–келбетін, киген киімін анықтай, түстей танытады. Олар компоненттерді түрлі қырынан айқындап, дәлдейді. Сипаттаушы сөздер екі түрлі белгіні атап көрсете алады:

1. портрет компоненттерінің сыртқы физикалық белгілері (ұзын көйлек, тостаған көз). Бұл топтағы белгілерді «сыртқы белгілер» деп атаймыз.

2. адамның интеллектуалдық, психикалық, эмоциялық белгілері (мейірлі көз, ісмер саусақ, жүз, т.б.). Бұл «ішкі белгілер» деп аталады.

Сонымен кейіпкердің сезімін, күйіну не сүйіну халін түсінуге оның көркем сөзбен жасалған сыртқы пішіні, кескін–кейпі (портрет), мінез–құлқы, наным–сенімі (мінездеу), ішкі ойы (монолог), басқа адамдармен қарым–қатынасы (диалог) көмектеседі[28].

С.Торайғыров, И.Байзақов шығармаларындағы кейіпкерлер бейнесін қарастыра келгенде, олардың жеке тағдырларымен, өзіндік сөз саптауларымен ғана емес, ешкімге ұқсамайтын кескін–келбеттерімен, киім-киістерімен, жүріс-тұрыстарымен де есте қалатынын аңғардық. Автор өз кейіпкерлерінің бейнесін жасауда олардың портретін, киім-киісін, жүріс-тұрысын суреттеуге де айрықша көңіл бөледі:

*Жіңішке сымға тартқан әні қандай.
Балауыз балбыраған тәні қандай.
Ақыл, ой, мінез, көрік түгел келіп,
Толықсып толып тұрған сәні қандай.
Еріткен іші-бауырыңды көзі қандай,
Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай.
Жұп-жұмсақ, бып-биязы ішке кіріп,
Жайтаңдап жан күйдірген көзі қандай!
Күлгенде көзіңді алып кірсіз тісі,
Қайнамас оны көріп кімнің іші?
Алмас қылыш жүзіндегі аударылған,
Сүйгізіп көлеңкесі әрбір ісі.
Нұрлы жүз жан-жағына сәуле шашып,
Бойының мінсіздігі онан асып.
Өзгеден сып-сыпайы һәм сүйкімді,
Ең арты жүрсе-дағы аяқ басып.
Толған ай шілдедегі жалт-жұлт еткен,
Мұбада көрген кісі қиыр шеттен.*

*Көлеңкесі күйдіріп күні-түні,
Есінен екі-үш айда әрең кеткен[29].*

С.Торайғыров шығармаларында ерекше көзге түсер тәсіл – портрет екендігін айтуымызға болады. Шығармада көркемдік компоненттерден ерекше көзге түсетіні – портрет. Қаламгер әр қаһарманның, эпизодтық тұлғаның қайталанбас кескінін немесе әр тұстағы жан толқуымен тамырлас жаңа өрнектерін шебер кестелейді.

«Қамар сұлу» романындағы Жорға Нұрымның портреті:

Нұрымның зұлымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен были-были насыбай, ішпей мас, әрі нас елу шамасында жасы бар, қой сақтардың басындай басы бар, жай форманың өзі сұп-суық бүйі секілді түксиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, добыра сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді[29].

Бұдан ары қарай Нұрымның бейнесі ашыла түседі:

Бұл өзі жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атыстырып, елін қан жылатумен шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз атанған бір жауыз еді[29].

С.Торайғыров шығармаларында осылайша кейіпкерлердің сырт бейнесін, бет-әлпетін суреттегенде соған қоса олардың киімін, мінезін, қасына ерген адамдарына дейін бүге-шігесін қалдырмай жан-жақты сипаттап беру жиі кездеседі.

«Қамар сұлу» романындағы Жорға Нұрымның портреті көбіне қарапайым сөздер арқылы жасалады. Нұрым портретінің қарапайым сөздермен берілуі оның мінезі мен бейнесіне байланысты болып тұр. Өзі надан жауыз адамды әсем сөздермен сипаттау еш мүмкін емес. Романда қарапайым сөз арқылы Нұрымның бейнесі ашылады, әрі автордың жақтырмаушылық көзқарасы, мысқылы қоса өріледі.

Бұл өзі жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді-бірге атыстырып, елін қан жылатумен шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз атанған бір жауыз еді. Белгілі: қазақта ондай залым адамдардың өзіне қауіптілеу орынды күзеттіріп, сорпа-сумен алдап қоятын иттері болатын. Сол арсылдатып қойған иттерінің ең басты төбеті - біздің Оспан би еді. Сол кезде бұл екеуінің залымдығына бір өлеңшінің айтқаны есімде қалыпты:

Халқыңды қан жылаттың Жорға Нұрым.

Болдың ғой заманымда сорға Нұрым!

Оспан деген жұтқышы тағы шықты,

Бара-бара қайтерсің, қайран күнім!..

деп, құр Нұрымның зұлымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен были-были насыбай, ішпей мас, әрі нас елу шамасында жасы бар, қой сақтардың басындай басы бар, жай форманың өзі сұп-суық бүйі секілді түксиген, бұқа

мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, добыра сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді[29].

Портрет кейіпкер бейнесін беруде маңызды қызмет атқарады. Ғалымдар көркем әдебиеттегі портретті екіге бөледі: ситуациялық және жалпы портрет.

Жалпы портретте көркем бейненің өзіне тән үнемі болып тұратын сипат белгілері суреттелсе, ситуациялық портрет кейіпкердің бір сәттік эмоциялық кейпін береді.

Басы репетейсіз үлкен, мойны қылдырықтай, шибұт, қамытаяқ, не әкесі сияқты қойкөз аққұба емес, не шешесі сияқты қараторы емес. Қоңқақ мұрын, мойыл көз жалпақ сары [29]).

Бұл – мұрнының ұшы қылыштан кетіліп, танауы сәңірейген, көсе, жасы елудің жуан ішіндегі, жалпақ бет, селдір бурыл мұртты қарт адам еді [29].

Тапал бой, тарбақ танау, жылан сұр бет,

Қарады Еркежанға екі-үш рет [30,54].

И.Байзақов «***Тапал бой, тарбақ танау, жылан сұр бет***» эпитетті метонимияның бір емес бірнешесі лек-легімен келтіріліп, кейіпкердің сырты мен ішін бірдей жанды түрді көз алдымызға әкелсе,

Қысық көз, жылмаң қара кіріп келді,

Берген соң Құсан әмір бар ма халі[30,62].

пасық, жағымпаз адам портретін танытады. Сондай-ақ:

Қиянатпен семірген мес қарындар,

Жапсырды саналы елге бітпес шерді[30, 82].

«***Қиянатпен семірген мес қарындардың***» әлеуметтік жағдайын, адамшылық дәрежесін де басы артық сөзсіз түсінеміз. Портрет жасаудағы ақын қаламынан туған метонимиялардың ирониялық мәні, астарлы мысқылы бар.

Кейіпкердің сыртқы ажарының кейіпсіздігін көрсетуге арналған бұл портреттер – жалпы портретке жатады.

Туындыларда кейіпкер портреті авторлық баяндауда да, кейіпкер тілінде де беріледі.

Иса Байзақовтың портрет берудегі өзіндік қолтаңбасына тағы да назар аударып көрейік:

Талма түстің шағындай бой нұсқасы,

Түйген жібек секілді түйме басы.

Кәмшиат бөрік шашақты және үкілі,

Төгілген қара мақпал, құндыз шашы[31, 2]

—жолдарынан нағыз ақынға тән сезімталдықты аңғарып, қыз бойындағы пәктік, тазалықты дөп басып танығандай боламыз.

Үстінде қызыл торғын, жеңді шапан,

Шырмауыт жиегіне кесте салған.

Көк көйлек, омырауында алтын алқа,

Ол күнгі қазақ, қалмақ салты болған [31, 27].

Ақын Құралайдың тек сыртқы мүсін-келбетін ғана суреттеп қана қоймайды, жүрген жүрісі, киген киімі, салтанаты, ақыл-ой, парасатын тұтас алып, динамикалық жақтарынан танытады. Бұл – ақынның суреттеу тәсілдерін, поэма жанрының өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, жетілдіре түсуден пайда

болған жаңалықтар. Құралай тек көріктілігімен ғана емес, қысылған жерде ерге ақыл-айла, іс-әрекеттерімен көмек көрсете алатын алғыр, сезімтал, тапқыр қыз. Поэмада Келденді тұтқыннан құтқаратын да, қару-жарақпен қаруландыратын да, батырға лайықты тұлпарды дайындап беретін де, арттан келген қуғыншыны бірден байқап, батырды сақтандыратын да — Құралай.

Иса Байзақов туындатқан *«Шаңқанның ақ құсындай», «Керілген кер маралдай кербез сұлу», «Жанары екі көздің жанған шамдай», «Үстіне ақ мамықтың қан тамғандай»* уылжыған беті, *«бақ айнасындай»* болмысы, *«айдынның аққуындай»* келбеті, *«ақ мақтадай»* тәні, *«төгіліп жерге тиген құндыз шашы», «айдай ашық мінезі»* сияқты шынайы поэзиялық суреттеулер Ақбөпедей аяулы арудың сүйкімді бейнесін елестетеді.

*Қабакты қараторы, ұзын бойлы,
Кірпікті, бурыл сақал, терең ойлы...
Бұрылып үлкен мұрын, ойлы түспен,
Халқына бір жағалап қарап қойды [31,11].*

Ақын поэмасында жырланатын сұлу әйелдер — жауынан кегін ала білетін намыскер, өжет, тұлпар мініп, найза ұстаған, қанжар асынып, жүректерін кекке суарған ерекше ер мінезді жандар. Әрине, бұдан Иса поэмаларында әйелге тән сұлулық, сыпайыгершілік, нәзік мінездер берілмейді деген ұғым тумайды, қайта Иса Құралайдың, Еркежанның, Ақбөпенің сыртқы сұлу кескін-келбеттерін, жарастық жүріс-тұрыстарын, олардың махаббатымен байланысты ішкі жан толқындарын айқын суреттеп отырады. Мәселен Ақбөпенің сипаты:

*“Жанары екі көздің жанған шамдай,
Нәркес пен кірпік ойнап атылғандай.
Қызылы екі беттің уылжыған,
Үстіне ақ мамықтың қан тамғандай [32, 177].*

Қандай керемет образ. Иса Ақбөпені суреттеуде небір бейнелі сөз маржандарын қолданған. Бұл тек Исаның өзіне тән ақындық шеберлік. Екі жанарын жанған шамға теңеп, “нәркес пен кірпік ойнап атылғандай” деген тармақта жансызды жандандыру, қалған екі тармақта антитезаны өте шебер пайдаланған.

Иса поэмаларында ер жігіттердің образы да нақты суреттеледі. Ақын олардың қанды қырғын майданындағы асқан ерліктерін, сүйген жар, достарын жау азабынан азат ету үстіндегі ашуы, ызасы, қайраты, қуанышы, үміті сияқты психологияларын жеткізіп суреттейді.

Балағаздың жауына аттанар алдындағы ашулы кескіні, ішкі жан толқындары қаншалық күшті, романтикалы суреттеу әдісімен беріліп, біресе ол ашулы арыстанға, біресе Алтайдың тауын сілкіндіргендей теңдесі жоқ алып күшке, дүрілдеп жайын атып төніп келген сұрапыл дауылға, теңіздің тасыған долы толқынына ұқсайды. Сондай ашулы, ызалы Балағаз өзінің серік жігіттерін ертіп алып, елді шапқан, сүйген жары Еркежанды тұтқындап әкеткен қалмақ ханына және опасыздықпен ел намысын сатқан бай-феодалдарға аттанып, олардан кегін алмақ болып:

“Жау артынан жетейік,

*Зығырданды қайнатты.
Жалғыз да болсам қуамын,
Қанды қанмен жуамын”[32, 102],*

деп толғайды. Иса Балағаз, Әмірхан образдарын, олардың сырттай қарулы тұлғаларын, ерекше ер мінездерін, намысты, ызалы кескін-келбеттерін осындай жарқыратып, даралап отырады. Міне, бұдан туатын жалпы бір қорытынды, мұның өзі Иса Байзақовтың кеңес тақырыбына жазылған шығармаларының идеялық, шығармашылық мотивіне байланысты, ақын поэмаларында іс-әрекеті, мінез-құлқы жақтарынан кең суреттеген мықты ер адамдардың образын жасағандығы.

Сұлтанмахмұтқа дейінгі ақындар тек жаман әйелдерді шығармаларына арқау етсе, Сұлтанмахмұт «қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады» деген сұрауға жаман қыз бейнесін жасау арқылы жауап береді. «Бүгінгі жаман қыз – ертеңгі жаман әйел» деген қорытынды шығады.

Сұлтанмахмұттың бұл тақырыптағы өлеңдері мыналар: «Қайқы құйрық, шұбар қыз, істік мұрын» (1907), «Сымбатты сұлуға» (1914). Ақын шығармасын зерттеген А. Еспенбетов былай дейді: «Махмұттың 1907 жылы жазғандарынан бізге жеткені екі шығарма: «Қайқы құйрық шұбар қыз, істік мұрын» және «Таңқы мұрын, быртиған, қара бұжыр». Бірінші өлеңде «Бұлғақтаған ерке-шолжың бай қызының» өрескел мінезі мен келіссіз «сыртқы форымын» сынаса, мал-басының байлығына сеніп жас қызды әйелдікке алмақшы болған «Таңқы мұрын, быртиған, қара бұжыр» бір дәулетті адамды сықақ етеді. Мысалы:

*Қайқы құйрық шұбар қыз, істік мұрын,
Кім білсін, қандай екен ішкі сырың.
Әдепсіз, молда алдында тасыраят,
Біле алмай отыруды әнтек қырын.
Бай қызы бұлғақтаған, ерке-шолжың,
Күңге лайық кескін мен сыртқы формың,
Жібек, торғын жапқанмен көрініп тұр,
Жүндеген түйедей боп, қара қайыс.*

Осындағы құйрық, шұбар, істік деген сөздердің өзі тосын қолданыс. Шернияздағы шот желке, шолақ айдар, күң дер едім деген сөздер күңге лайық кескін мен сыртқы формың деген жолмен бірдей.

«Сымбатты сұлуға» өлеңі С. Торайғыровтың 1933 жылғы жинағында жарық көрген. «Сымбатты сұлуға»:

*Сүйдірген сені маған қыли көзін,
Томардай кедір-бұдыр топас сөзің...
Сымбатты сұлу, тамашам,
Шашыңнан жұлып сабасам!
Сүйдірген сені маған ешкі басың,
Қол жумай обырланып жеген асың,
Қояр ма сүйдірмеске ықтиярға,
Ұйпалақ ит жүніндей желке шашың.
Сымбатты сұлу тамашам,
Құсқым келер қарасам!*

*Сүйдірген сені маған шошақ мұрның,
Кішігірім бір үйге ошақ мұрның.
Жіберіп анда-санда тартып алып,
Жылтылдатып тұратын қос ат мұрның.
Сасып кеткен маңайың,
Мұрнымды басып жабайын! [33,97]*

Мұндай портрет адамда жиіркеніш сезімін туғызады. Сұлтанмахмұттан кейінгі әдебиет ақындарында ұнамсыз, көріксіз қыз бейнесі кездеспейді. Сонымен, ұнамсыз қыз портреті Шернияздан бастау алып, Сұлтанмахмұтпен аяқталады.

Көркем әдебиетте, әдетте ақындар сұлу қызды суреттеуге бар шеберліктерін жұмсаса, Сұлтанмахмұт елден ерек әдемілікке қарама-қарсы сиықсыздық, ұсқынсыздықты сипаттауда шеберлігін танытты. Өмір бірыңғай әдеміліктен ғана тұрмайтынын, әйел затының да ауыспалы мағынадағы «сұлулары» болатынын дәлелдеп кетті.

Қаламгерлер кейіпкерлерді өзара сөйлету арқылы да олардың мінез-кұлқын, өмірге түсінігін, ой өрісін, адамдар арасындағы сан алуан қарым-қатынасты береді. Кейіпкердің өзіндік сөйлеу мәнерінен мәдениеті, алған тәрбиесі көрінеді. Ғалым М.Серғалиев көркем әдебиет тілі жөнінде: «Көркем әдебиеттің тілі сөз болғанда, әсіресе оны құрайтын екі компонентті ескермесек болмайды. Олардың бірі – авторлық баяндаудың тілі де, екіншісі – кейіпкер тілі. Шындыққа жүгінсек, кейіпкер тілі деп отырғанымыз да автордың шығармалардағы оқиғаларға араласып жүрген адамдардың аузына салатын сөзі болып табылады. Демек, автор тілі дегеніңіз де кейіпкер тілі дегеніңіз де жазушының қаламынан туатын, жазушының қабілеті мен талантына байланысты қағаз бетіне түсетін сөздер жиынтығы екендігі мәлім» деген теориялық пайымдауына ерекше мән берген жөн [34,140].

Диалогті қажет жерінде ұтымды қолдану және кейіпкерлерді өзінің қоғамдағы орнына сай тілмен келістіріп сөйлету шығармаға шынайылық сипат береді, шығарма тілінің шұрайлылығын, оқырман қызығушылығын арттыра түседі.

«Диалог ...одна из форм речи при которой каждое высказывание адресуется собеседнику и оказывается ограниченным непосредственной тематикой разговора. Диалог характеризуется относительной краткостью отдельных высказываний и отдельной простотой их синтаксического построения» [35,132].

Диалогтің кейіпкер бейнесін берудегі қызметі туралы М.Серғалиев, Х.Кәрімов, Б.Шалабай, Г.Сәрсек, К.Еңсебаева сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Х. Кәрімов көркем шығарма мазмұнын жандандырушы амалдардың бірі [28,46] - диалогтың түрлерін, көркемдік қызметін жан-жақты зерттеп, құнды пікірлер айтады. «Көркем шығармадағы диалогтың басты қызметі – адам образын жасау. Себебі диалог адамдар арасында өмірде кездесетін сан-қилы қарым-қатынасты бейнелеп, кейіпкерлер репликалары арқылы бір-біріне әсер етіп, адам мінезінің нақты түрде, нанымды түрде ашылуына көмектеседі, соның тілдік амалына айналады» [28,60] десе,

зерттеуші К.Еңсебаева: «Диалог – образ жасауда шешуші фактор. Кейіпкерді есте қаларлықтай етіп беру – сәтті диалогтың жемісі», - деп, диалог арқылы кейіпкерлердің бейнесін беруді екі топқа бөледі:

Сол сәттегі (кейіпкерді сөйлеткен сәттегі) оның бейнесін беретін диалог. Ол көбінесе кейіпкер тіліндегі одағай, қаратпа, шылау сөздер, сұраулы сөйлемдер арқылы көрінеді. Мұндай бейнені бір сәттік деп атауға болады. Кейіпкердің көркем бейнесі (жалпы бейнесі, образы). Кейіпкердің сөйлеу мәнері арқылы оның мәдениеттілігі интеллигенттігі, көне көзділігі немесе мәдениетсіздігі, дөрекілігі, ойнақылығы танылады. Кейіпкердің мұндай қырлары диалог, монолог, полилог арқылы көрініс табады»[24,48].

Диалогтің көркем әдебиеттегі кейіпкер бейнесін жасаудағы қызметі туралы Г.Сәрсекенің еңбегінде талданады. Ғалым Р.Сейсенбаев шығармаларындағы диалогтің құрылымын, қызметін анықтап, диалог-тартыс, диалог-талас, психологиялық диалог, диалог-юмор, диалог-әңгіме, диалог-мінездеу деген түрлерге жіктейді. Диалогтің көркем шығармадағы қызметі туралы мынадай қорытынды жасайды:

«...көркем шығармадағы диалогтің қызметі сан алуан. Оның ішінде, диалогтің кейіпкер болмысын, мінез-құлығын таныту қызметі ерекше. Бұл жоғарыда аталған диалог-түрлер арқылы танылады. Әр жазушының диалогті қолдану шеберлігі әр басқа. Кейінгі прозалық шығармаларда диалогтық қолданыс сан түрлі бояу алып, құрылымдық-стильдік жағынан толығымен түскен» [25,57].

С.Торайғыров, И.Байзақов шығармаларындағы диалог – адам образын жасауда портрет пен мінездеуден кейінгі көмекші тәсіл.

Жазушылар кейіпкер мінезін даралап көрсетуде диалог-мінездеуді ұтымды қолданады. Қаламгерлер туындыларында диалог-мінездеудің бір кейіпкердің сөзі арқылы екінші бір кейіпкерді мінездейтін, екі кейіпкердің өзара сөйлесуі арқылы үшінші бір кейіпкерге мінездеме беретін, кейіпкердің өз сөзі арқылы оның мінез қырларын ашатын түрлері кездеседі.

Мәселен, С.Торайғыровтың «Қамар сұлуында» Ахметтің сөзі арқылы (жазған хаты) Қамардың бейнесі сипатталады:

*"Қалқам-ай, қапа қылдың жауап бермей,
Жүр ме екен қолың тиіп, реті келмей?
Дәрменсіз, дертім қалың, жүрек толқып,
Мен жүрмін сол қападан әзер өлмей.
**Қалам қас, мамық тамақ, уыз қойы,
Мөлдір көз, тілің бұлбұл, алма мойын.**
Көңілімді көкке ұшырмай дауалатшы:
Алып-ұшып барады тұла бойым.
Апырым-ай, көз қарасың тәуір еді,
Мінезің салмақтылау, ауыр еді;
Жауабың кеше-бүгін болмаған соң,
Көз жасым көктен құйған жауын еді[29].*

Диалогте екі кейіпкердің сөзі арқылы үшінші кейіпкердің мінез ерекшелігін беру әдісі де жазушы шығармаларында кездесіп отырады.

С.Торайғыровтың «Таныстыру» поэмасында кара қазақ пен оқыған қазақтың арасындағы диалогта көбіне үшінші кейіпкердің мінез ерекшелігі, бейнесі көрініп отырады:

Қара қазақ:

*Меніңше, Ермаков деген бала,
Ұқсайды ұшқыр қыран қаршығаға,
Сөз білімін сынайтын жер ілгері,
Әзіргісі адал зой жеке-дара.
Ермаков адалдықтан сенгіш адам,
Жұртты да адал зой деп ергіш адам.
Біле ме ер қадірін, ат жүйірігін,
Бездірет ме деп қорқам халық надан.
Өзі сеніп басқадан көп алданса,
Адам қаны бұзылар осы арадан.
Ол әлі жап-жас бала кірленбеген,
Шынды айтуда танбайтын еш пендеден.
Түбінде көңілім түзу әзірге деп,
Алдап, арбап жүретін түрге енбеген.*

Оқыған:

*Ғаббасұлы.
Онан соң Ғаббасұлы Халел мырза,
Түрі емес, көрген адам сөзіне ырза.
Тап басар, әдісі көп артты ойлайтын,
Не аңқау, не болмаса емес қызба.
Жас жігіт университеттен оқып шыққан,
Халыққа қызмет парыз деп миына ұққан.
Алданбас, алыс болжар, алдан көрер,
Болса да оған мәлім жерге тыққан.
Айлаға қарай біліп айла құрғыш,
Табады қайдан болса, содан ілгіш,
Бір іске тура план құруында
Деуге болар Семейде осы білгіш(С.Т. «Таныстыру»).*

Поэмадың өн бойында екі кейіпкердің сөзі арқылы басқа кейіпкерлердің портреті, мінезі дараланып отырады:

Оқыған:

*Сәрсенов Биахмет.
Біреуі Биахмет Сәрсенұлы,
Ыңғайлы, қырғиза ұқсар көрсең түрі.
Түрінен де, сөзінен, жүрісінен,
Екенін біле алмайсың қандай қыры.
Ақылы да оның көп, айласы да,
Көңілінің жылдам сезгіш айнасы да.
Бар дейді бұрынырақ ұмтылатын,
Түлкідей жалт ететін таймасы да.
Ісі де, таланты да қалыспайды,*

**Жұмсаса тегіс халық пайдасына.
Жастардың біреуінен кейін емес,
Қазақ деп жүрегінің қайнасы да.**

Қара қазақ:

**Болса да сыр, сыйпаты білінбеген,
Ойлап ек жігіт-ау деп епті келген.
Еті тірі, қазілез, өткір, пысық,
Және де талабы бар әр немеден.
Ойлаймыз естуменен бұрын бірақ,
Болыс боп, түсті екен әлде неден?**

Оқыған:

**Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,
Ынтасы жеткізбекке әйел халқын.
Және бар әйелге хас нәзік сезім,
Танитын бір көргенде-ақ істің нарқын.
Атақты Байтұрсынов «Мысалында»,
«Н-ға» деп өлең жазып, жайған даңқын.
Аяныш жұмсақ жүрек мейірбанды,
Ренжіткісі келмейтін тірі жанды.
Қайткенмен он облыс бар қазақта,
Әзір шыққан әйел жоқ сонан мәнді.
Бірге айтатын Нұрғали Құлжанұлын,
Жаңылмасақ бұлайша мұның сынын.
Қайратты, кең ойлайтын сабырлы адам,
Жасымайтын, бермейтін жанға сырын.
Турашыл жан бетіне қарамайтын,
Онан келер зиянды санамайтын.
Қазақтың ескі, жуан тұқымынан,
Жөпшендіні еске алып баламайтын.
Дүниеге қызықпайтын таза кісі,
Ондай кірлі нәрсемен жоқ жұмысы.
Салақтық не болмаса аңқаулық жоқ,
Тағы да, әм ретті қылған ісі.(С.Т. «Таныстыру»).**

Осылайша қара қазақ пен оқығанның сөздері арқылы басқа кейіпкер бейнесі сомдалып отырады. Осы тәсіл поэманың өн бойында жалғасады. Бұл өз кезегінде автордың кейіпкер бейнесін шебер сомдап шығуға апарған.

С.Торайғыровтың «Айтысында» дала ақыны мен қала ақынының сөйлесуі арқылы бір-бірінің сырт бейнесі көрінеді:

(Қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны)

Қала ақыны:

**Сен кімсің семіз, толық тән жағынан?
Өгіздей бар шығарсың әл жағынан.
Көрінген көрнегіңнен, жүрісіңнен,
Топастығың білінген әр жағынан.**

Дала ақыны:

*Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға алаш деген атты аламын.
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?
Ерікті ен даланың құсынша ұшып,
Ержеттім кеңшіліктің сүтін ішіп.
Сен құсап сармасадай ілбиткен жоқ,
Қаланың көшесінде жоқтық қысып.*

Кейіпкер тілінде қолданылған *семіз, толық, сармасадай ілбиткен* деген сөздерден екі кейіпкердің дене бітімі көрініп тұр.

***Кебеже қарын, кең құрсақ** кемеңгерім,
Сатулы емес ақыл жұртқа тегін[33].*

Кебеже қарын мен *кең құрсақ* екінші кейіпкердің портретін аша түседі.

Диалогтегі өз сөздері арқылы кейіпкердің бір сәттік бейнесі немесе көркем бейнесі жасалуы мүмкін.

Диалогте жазушы кейіпкерді сөйлету арқылы оның образын әр қырынан көрсетеді. Ол үшін әр түрлі тәсілдерді, тілдік құралдарды пайдаланады. Диалогте орыс сөздерін қазақ тіліне сай бұрмалап беруге, ауызекі сөйлеу тіліне тән қарапайым сөздерді қолдануға жазушы осындай мақсаттар үшін барады. Сол арқылы кейіпкерді өз ортасына, мәдени дәрежесіне сай сөйлете алады.

Ақыр Қамар:

- *Не болды, жарықтық, тоқтай тұршы! Сөйлесейік,- деп алдап тоқтатты да, мынаны айтып, көлеңкесін бір-ақ көрсетті де үйден шықты:*

Айтайын шын сырымды ауызба-ауыз,

Дөңкиген күйек сақал, сасық ауыз!

Ақ жүзді, ақыл-ойлы ақ сұқсырға

*Дәрі емес мал секілді **малды жауыз.***

Уай, шіркін, өмір сүрмек меніменен,

Мал шашып, маңызданған ебіңменен;

Өлсем де отқа күйіп, суға түсіп,

Бір минут тұра алмаспын сеніменен,- деп...[29].

Арды сатып, тірнектеп жинағанда,

***Жер жұтсын,** байлық берген бұл болса ырыс.*

Қалды менің күнәмнан бала туып,

Бұл күнәмді алармын немен жуып?

*Олар да бақ таба алмас **бейшаралар,***

Мен секілді өз нәпсің кетсе қуып[36].

С.Торайғыров қарапайым сөздерді кейіпкер тілінде қолдану арқылы кейіпкердің тілдік ерекшелігін танытады. Жоғарыда келтірілген үзіндідегі ерекшеленіп берілген сөздер арқылы сөйлемдердің экспрессивті-эмоционалды қуатын арттырып, айтар ойын оқырман көңіліне бірден, нақты жеткізеді.

«Тегінде кейіпкер сөзі дегеніміз – қаһармандардың әйтеуір сөйлей салу үшін ғана емес, сол сөйлеуші (сөйлесуші) адамдардың ішкі жай – күйін, тіпті болмағанда, қаға беріс бір мінез қылығын аңғартарлық, сөйтіп геройдың толыққанды бейнесін айқындап, толықтырарлық мақсатта болғаны жөн» [37, 132]. Мысалдағы кейіпкердің дөрекі сөзі мінезінің тұрпайылығын әшкерелеп, оқырманның жиреніш сезімін күшейтеді. Қаламгерлер прозасындағы сөйлеу тілі элементтері, қарапайым сөздер кейіпкер мінез-құлқын білдіруімен қатар, оның психологиялық-эмоциялық (кейіпкерлердің ішкі сезімі, қатты ашу – ызасы) күйін беру мақсатында қызмет етеді. Вульгаризмдер кейіпкерлердің ашу ызасын тереңдетіп, әсірелеп көрсетеді. Бұл дөрекі сөздердің орнына сыпайылау сөздерді қолданса, онда ол сөйлемдердің эмоциялық реңкі болмас еді.

Сөздерді ауыспалы мағынада қолдану амалы сөйлеу тілінде мәнерлегіштік әрі бейнелегіштік қасиет береді. Әдетте, сөйлеу тілінің эмоционалды сипаты басым болғандықтан, ауыспалы мағынада бейнелі сөздер сол сөз болатын зат, құбылысқа адамдардың көзқарасын білдіреді. Мысалы, *Нұрымның зұлымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен былиш-былиш насыбай, ішпей мас, әрі нас елу шамасында жасы бар, қой сақтардың басындай басы бар, жай форманың өзі сұп-суық бүйі секілді түксиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, добыра сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді*[29].

Осы мысалдағы *қой сақтардың басындай басы бар, жай форманың өзі сұп-суық бүйі секілді түксиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, добыра сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар* сөздері жағымсыз эмоцияны білдіреді. Қарапайым сөздер оқырманның жан-дүниесіне де әсерін тигізеді. С.Торайғыров шығармаларын оқи отырып, жазушының шеберлігіне, сөз өріміне разы болмау мүмкін емес. Қаламгер шығармаларындағы қарапайым қазаққа тән ауызекі стиліндегі сөздердің жиі кездесуі ұлттық нақышты танытса керек.

«Соқырдың қолына, саңыраудың жолына түспе» деп, қолына түскен соң сыпыра көңілі соқырлар өлген-тірілгеніне қарасын ба? «Ойбай, бұл дүзіқараныкі айла ғой» десіп, арбаға көтеріп ұрып, ең алдымен жөнелтті[29].

Жауы жанынан табылған жақындары жабылып діңкесін құртқан Омар сорлының құр қынжылып, сақалын жұлудан басқа не әдді бар? [29].

Кейіпкер бейнесін беруде жазушы кейіпкер тілінде қарапайым сөздерді де қолданады. Кейіпкер тіліндегі қарапайым сөздер туралы зерттеуші Х.Қожахметова : «Әдеби тіл нормасына сай келмейтін жай, дөрекі сөздерді қарапайым лексика дейміз. Ол әдеби тіл нормасына жатпағанмен көркем әдебиетте образ жасау үшін кейіпкердің сөзінде кездесіп отырады.

Бұл тілдік амал арқылы жазушы кейіпкердің ой-өрісін, өскен ортасын, әлеуметтік халін, мінез-құлқын көрсетеді»[38,62]деген пікір білдірсе, академик Р.Сыздық:

«Дөрекі, қарапайым элементтер, бөгде тілдік сөздер, әсіресе макронизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет

дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектеседі. Бұл стильдік тәсіл. Тәсілдің дұрыс қолданылуы жазушының сөз құдіретін қолдану шеберлігіне алып барады» [39,54] деген тұжырым жасайды.

Қаламгерлер шығармаларында кейіпкер тілінде қолданылған қарапайым сөздер кейіпкердің бір сәттік бейнесін жасауға да, көркем бейнесін беруге де қызмет етеді. Кейіпкер аузынан шыққан қарапайым сөздер оның шыққан ортасын, алған тәлім-тәрбиесін, мінез-құлқын, көңіл-күйін, ішкі сезімін де көрсете алады.

*Тым болмаса он бестен аспай жатып,
Қорлықпен өткенің бе, қайран күн-ау!
Шынымен сол Нұрымға кеткенім бе,
Бәлеге құтылмастай жеткенім бе?
Малы көп мал сияқты **пасық қақпас**
Жанымды соған құрбан еткенім бе?*[29].

Кейіпкер мінезін өз сөзімен беруде қарапайым сөздердің қызметі ерекше. Қарапайым сөздер диалог ішінде қолданылып кейіпкердің дәрежесін де көрсетеді:

*Бәлем, бермейтін мықты неме зой! Көрейін мұның сотын! Әйтеуір, сүйегін сындырып, көзін шығармай, өлмесе де өлімші қылыңдар! Дәндейін деген екен!.. Әлгі мені сүймеймін дейтін **дүзіқара қанишығы** қайда? Тигіз менің қолыма...- деп, төбет иттей гүрілдескен ашулы суық дауысы үйді басына көтеріп барады*[29].

Кейіпкер диалогында келген араб-парсы сөздері де белгілі бір стильдік қызмет атқарады:

*- Апырым-ай, дуа бойына әбден сіңісіп алған екен. Жүрегінің басына барып байлануға аз-ақ қалыпты. Мұны көптен неге қаратпаған? Сонда да әзір қатер деген сөз көрінбейді. Бойында қызылды-жасылды тіл-сұқ бола жабысқан көз секілді ұшығы да бар-ау өзінің... Тап осы кезде екі-үш түрлі аурудың басы қосылып, ерегісіп тұр екен: мұның ең әуелі ұшығы кетсін үшін жеті жылғы ту қойдың өкпесімен қағып, сары ешкінің қарнын құшақтату керек. Сонан соң жеті күн ұдайымен оқып **зікір** салып, басындағы **дуасын** аламын. Оған болмаса...- деп, ал емдеуге кірісті. Қақты-соқты, сойледі жоқты, үшкірді, түкірді - бәрін де қылды. Ақ шыны аяққа ішірткі қып, мынаны жазып ішкізді: Егер біркім ерсе бұ бұғаны бітіп ішсе бәс, кішіге жың **зәхмәти тидагай, межіреп дірки дұға бодыр**....*[29].

Бақсы араб-парсы сөздерін қосып, өтірік-шынды судай сапырады ұйқастырып. Бұл бақсының шала сауаттылығын, азырақ кітаби тіл үлгісінен хабары барлығымен қоса өтірік емшілігін танытады. «Қамар сұлу» романынан осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Кейіпкер бейнесін, оның мінез-құлқын, сезімін, көңіл-күйін кейіпкердің өз сөзі арқылы да беруге болады. «Әр қаһарманның сөзінде оның бүкіл ішкі бітім-мінезі, ақылы, ойы, арманы, білімі, мәдениеті, мамандығы, мүддесі тұтасып жатады. Әр сөздің айтылу тұсындағы адамның көңіл-күйі тағы да есепке алынуы тиіс... Бір романда әрі жинақтала, әрі даралана көрсетілген жүз

кейіпкер болатын болса, олардың жүз түрлі сөйлеу мәнері болуға тиіс» [40]– дейді З.Қабдолов.

Қаламгерлер кейіпкер бейнесін беруде, оның ішкі жан сарайын, мінез-құлқын ашуда портрет, диалог, монолог тәсілдерін шеберлікпен қолдана білген. Жазушы шығармаларында диалог кейіпкер бейнесін беруде портреттен кейінгі көмекші тәсіл. Жазушы шығармаларында кейіпкер бейнесін беруде қолданылған ең негізгі тәсілдердің бірі – портрет. Портрет жасауда жазушы әртүрлі амал-тәсілдер қолданады. Қаламгер туындыларында кейіпкер портреті авторлық баяндауда да кейіпкер тілінде де берілген. Авторлық баяндауда көлемді портреттер жиі кездеседі. Портреттің жұптық, топтық түрлері де орын алған. Жазушы қолданысында портреттің психологиялық портрет және мінездеме портрет түрлері жиі қолданылған. Жазушы қолданысындағы диалог-мінездеу кейіпкер мінезін даралап көрсетуде ерекше қызмет атқарады. Диалог-мінездеудің бір кейіпкердің сөзі арқылы екінші бір кейіпкерді мінездейтін, екі кейіпкердің өзара сөйлесулері арқылы үшінші адамға мінездеме беретін, диалогтегі кейіпкердің өз сөздері арқылы оның мінез ерекшеліктерін ашатын түрлері кездесті. Кейіпкер бейнесін жасауда, кейіпкерлердің бір-бірімен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын көрсетуде диалог қолданылған.

2.2 Көріктеу құралдарының кейіпкер бейнесін берудегі қызметі

Көркем шығармада кейіпкер бейнесін жасауда эпитет, теңеу, метафора, метонимия, синекдоха сияқты көріктеу құралдарының да қызметі ерекше. Кейіпкердің сыртқы бейнесін, ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын бейнелі суреттеп, тілге көркемдік беріп, оқырманға эмоционалды-экспрессивті әсер етеді.

Қаламгерлер шығармаларында эпитеттер кейіпкер бейнесін жасауда талғампаздықпен қолданылып, сол арқылы кейіпкер бейнесінің әртүрлі қырларын шеберлікпен суреттейді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров дәстүрлі көркемдегіш құралдарды мол пайдаланады. Солардың бірі – эпитет. Мұны ақын көп қолданады десе де артық емес. Өйткені барлық ақындарға қарағанда Сұлтанмахмұт шығармаларында адам басты шешуші міндет атқарады. Ол адамды бейнелеуге тіпті көп көңіл бөледі. Өйткені оның шығармаларында табиғат көрінісі, көңіл күйі шегіністері көп бола бермейді. Шығарма өзегі адам болғандықтан оның мінез-құлқын, түр-сипатын, іс-әрекетін алдымен айқындамалар арқылы беру оңтайлы келеді.

Оқырман атаулыларға жақсы белгілі «Таңқы мұрын, быртиған, қара бұжыр» өлеңінде бір адамды сипаттау үшін сансыз айқындама қолданылады. Сол өлеңде кездесетін мынадай айқындама сөздерді атап өтсек те жеткілікті: *таңқы, быртиған, бұжыр, көк (көз), шолақ (иек), қадау сақал, тапал бой, қара көңіл, топас ой, арам дене...* Осы айқындамалардан көз алдымызға ұсқынсыз бейне толығымен көлбендеп тұра қояды.

«Күншіл ақ кірпік» өлеңінде бұрын қолданылмаған немесе сирек қолданыста жүретін айқындамаларды кездестіреміз.

Меніңше, сендей кеше молда болмас,

Тар кеуде, шымшық басқа оқу қонбас.

Мұнда «тар» деген сөздің орнына көбінесе «соқыр», «қараңғы», «көр» сын есім сөздері қолданылар еді. Ал «шымшық» сөзі құс атауында болмаса, тіпті кездеспейтін. Кейде осының бәрінің орнына «көк ми» деп те айта беретін. Ақын болса, басында ойы жоқ, миына ештеңе кірмейтін ақылсызды жоғарыдағы айқынадамалармен шындыққа жақындастыра түседі.

«Жан қайда әділетті іздейтұғын» өлеңінде күрделенген айқындама қолданылады.

*Ішінде ит өлігі жатқан қыз көп,
Көрге бірге түсетін бетін ашпай.*

Бұдан адам баласы басына берместей ауыр азап тартқан, бірақ тіс жарып сыртына шығармаған; өмір бойы өкінішті тіршілік тауқыметін тартып, ұяттан күйіп өлген, бақыты мерт болған қыздар тағдыры елестейді. Ауыр тағдыр, азапты өмір. «Сарбас» өлеңінде кедей бейнесін жасау үшін қолданылған эпитеттер мынадай:

*Жалаң бас, жалаң аяқ, жыртық дамбал,
Кір көйлек, қомыт күні, шидем шалбар.
Сары үрпек, көгілжім көз, өңі жүдеу,
Қу мойын, аш қабырға аңғал-саңғал.*

Жалаң, жыртық, кір, қомыт, шидем, көгілдім, қу, аш сияқты сөздер адам бейнесін бірден береді.

Эпитеттер «Сымбатты сұлуға» өлеңінде де толып тұр. Ондағы *қыли топас, ешкі бас, ошақ мұрын, ат мұрын, салтақ бет, төстек*, тағы басқалары ақын бейнелеп отырған тұлғаны ұмытпастай қылады.

Оның үстіне бұл қолайсыз эпитеттер қызға арналған. (Біз туралы кейіпкер бейнесін берудегі тілдік-стильдік тәсілдер туралы тарауда айтқан болатынбыз.Ж.Б.) Қыз үшін де, әйел үшін де ауыр сөздер деп қана бағалау керек.

Ол – «Маңайымнан әрмен кет өлеңі»:

*Маңайымнан әрмен кет,
Жанды қуыршақ арам ет.
Алдап елдің көз құртын,
Құр бояма қызыл бет.*

Осындағы *арам, құр бояма қызыл* эпитеттері де қызға жеңіл тимейді. Қатты масқаралайды. Байқап отырсақ, сыншыл, шыншыл ақын қаламынан ешкім де, ешнәрсе де тыс қалмаған.

Ақынның «Таныстыру» поэмасында Әлімхан Ермековке байланысты мынадай эпитет қолданылады:

*Ол әлі жап-жас бала кірленбеген,
Шынды айтудан танбайтын еш пендеден.*

«Кір» деген сөзді «көңіл», «жүрек» сөздеріне тіркестіре қолданған Абай еді. Ал Сұлтанмахмұт бұл эпитетті «бала» сөзіне тіркестіреді. Ақын «кірленбеген» эпитет арқылы өмір сынынан толық өтіп болмаған, қулық-сұмдықты малданбаған, өтірік-өсекке араласы жоқ балғын жастың,

болашағынан дәмелі жігіттің әділ бейнесін жасайды. Әлімханды әртүрлі айтыс-тартыс толқынның құрбаны болып кетуден сақтандырады.

Тағы бір бұрын кездесе бермеген тың эпитет:

*Тап берме, құр даурықпа, жеңіл ақыл,
Көрмегенсіп жүретін жұртты мақұл.*

Осындағы «жеңіл» сөзі көбінесе «мінез», «жүріс» сөздеріне тіркесетін. Сұлтанмахмұт болса, оны «ақылға» тіркестіріп, ұшқалақ мінезді, тайыз ойлаушы адам бейнесін жасайды.

Осы поэмада тағы да жаңаша жасалған эпитеттер түрлері кездеседі.

*Ұмытқан оқуларын былай қойсақ,
Саяз жүрек, ұсақ ой, тынысы тар.*

Бұрын саяз жүрек, ұсақ ой тіркестерін кездестірмеуші едік. Сұлтанмахмұт мұндай тыңнан тіркес құрау тәсілінен тайсалмайды. Ол авторлық айқындамаларды еркін қолданады. Бұл жерде айтылып отырған эпитеттер ұсақ-түйек мінезді адамды бейнелеу қызметін атқарып отыр.

Сұлтанмахмұт эпитеттері өне бойы ұнамсыздық сипатын беру үшін пайдаланды деп ұқпау керек. Сұлу, ақылды арулар жайындағы өлеңдерінде ұтымды қолданылған эпитеттердің талай түрлері бар.

Ақынның ойын жеткізетін құралы – тілі. Ол тіл - өткір, оқырман сезімін селт еткізер ұшқыр болған сайын оқырман жүрегінен орын ала түсті. Міне, өз заманында жыр-аңызға айналған, өзіндік өрнегімен қазақ поэзиясының төрінен ойып тұрып орын алған қаламгердің бірі Иса Байзақов екендігі мәлім.

Лирикалық шағын өлеңдерден бастап, эпикалық поэмаларымен халық жүрегінен мәңгі орын алған ақын шындықты дәл көрсетіп, айқын да бейнелі, адамдардың ой сезіміне әсер ететін образдар жасайды.

Эпитет кейіпкердің портретін жасауда ұтымды қолданылатын тәсіл болып табылады. Иса шығармаларында кейіпкер портретін беруде дәстүрлі эпитеттен бастап ақынның өзіне ғана тән эпитет түрлерін молынан ұшыратуға болады. Мысалы:

*Қабакты қараторы, ұзын бойлы,
Кірпінкті, бурыл сақал, терең ойлы...
Бұрылып үлкен мұрын, ойлы түспен,
Халқына бір жағалап қарап қойды [31,11].*

Келтірілген эпитеттер кейіпкердің жан дүниесіндегі нағыз ерге тән бірбеткейлік, ерлік істерге бел буа алатын қайсарлықты танытқандай болса,

Кең маңдайлы, бота көзді, ..

Жұп-жұмыр үлбіреген алма мойын,.. [31,26].

тәрізді эпитеттер нәзік те пәк қазақ аруының түр-келбетін көз алдыға әкеледі. Портрет жасау әдісінің тамаша үлгілерін тудырған ақын Құралайдың сұлулық көркін елестеткенде, «*Күнмен шағылысқан асыл бриллиант*», «*киінген асыл киім*», «*қарақаттай мөлдіреген көз*», «*нұрланған ақша бет*», «*жарқын жүз*», «*апнақ тән*», «*арудың сүйріктей сұлу саусағы*» бірін-бірі ажарлап, жан біткенді тамсандырып, хор қызын тұлпармен жортып бара жатқан күйінде көз алдыға келеді. Міне, жан дүниесінің мөлдір тазалығы мен сыртқы

бейнесінің сұлулығы астасып берілген Құралайдың бұл портреттік сипаттамасынан, сөз жоқ, Абай суреттерінің әсері елес бергендей.

«Портрет персонажа – это описание его наружности: телесных, природных, и в частности, возрастных свойств (Черты лица и фигуры, цвет волос), а также всего того в облике человека, что сформировано социальной средой, культурной традицией, индивидуальной инициативой (одежда, и украшения, прическа и косметика)» [41,218].

И. Байзақовтың «Ақбөпе» поэмасындағы шығармашылық табысы – оның Ақбөпе сияқты сүйікті кейіпкерінің тамаша бейнесін жасай алғандығы. Ғасырлар бойына рухани азап шегіп, трагедиялық махаббаттың тақсиретін тартып келген және осы аянышты тағдырына қарсы әрдайым қажырлылықпен күресіп келген қазақ қызының шынайы да тұлғалы бейнесін ақын «Ақбөпе» поэмасында әсіресе зор көркемдік қуатпен жасады.

*Екі беті уылжып қаны тамып...
Кең маңдайлы, қыр мұрын, бота көзді,
Түрімен ұқтырғандай айтпақ сөзді.
Құлқында жан тартарлық терең сыр бар,
Танымай ма дегендей-ақ өмір бізді
...Жанары екі көздің жанған шамдай
Анасы махаббаттың жер құлпырды...
Нұрланып жанарынан күлді сұлу... [32].*

Мұндай жағдайды ақын өте жарқыратып, құлпыртып ақындықтың күшімен ерекше әсем махаббат дүниесін жасағандай болады. Иса суреттеуінде сұлулықты, әсем көріністі, адамның ішкі жан сырын, қас-қабақты қағуы арқылы да, немесе, қуаныш, сүйініштері арқылы да әр алуан құбылыстарға байланысты терең ашып көрсетуге тырысады.

Кейіпкер бейнесін жасауда көріктеу құралдарының ішінде әсіресе теңеудің қызметі ерекше. А.Байтұрсынұлы теңеуге мынадай анықтама береді:

«Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бейнесін сүгіреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз. Теңеу екі түрлі: Әншейін теңеу, әдейі теңеу. Екеуінің арасындағы айырмасы сол: әншейін теңеу – әдетті теңеу болады, мәселен, удай ащы, айдай жарық, күйедей қара дегендегі «удай», «айдай», «күйедей» деген сөздер – әдейі теңеу» [42,157].

Ғалым Т.Қоңыров «Қазақ теңеулері» атты еңбегінде теңеудің жасалу жолдары мен түрлерін жан-жақты қарастырады. Еңбекте ғалым теңеуге мынадай анықтама береді:

«Теңеу дегеніміз - ұқсас ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші бір затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [43,7].

«Теңеу – құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Әр нәрсені салыстыру негізінде жасалатын бейнелі сөздер, туынды мағыналы сөздер, құбылту түрлері аз емес. Олардан теңеудің айырмасы – мұнда

салыстыру тура, айқын көрінеді. Нені және немен салыстырғаны анық болады. Мқны сөйлеу тіліндегі қарапайым теңеулерден аңғаруға болады. Мысалы *басы қазандай (болып), жүрегім аттай тулап т.б.* поэзиядағы теңеулердің айырмасы, онда тек белгісіз нәрсені белгілі қарапайым нәрсемен салыстыру үшін не нәрсе алынады, қандай нәрсе немен салыстырылады, оған көп мән беріледі» [43,32].

Теңеулер кейіпкердің сырт бейнесін, портретін беруде, киімін, жүріс-тқысын суреттеуде жиі қолданылады.

Сұлтанмахмұт Торайғыров та теңеуді шебер қолданады. Теңеу – қазақ әдебиетінің мол қолданыстағы көркемдегіш құралы. Ол әдістен Сұлтанмахмұт та қағас ала алмады. Сөйтіп, онда теңеудің –дай, -дей, -тай, -тей, -ша жұрнақтары мен секілді шылауымен келетін түрлері бар.

«Жарқанбай» өліңінен –ша жұрнағымен жасалатын теңеу түріне мысал келтірейік:

*Мысықша, көп көзінше көзін жұмып,
Түн болса, тышқан аулап, түнде жортқан.*

Өлең қыз мінезін сипаттауға арналған. Ақын тым қатты кетіп отыр. Қыз үшін *мысықша*, көп *көзінше* /кейбіреулер *мысықша* сөзінен кейін үтір қоймай, оны *көп көзінше* сөзімен бір контексте қарап, *көзінше* сөзін теңеу емес деп те ойлауы мүмкін. Себебі *мысықшаны* алып тастағаннан сөз мағынасы бұзылмайды, сөйтіп бұлар бірыңғай мүшелер қызметін атқарады/айқындамалары тиімді емес-ақ. Бұл арқылы өзін періште санайтын қыздың қылығындағы аярлық, жасампаздық сыналады.

«Жарқынбайда» Күләйменің күйеуін былай суреттейді:

*Буаз қатын секілді шартиганда,
Айран құйып байлаған бір жанторсық.*

Буаз қатын секілді теңеуі арқылы қатты мысқалдау бар. Ер адамды буаз қатынға теңеу – қорлау.

Бұдан басқа ақын қазақ тұрмысына тән құбылыстардан теңеулер жасайды. Мысалы, *тұлыпқа мәңгіреген сиырдай боп, жүректің қызыл қаны құртша қайнап, төбетке тағып қойған қарғыдай қып, тұрмыс диірмен тасындай айналады, наданды әркім жейді нандай илеп, аңшының итіндей боп алақтаса, биенің құлынындай жарасушы ем, ұйпалақ ит жүніндей желке шашың, қаз алатын қарындай, өлімтіктей тастар едітке сүйреп, шөп беріп асыраған малдай еді, ертең биттей сықпайма халық мені, кедейдің қанын сорып, жүндей илер, түлкі алатын қырандай шүйілгенде, далада қазақ малы жүрген аңдай.*

Теңеу сөздер қазақтың табиғи ұлттық тұрмыс салтын білдіретін сөздермен тіркесіп, поэзияны көріктендіріп тұр.

*Арудың ақ мамықтай қайран тәні,
Моншақтап тарам-тарам ақққан қаны [32,197]*

*...Көк бұлттай көгеріпті тиген таяқ,
Қиналған қиянатпен жастық жаны... [32,197].*

И.Байзақов поэмасының әр бетін ашқан сайын осындай суреттерден көз алмайсың... Сұлу қыздың көркін суреттегенде арудың мінсіз портретін берудегі

теңеулер де акын кейіпкерінің жан сырын, көңіл күйін, тұрмыс-тіршілігін диалектикалық бірлікте суреттеуде өте шебер жұмсалған. И.Байзақов шығармаларындағы теңеулер бірде кейіпкерлердің кескін – келбетін, бет пішінін, сыртқы көрінісін, тұлғасын, портретін беру үшін қолданылса, бірде кейіпкердің мінез – құлқын, көңіл – күйін, ішкі сезімін ашуда таптырмас тәсіл ретінде пайдаланады. Мұнда да акын қазақ әдебиетінде үнемі ұшырасатын дәстүрлі теңеулерден бас тартпайды, оларды сәтті пайдалана отырып, төкпе акынға тән тамаша теңеулерін де ұтымды қолданады.

«Төңкерген тостағандай бетегесі», «Күмістей су лақтырған өзендері», «От жанғандай жарқырап екі көзден», «Ажалдай түсі суық аспан асты», «Күмістей аппақ тәнге күн шағылды» теңеулері қалыпты дәстүрдегі теңеулер болғанымен, акын оны белгілі бір көріністі беруде сәтті пайдаланған деуімізге болады. Аталған теңеулердің бәрінде қазақ көркем ойлауының ұлттық ерекшелігі өзінің бар болмысымен көрінеді. Жоғарыда келтірілген теңеулердің қатарындағы *төңкерген тостағандай, күмістей, от жанғандай* теңеулердің предметі заттық ұғымдар болып келеді. *Ажалдай* дегенде ажал - абстракт ұғым. Кейіпкерлердің күйін, қорқыныш сезімін жеткізуде *ажалдай түсі суық* халықтық теңеуін орынды қолдануы жазушының шеберлігі. Адам жанын түсініп, адамзаттың ішкі сезім иірімдерін жеткізе білген қаламгердің мықты психолог екендігін танытады.

Теңеулер айтылатын ойға байланысты әр қилы мағына туғызады. Шығармаларда теңеулер арқылы кейіпкерлер бейнесі суреттеледі әрі автордың көзқарасы беріліп отырады. Негізінен теңеулік образдардың барлығы қазақ өмірінен, танымынан алынған. Эмоциялық-экспрессивтік әсері күшті авторлық теңеулермен қоса, қазақтың байырғы, дағдылы теңеулері жаңаша түрмен қолданысқа түсіп, шығарма тілін шұрайландырған деп қорытуымызға болады.

Сезім мүшелерімен қарым-қатынасына қарай ғалым Т.Қоңыров қазақ теңеулерін төмендегідей функционалдық топтарға бөледі:

- 1.Көру теңеулері
- 2.Есту теңеулері.
- 3.Дәм сезімі теңеулері.
- 4.Тері сезімі теңеулері.
- 5.Иіс сезімі теңеулері.
- 6.Сезім-күй теңеулері.

Қаламгерлер кейіпкер портретін беруде теңеулерді сұрыптап, ұтымды қолданып, соның нәтижесінде сөз әсерін күшейтіп, кейіпкердің сыртқы бейнесін оқырманға әсерлі етіп суреттейді. Суреттеліп отырған кейіпкердің бет бейнесін, тұлға-тұрпатын көз алдымызға әкеліп, ол туралы дәл, нақты сипаттама беруге қол жеткізген. Ғалымның теңеулерді топтастыруына сана-сезім теңеулері деген жіктеуді қосып, осы теңеуді жазушылар өз шығармаларында кеңінен қолданып отырғандығын айтуға болады.

Көру теңеулері кейде кейіпкердің қимыл әрекеттерін бейнелі суреттеу арқылы оның мінез-құлқын, жағымды, жағымсыз қасиеттерін де көрсете алады.

Кейіпкер бейнесін жасауда, оның көңіл-күйін, ішкі сезімін суреттеп жеткізуде сезім-күй теңеулері ерекше қызмет атқарады. Сезім-күй теңеулері

теңеудің басқа функционалдық топтарына карағанда, өзінің семантикасы жағынан да, стильдік ерекшелігі жағынан да, эмоциялы-экспрессивтік есері жағынан да айрықша топ болып саналады.

Шығармаларда қолданылған теңеулерді кейіпкер образын сомдаудағы, оның портретін, мінез-құлқын суреттеудегі қызметіне қарай төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1. Кейіпкердің сыртқы кейпін, бет әлпетін суреттейтін теңеулер;
2. Кейіпкердің мінез-құлқын суреттейтін теңеулер;
3. Кейіпкердің ішкі сезімін, көңіл-күйін суреттейтін теңеулер;
4. Кейіпкердің қимыл-әрекетін, жүріс-тұрысын суреттейтін теңеулер.

Әдебиет – көркем өнер. Ол көркемдегіш құралдарсыз бейне жасай алмайды. Тегінде ақын-суретші. Ал суретінің көрінісі – бейнелі сөздер. Сұлтанмахмұт поэзиясындағы бейнелілік алдымен баламалар арқылы беріледі. Ақын қолданған баламалар мына мысалдардан мол көрінеді.

*Болғанда көзің – жақұт, етің – торғын,
Қасың – ай, шашың – жібек, мамық тамақ.
Көзің – нұр, сөзің – алма, аузын – алтын,
Самород, қоспасы жоқ нағыз балқын*[33,24].

Осында асты сызылған балама сөздер оқушы мен тыңдаушыны сұлулығымен, әсерлілігімен таң қалдырады. Сонан соң ақын өзінен бұрынғы ақындар ізімен жүргісі келмейді. Егер бұрыннан таныс сөзің - бал деген баламаны пайдаланса ақын үлкен табысты бола қоймас еді. Сондықтан балдың орнына алма баламасын алған. Ал қыз ернін суреттеу үшін бұрын оймақ ауыз дейтін, бұл жолы ақын оны алтын эпитетімен ауыстырған. Сөйтіп осы кішкене суреттеудің өзінде ол ел әдебиеті қолданыстарынан біраз іргерілейді.

*Ақынның кітап та - өзі, газет те - өзі,
Пошта да - өзі: таралар айтқан сөзі.*(Сонда. 220-бет.)

Ақын мұнда тіпті өзгеше, өзінше баламалар тапқан. Ақынды даланың барлық жақсылығын, жаңалығын таратушы жаршысы мағынасында дәріптейді. Шыңында оның бұл айтқандары дала өмірінің ақиқатына сәйкес келетіндігі күмәнсіз.

Сұлтанмахмұт үйреншікті жауыр балама, айқындағыштардан саналы түрде бас тартқан. Көкемдік сәнін келтіруші құралдарды іріктей түскен. Тағы бір ерекшелігі – бұрынғыдай қыз атаулының бәрі қызыл алма демейді. Көріксізді де, ақылсызды да сипаттайды. Ажарын ақыл орнына жұмсап, бағасын асырмақ болғандарды қатты сынайды. Әрине ақынға шын ару аса қымбат, шын сұлу бағалы, шын ақылды ерлерден де артық. Әйтпесе ол:

Ақ сәуле, күміс жүзді, құндыз қабақ[33,24].

демес еді. Осындағы *ақ, күміс, құндыз* айқындауыштары орынды да шебер пайдаланылған.

Ақын қыздарға тиісе береді екен деген түсінік те болмауы керек. Ол мал буына семіретін, қарымтасы жоқ, қайырсыз жігіттерді де түйрей отырады.

Ақын сөздерінің ішінде сирек кездесетін, бірақ мірдің оғындай нысанаға дәл сөздер баршылық. Мысалы:

Дүние – қызықтырған қызыл киік[33,46].

Киіктің жүйріктігі жұрттың бәріне мәлім. Ақын дүниені де сол қызыл киікке балайды. Әрі жай қызыл емес, шынында да адам қызылшыл ғой, қызықтырған қызыл киік. Мұнысы жай қолданыс емес, өмірге өз тұрғысынан философиялық түйінді баға беру ғой.

Жазушылар шығармаларында кейіпкер тілінде қолданылған метафоралар тілге бейнелілік, көркемдік берумен қатар ойды анық, дәл жеткізу қызметін де атқарады.

Ақынды заман да, қоғам да мазалады. Ол бәріне де риза емес. Кейде туған халқына да реніш білдіреді.

...Қурап қалған қазақ – сабан[33,179].

Саяси-әлеуметтік өмірден құр отырған, экономикалық-шаруашылық саласында шеттетілген елді басқаша айту да мүмкін емес шығар. Бұдан талпыну керек, күресу керек деген қорытынды шығады.

Біздің байқауымызша, ақын балама сөздерді құбылта береді. Оның баламаны пайдалану шегі жоқ сияқты. Халқын басқа халықтармен, өзін басқалармен салыстырады. Содан келді де ақиқат құбылысының бәріне балама іздеді. Осы салыстыру, балама қолдану нәтижесі ақынды осындай қорытындыларға тіреді. Әкімдердің әділетсіздігін сөкті, қалың жұртшылықтың шамадан тыс жуастығын мінеді, өзінің халыққа қол ұшын бере алмандығына өкінді, күйінді. Сөйтіп, әрбір сөзі, әрбір ойы оқырман ой-сезіміне әсер етті. Елдің де, ақындардың да сыйлы, қадірлі болғандығын, өмірден өз сыбағасын жасқанбай ала білуін қалады.

Сұлтанмахмұт шығармашылығының үлкен тағы бір ерекшелігі деректі зат пен дерексіз ұғымды қиюластыру арқылы метафоралық тіркес құра білуі деуге болады. Бұл жаңынан алғанда оған Абай ықпалы айқын сезіледі. Ақын сөздерінен мысалдар келтірелік: *көзім нұры, көңілім нұры, арамдық теңізі, тұрмыстың көк шолағы, тұрмыстың оғы, достық жібi, дүниенің дөңгелегі, ләнет бұлты, жүрек мұзы* сияқты тіркестер Абайдан кейін осы Сұлтанмахмұтта кездеседі. Метафоралар ерекше бейнелілігімен қатар танымдық қызмет те атқарады. Олар дерексіз ұғымдарды анықтап түсіндіреді. Сол арқылы жазушының немесе кейіпкердің ойын дәл жеткізуге көмектеседі.

Метонимия тәсілі де теңеу мен метафора сияқты кейіпкердің белгі, қасиеттерін ерекшелеп көрсетіп, оқырман назарын аударуда, тұспалдап, астарлап жеткізуде тиімді тәсіл болып табылады. Метонимия:

- Кейіпкердің сыртқы кейпіне қатысты белгілерін көрсетеді:
- Кейіпкердің жас шамасын көрсетеді:
- Кейіпкердің мінез-құлқына қатысты ерекшеліктерін көрсетеді:

И. Байзақов та метонимияны қолдануда белгілі бір мақсат көздегені айқын және ол мақсатына жеткен деп ойлаймыз. Сөзімізге дәлел ретінде мысалдарға назар аударайық:

*Өмір сүріп, өркендеп, ұрпақ өсір,
Соны сенен тілейді сүйген **жүрек**...[31,41].
Оңайлыққа түсетін көрінбейді,
Байқадым жаудың **беті** сондай суық...[31,21].
Дене шошып, **жан** қорқып тітіреп кетті,*

Балдырған жас үмітке қауіп жетті...[31,24].

Келтірілген мысалдардың барлығында ақын адамның дене мүшесінің бір бөлшегін метонимия етіп алған. Бұл - көптеген қазақ ақындарына тән дәстүрлі метонимия. Исаның қолданысындағы жоғарыдағы метонимиялар кейіпкердің әртүрлі психологиялық көңіл күйін білдіру үшін жұмсалған. Бірде ол өмірден жақсылық күткен, арманды жастың құйтақандай «жүрегі» ретінде алынса, енді бірде қауіп-қатер төнген жанның бүкіл «дене, жаны» метонимия қызметін атқарады. Сондай-ақ жаманаттан хабар беру үшін жаудың «бетін» метонимия етіп алу арқылы болашақтағы келе жатқан қауіпті меңзейді. Бұдан басқа Иса ақынның өзіне тән авторлық метонимиясы да баршылық.

Сұлтанмахмұт Торайғыров та белгілі бір құбылысты, әсіресе ұнамсыз нәрселерді ақын өз атымен атамай, басқаша айтады. Алмастырады. Бұлайша көркемдеу өлеңнің эстетикалық әсерін күшейтіп, бояуын қанықтыра түседі.

Нашарды, момындарды еzbейтұғын[33,25].

Мұндағы *нашар, момын* – кедей пақырлар. Көрсетілген сөздер орнына *ауыр* деп те жазуға болатын еді. Бірақ шығарма мәні әлсіреп кетер еді немесе түсіне қоюға қиынға түсер еді.

Мәстек шауып, тұлпардан бәйге ала ма?[33,31].

Әңгіме мәстек туралы да, тұлпар туралы да емес. Адам туралы. Сөйтіп ақын наданды *мәстекке*, парасаттыларды *тұлпарға* алмастырады. Бұлардың орнына бұрынғыша «Байтал шауып, бәйге алмас» деуге де болатын еді. Осы сөздер арқылы әлін білмейтін әлектерге де, ақылды ел басыларға да кеңес беріп отыр. Өмірді, өнерді, қабілетті орнына жұмсау қажеттілігін айтып отыр ақын.

Күләйме қосақталса бұл есекке,

Арам өлген бір аққу, қарға шоқыр[33,34].

Қаншама күшін пайдаланып, көлік орнына жұмсасақ та есекті жылқы малынан төмен ұстаймыз. Сондықтан болуы керек, кейбір тоғышар, топас, надандарды есек деп те атаймыз. Күләйменің болашақ күйеуі де сондай жан. Ақынның қызға жаны ашиды, ана адамға ызалы, ашулы қарайды. Қызды оған тең емес, дұрысырағы қызға ол тең емес деп есептейді. Содан келіп, үлкен әлеуметтік мағыналы наразылық туады.

Ондай топас жандарға, сезімі шектелгендерге ақын:

Надандықтан екенін білесіз бе,

Көрінгенге болғаның семіз жемдік? – [33,43].

дейді. Ақырында осы надандық басқаның отары болуға жеткізді. Мал-мүлкін талауға түсті. Халық қадірі кеміді. Елдік сиқы есіркерліктей дейді. Семіз жемдік болу – қорлық. Осы жай ақынды ызаландырады. Түсін, маған ілес дегенді айтпақ ниетін тудырады. Алмастыру тәсілі ақынның көптеген сәтті шумақтар құрауына, ой-пікірін өткірлей түсуіне жеңілдік келтіреді. Өз намысын да, өзге намысын да оятады. Тағы бір мысал келтірелік:

Езді ғой кәрі шандыр тілегіңді[33,61].

Ақынның *кәрі шандыр* деп отырғаны малға бөктіріп, жас қызды алып отырған шал. Бір тамашасы – *шандыр* сөзін соншама орынды тапқан. Егер назар салсаңыз, еті қашып, тері мен сүйегі қалған кәрі адам шынында да шандырға ұқсайды.

Бұдан басқа да алмастыру тәсілін пайдалану мысалдары жеткілікті. Ақын өз елін басқалармен бірге талап, жаудан жаман тиісіп отырған басшы атанғандарды, шынына келсек, сатқындарды борсық, түлкі, жылан, шаян, канқұмар, қаражүрек, қасқыр, қоңыз, доңыз, ит, құзғын, арам, жуан қарын, қанды балақ, қорқау, тағы басқа сөздермен бейнелейді. Ақынның өлең текстері ішінде кездесетін *тұзақ, қақпан* дегені – отарлау саясатының амалдары. Осы сияқты алмастыру амалымен басқаша атаған көптеген ұғымдар бар. *Мың қара – жылқы, жанды қуырышақ – жеңілтек қыз, қалың торы – ескілік шырмауы, күйе – жала*, т.т.

Ақын өлеңдерінде ауыстырма қолдану сөздерінің бір тобы синекдоха деуге болады. Мұны да ақын шебер қолдану арқылы көркемдік сапаны жетілдіре түседі.

Қазаққа басшымыз дер шляпалар[33,63].

Шын өмірге жеткенше

Талай *шааштар* ағарар,

Талай *тәнді* жер алар[33,127].

Әділдік орнамасқа көзім жетті,

Дүниеден ет жейтұғын *ауыз* құрымай[33,182].

Шиеттері *қызыл қарын, үрпек бастар*[33,306].

Қазақ өмірін білмейтін *шааштыларға*,[33,215].

Бұл мысалдарда оқушыға түсініксіз ештеме де жоқ. Өйткені *шляпалар* деп отырғаны қаланың кеңсе қызметінде жүргендер даладағы елден өздерін артық санайды, қағаз көшіргенді, отаршыл өкімет адамдарына қызмет істегендіктерін жетіскендік деп ойлайды.

Шааш, тән сөздері адам деген яғни басында билігі, алдында теңдігі жоқ қыр қазағы дегенді білдіреді.

Ауыз – қырдағы, қаладағы паракор жебірлер. Олар тұрғанда ел дегеніне жетпейді, мақсатын орындай алмайды. Ақын осыны меңзейді.

Қызыл қарын, үрпек бастар – қазақ жастары. Үлкендердің жағдайы жоғарыдағыдай болғанда, олардың халі мүшкіл екендігі өзінен-өзі белгілі болып шығады.

Шааштылар – басқа ұлт өкілдері, дұрысырағы отаршыл өкімет шенеуніктері. Қазақты қорқытатын да, «жарылқаймын» дейтін де солар. Олар көбінесе тілмәш, конторщик қызметінде отырып-ақ қазақ терісін сыдырып алады. Паракорлықты өрістететіндер де солар. Қыр қазағының айтқанын бұрмалап, ағын қара, қарасын ақ дейтіндер де солар. Сондықтан олар қазақтың қамқоршысы емес, соры.

Ақындар дәстүрінде айтайын дегенін ашып айтпай, астарлап жеткізу – бұрыннан келе жатқан жәстүр. Мұны ел әдебиетінде, халық ақындары шығармашылықтарынан жиі кездестіреміз. Астарлаудың ғасырлар бойы қалыптасқан, тұрақты бейнелік тізбегі бар. Мәселен: *найза, қылыш, алдаспан, семсер, наркескен – қайсарлықты, өткірлікті бейнелесе, күн – қуанышты, жалғыз аққу – сыңарлықты, жетімдікті, сарғайған жапырақ – сағынышты, аққан өзен – айырылысуды, топан – төпелеген бақытсыздықты, дауыл – астанкестен аласапыранды*, т.т. білдіреді.

Сұлтанмахмұт **астарлау** тәсілін көбінесе ақпан мен қазан айларында болған төңкерістерді, солардың салдарын білдіруге пайдаланды. Бұған бір-ақ мысал келтірсек те болады. «Дауылдағы әбігер» осындай кезеңнің сипаты болатын. Тап осындай көріністі бейне «Сарыарқаның жаңбыры» деп аталатын жыр. Кейде оқырманын тығырықтан шығару үшін өлең ішінде өзі де түсінік беріп кетіп отырады.

Бұл мысалдың мәнісін ұға алсаң сен,

Келген заман – бостандық, жаңбырмен тең[33,119].

Тап осылай жазу қазақ әдебиетінде Сұлтанмахмұт әкелген жаңалық, бейнелеу өнерінің келелі табысы деуге керек. Тегінде Сұлтанмахмұт пайдаланған астарлау тәсілі ХХ ғасыр басындағы әдебиетімізде әдәуір дамыды. Мұның мысалын Сәкеннің төңкерісшіл жырларынан, С.Дөнентаевтың сықақ өлеңдерінен, берідегі Сәбит, Ілияс, Әбділдә, Тайыр шығармаларынан топтап келтіруге болады.

Сонымен бірге, ақында өлең арасында кездесетін астарлау мысалдары көп. Оны ақынның өзі өмір сүрген ортаның адамдарын бадырайтып бетке баспауды мақсат еткендігінен туған тәсіл демекпіз. Мысалы, «Жарқынбай» өлеңінде өзінен ақылы да, адамшылығы да төмен кісіге ұзатылған Күләймені сол ауыл өмірінен табуға болады. Егер қыздардың теңіне берілмеуі көп кездеседі десек, Күләйме, Жарқынбайлар да аз емес-ті. Оны біреуі болмаса біреуі нақты тұрмыс тіршілігінен алынғаны даусыз. Оның үстіне Сұлтанмахмұттың барлық өлеңдерінің арналған адамы, бағытталған оқиғасы бар. Сондықтан ақын ашу-араздық тудырмау үшін де осы тәсілді пайдаланды.

Ақынның шоқтығы биік жырының бірі – «Шығамын тірі болсам адам болып» деп аталады. Бір шумақ келтірелік:

Мен – балаң жарық күннен сәуле құған,

Алуға күнді барып белді бұған.

Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,

Болмасам туған айдай балқып туған[33,66].

Жырды әдеби – көркемдігі жағынан әгімелейтін болсақ, бірінші тармақтың өзі-ақ терең тарихи мағынаға ие болып тұр. Халқым деп еміренген ұл азаматтық парыздың биік тұғырына ұмтылады. Еліне кісілік қызмет етпек. Ғасырлар бойы ғылым – білім байлығынан кенже келе жатқан халқын білімдендірмек, дүниесін жарқыратпақ. Екінші тармақ астарлы мағынаға бай. Күн өз мағынасында айтылып тұрған жоқ. Халықтың бақытты заманы айтылып отыр. Осындай ақын ерлігі мен жігері кім-кімді болса да бейтарап қалдырмайды, жігерлендіреді, қайратқа мінгізеді.

Әдебиет зерттеушілер арасында көп айтыс, күдік тудырған өлеңнің бірі «Ғайса кім?» деген жыр еді. Біреулер мұны дінмен байланыстырды, біреулер Ленинді алға тартты. Біздіңше, соның біреуі де емес. Ғайса сөзінің түп төркіні Иисус Христос бола тұра, мұсылмандардың бәрі мұны әділдік, шапағат иесі деп түсінеді. Оның аржағын этимологиялық түбірден іздеп жатқан ешкім жоқ. Олай болса, Ғайса – ақынның түсінігінде, бақыт, ізгілік. Басқа ештеме де емес. Сұлтанмахмұт мұрасын зерттеуші А. Еспенбетов те «Халық ұғымына әбден сіңген әділдік пен адамгершілік хақындағы тәсілінік «пайғамбар Ғайса»

атымен байланысты болған. Тыңдаушысын ескерген Торайғыров жаңалықты, жақсылықты жырлағанда, Ғайсаны әділдіктің символы етіп алған», - дейді[44]. Астарлап айтудың тағы бір түрі *тұспалдау* /аллегория/. Ақынға бұл да жат болған жоқ. Өйткені тұспалдау арқылы адамдар арасында болатын қарым-қатынастарды, мінез-құлықты, жақсы-жаманды, қаскөйлік пен ізгілікті жан-жануар немесе өсімдіктер іс-әрекеті, қасиеті ретінде көрсетуге мүмкіндік бар.

Сұлтанмахмұт тұспалау арқылы көбінесе қазақ қоғамындағы кемшіліктерді сынап, халық санасын оятуда болды. Тек қана бұлай емес, әрине. Кемшілікті бетін аша көрсету - өзгені одан жирендіру. Демек, ақын халқын, жұртын жаманаттан қорғай отырып, жақсылық жолына қарай бағыттады. Ықпал етті. Сөз жоқ, ол кезде ақынның ойлағандары бола да берген жоқ. Ондай жағдайда ақын өкпе, реніш те білдірді. Оның кейіпкерлеріне ауыр тиетін сың-сықақ шумақтары осылай туған.

«Кедейлік» деген өлеңнен ір мысал:

Кедейлік, сен жексұрын, түсің суық,

Іздемес сені адам керек қылып.

Енді осы үзінділерде келтірілген кейіптеу жайын сөз етейік. Бірінші мысалда жұлжыз ымдасады. Не туралы? Жер беті қорылға салып ұйықтап жатыр. Неге? Екінші мысалда байлықтың адамға істеген қастандығы айтып жеткізгісіз. Оған адам не істепті? Кедейліктің түсі суық. Онысы несі?

Бұл сұрақтардың бәрі шешуін күтуде. Олар жай ғана шеше салатын нәрсе емес. Ол үшін күрес, тартыс, сансыз адамдардың әділетсіздікпен айқасы керек. Адам үшін жұлдыз, оны қазақ қоғамының бетіндегі қаймағымыз дейтіндер деп ұғайық, адамдарға қарсы бір әрекетті әңгімелесетін тәрізді. Жұлдызға жан бітеді, жұлдыз сөйлеседі, жұлдыз сырласады.

Жер қорылға басып жатыр. Ол – қазақ. Әлеуметтік өмір айқасынан әлі тысқары тұр.

Байлық та адам сияқты біреуді қолдайды, біреуді қорлайды.

Кедейлік те іс-қимыл иесі. Оның да қолынан келгенінің бәрі адамдарға қарсы жұмсалуда. Осылайша ақын жырларында кейіпкер деңгейіне дейін көтерілген кейіптеу мысалдары жеткілікті. Олар поэтикалық қолданыс ретінде белсенді қызмет атқарады.

Ақын бейнелі сөздері қатарында оғаш сөздер деп аталатын топқа кіретін, кейіпкер тұлғасын, мінез-құлқын аша түсетін сөздер де баршылық. Мұндай сөздер төркіні әріден – ақын жыраулар шығармашылығынан басталады. Абай өз тұсында ондай сөздерді барынша мол қолданды. Оғаш сөздер көбінесе ұнамсыз кейіпкерді бейнелеу үшін қолданылады.

Сұлтанмахмұт өлеңдерінде алдымен бұл топтағы сөздердің кекесін, мысқыл түрі басым жүреді. Себебі ақын өмір сүрген қоғамда алдау, арбау, жағыну сияқты құлықтар, надандық, топастық көріністері көп болды. Ал ол қылықтарға қарсы ақын әшкерелеу қаруы ретінде ұтымды кекесін, ащы мысқылды пайдаланды.

1913 жылғы «Қымыз» өлеңінде:

Әсіресе қажы, сопы, қожя, молда,

Сарт та сұрт тасбиқтарын алып қолға.

*Жаудыртып келгеннен-ақ баталарын;
«А, құдай, оңда да оңда, аруақ қолда!»
Осылай зиярат қып жұрттың бәрі,
Аузыңнан шыққан сөзің болып дәрі,
«Мырзеке, ие, солай», - деп, бас изесе,
Тәштитіп танауынды онан әрі, -*

деп, қымызың болса, жұрттың бәрі саған бәйек болады, жерде сөзім қалар деп қорықбай, билік ете бер деп кекетеді. Жай кекету ғана емес, сол кездегі қоғамға тән адамдар арасындағы, барлар мен жоқтар ішіндегі қарым-қатынастың тамаққа сатулы екендігін де көрсетеді.

«Бір адамға» өлеңінде (1914) байлығына, халық қолындағы қазынаны жинап алғандығына асып-тасыған, сол үшін отаршыл өкімет алдында қадірлі болған ақсақалды сынайды. Оны мақтағандай бола отырып, қолындағысының бәрі зорлықпен, күш көрсетумен келген дүниелер деп бетіне басады. Ақсақал сандығынан шығып жатқан алтын- күміс, жалт-жұлт еткен ыдыс, саудыраған шен, сусылдаған шекпен, дұрысын айтса, халықтікі, бейшараның дүниесі дейді. Сонымен бірге ақын үй иесі байдың өзіне тікелей айып-күнә тағады.

*Дедім мен: «Құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз!
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз».*

Бұдан артық қандай жазғыру болмақ. «Құтты болсын!» - алғыс емес, қарғыс. Оны үй иесі ақсақал да түсініп отыр. Нағыз жеріне жеткізе кекету деген осы! Ақынның мұндай өлеңдері баршылық. Өйткені өз кезіне ашу-ызалы өткен Сұлтанмахмұт әлді-ауқаттыларға айтпақ пікірінің көпшілігі уытты, зілді сөздермен жеткізуге тырысқан .

«Шұбар қожа» (1912) аталатын шығарма да мысқыл, сықақ мағыналы. Қожа сұрамсақ, біреуді алдап, біреуді арбауға аса шебер.

*Сұрайтыны ат, айғыр, қошқар, бұқа.
Түк білмей –ақ күбірлеп оқыр дұға.
Емдейін деп өлтірген ауруларды,
Елдегі үлкен кесір – шұбар қожа.*

Ол емдейін деп кісі өлтіреді, бата беремін деп өтірік дұға оқиды. Қысқасы оның кесірі адам құнынан да асып түседі. Әрине, шұбар қожалар жалпы жұрттың надандығын да, сенгіштігін де пайдалана білді. Құдайшыл көрініп, құдай алдына кешірілмес күнә жасайды.

Көркемдегіш құрал есебінде **әсірелеу** /гипербола/ Сұлтанмахмұтта бірен – саран кездседі. Сірә, ақын өмірінде асып – тасатындай, ұлғайта көрсететіндей ештеме көре қоймаған ғой. Дегенмен, туған әдебиетіміздің төл тәсілі болып келе жатқан әсірелеу ақында орынды қолданылған. Мысалы, «Кедей» поэмасында:

*Екі аяғы ек пұт киіз етік,
Тән көрініп жыртықтан дір- дір етіп.*

Екі пұт ұлғайтыла айтылып тұр. Адам аяғының пұт тарта қойматын шығар. Бірақ ақын кедей байғұстың аяғына киген киімінің сиқын кезге елестету үшін осы баламаны таңдап отыр.

«Айтыс» поэмасында ақын кәдімгідей баяғы қазақ батырларын бейнелеуде кездесетін әсірелеуді пайдаланады. Өйткені оның ойының мазмұны соны қажет етіп отыр.

*Білегі жеті шоттан оқ өткізген,
Он жігіт қозғалтпайтын тақымдары.*

Осындағы жеті шоттан оқ өткізу немесе он жігіт орнынан қозғалта алмайтын мықтылық ертегінің батырларына тән күштілік. Сондықтан оны әсірелеудің ұлғайтылған түрі ғана бейнелей алады.

Әрине, әсірелеу – негізінен ел әдебиеті көркемдегіш құралы. Сұлтанмахмұт XX ғасыр басының ұлы ақыны. Сондықтан оның әсірелеу тәсілі жазба әдебиет шеңберінде қолданылады. Әсірелеу ақын шығармашылығында санаулы ғана десек, **қораштау** (литота) кездеспейді. Оның қораштаудан бас тартуы да заңды. Ақын жарық дүниені, оның жақсы-жаман құбылыстарын кішірейте көрсеткісі келмейді.

Оның есесіне Сұлтанмахмұт **шендестіру** /антиеза/ тәсілін едәуір қолданады. «Кедей» поэмасының «Өзін мырзалармен салыстыру» бөлімінде бастан –аяқ көріністері мен тұрмыс суреттерін қарама –қарсы қоя сипаттау – шендестіру жеткілікті көрінеді. Мысал келтірелік:

*Анау Жақып сән түзеп, сауық құрған,
Құрдасым емес еді бір күн туған?
Мен туғанда табылмай қара сабын.
Ол туғанда иіс сабын тәнін жуған.*

Бұл тармақтарға түсініктеме керегі жоқ. Онсыз да түсінікті. Бұдан әрі бай баласының молшылық өмірі, кедей баласының жоқшылық-қорлығы суреттеледі. Осы суреттер арқылы екі тұрмыс, екі адамдар тобы елестетіледі. Адамда, салт та, дүние-мүлік теңсіздігі де салыстырылады, шендестіріледі. Жас пен кәрі, қыз бен шал арасындағы өмірді шендестіруде барынша ашық, дүдәмалсыз сипаттау орын алады. Әрине, бұл пікірімізді мысалсыз дәлелдеу дұрыс болмас еді.

*Жастық қызу шөлдеткен жас ерінге,
Көк мұртты шекпен ерін жүрді-ау тиіп.
Кәрі қол шалдай нәзік белді қысып,
Үлбіреген жас тәнді зорлап құшып.
Қарған кепкен тәнін жылытпақшы,
Сәулелі қара көздің нұрын ішіп.*

Жас ерін – кепкен ерін, кәрі қол – жас тән, кепкен қуарған тән – нұрлы қара көз шендестірулер. Ақ пен қара сияқты, біріне – бірі жуыспайтын ақиқаттар айқасып қалып, араларында мәңгі келіспес қайшылықтар тереңдей түсуде.

Сұлтанмахмұт кейде өлеңінің мәні мен көріктілігін көтере түсі мақсатында ел әдебиетінен белгілі өрнектеу тәсілдерін де шебер пайдаланады.

Ақынның осындай сүйіп қолданатын тәсілінің бірі ауыстыру /инверсия/. Оны ақын ұйқасты нығайту үшін немесе ұйқас күші арқылы оқырман сезіміне әсер ету үшін қолданады. Мұндай қолданыс өлең мазмұнына зиян келтірмейді. Керісінше өлеңнің өрнектілігін арттырып, тармақтарды қиюластыра түседі. Мысалы, «Кедей» поэмасында мынадай тармақтар бар:

*Әйтеуір олар суға кеткен кісі,
Соңынан етейін бе мен де «шолп» -*

Ауызекі әңгімеде сондай-ақ басқа өлең ұйқастарында кәдімгідей «шолп етейін бе» деп, бастауышты бұрын айтып, баяндауыш болып тұрған күрделі етістікті соңынан келтіруге болар еді. Ақын өйтпеді. Осы «даулы» тармақты сөйлем мүшелерінің дұрыс орналасуы бойынша жазатын болсақ, «Мен де соңынан «шолп» етейін бе?» болар еді. Сонда бәрі де түсінікті орын-орындарында тұрар еді. Ал Сұлтанмахмұтта баяндауыштың өзі екіге дарылып, бастауыш ортаға түсіп тұр. Ғажап құбылыс!

Мұндай ауыстыру түрлері Сұлтанмахмұтта көп кездеседі. Ақын бастауыш пен баяндауыш орнын ғана ауыстырмайды. Мысалы:

*Сыйлағанды сыйлағым менің келер,
Қинағанда қинағым менің келер.*

Міне, бұл жағдайда анықтауыш *менің* сөйлем баснда тұруы крек болса да ол тәртіпті өзгертіп, *сыйлағым келер, қинағым келер* деген баяндауыштардың арасында келіп тұр. Бұдан сөйлем де, өлең де ұтылып тұрған жоқ. Қайта өлең әсерлілігі күшейе түскен.

Сондай-ақ сөйлем мүшелері орындарын ұтымды ауыстыра пайдалану басқа сөйлем мүшелері арасында да бар.

«Сымбатты сұлуға» өлеңінде «сүйдірген сені маған» тіркесі он екі тармақта қайталанады екен. Бірақ бір ғажабы «сүйдірген сені маған» деп отырған қыз қасиеттері ақынды шошытушы, жирендіруші қасиеттер болып шығады. Сөйтіп бұл жерде ауыстыру масқаралау құралы орнына жүріп кетеді.

Табиғат құбылыстарын адам басындағы әртүрлі жайттармен бір тізбекте, байланыста қарауды **жарыстырма /параллелизм/** десек, Сұлтанмахмұтқа бұ да жат емес екен. Шынында да тіршілік атауылының, мейлі ол адам ба, хайуанат па, өсімдік пе, бәрінің де басында болатын ортақ өсіп-өну заңдылықтары барлығын ешкім теріске шығармайды. Қашанда адам қоршаған ортадан тәуелді. Бұзып-жарып басқа бір кеңістікте өмір сүрмейді. Оның бойындағы жақсылық-жамандықтың бәрі өз ортасымен үйлесіп келеді. Осыны психологиялық жарыстырма /психологический параллелизм/ деп жүрміз. Жарыстырмасыз шығарма сирек туады. «Кедей» поэмасынан мына бір үзіндіге назар аударайықшы:

*Күзгі түн шөптің басын қырау көмген,
Ызғар шашып, бұлт мынау жерге төнген.
Қараңғы. Итпен бірге қой күзетіп,
Мен ояу, ел ұйқыда, оттар сөнген.*

Кедейдің тұрмысы нашар. Ас жоқ, киім жыртық. Күндіз-түні бай малы соңында салпақтау. Оның осы халіне күздің ызғарлы суығы, түннің көзге түртсе көрінгісіз қараңғылығы, иттен басқа серіктің тағы жоқтығы қатар келуі

онысыз да келісіп тұрмаған бағұстың хал-жайын қиындата түсуде. Міне, жарыстырма! Осыны оқып отырған соншама сорлылықтың бәрін кедей басына үйіп берген жоқшылық пен әділетсіздікке лағнат айтады. Кедеймен бір болғысы келіп кетеді.

Сұлтанмахмұттың көпшілікке, жеке адамдарға арнап жазған шығармалары біршама. Осындай «Жарлау» өлеңі-арнау түрінің көрнекті үлгісі. Мұнда ақын өз сөзін бүкіл қазақ халқына, оның үлкен-кішісіне, бай-кедейіне тұтас қарата айтады. Өлең мазмұны ел басылары-ақсақалдарына, ұл-қыздарына, жұртшылыққа аян, ұйықтама, қатараннан қалма дегенді айтады. Ақын әлеуметтік жетіксіздікті, тұрмыстық кедейлікті халқының халқының үлкен міні санайды. Сол мешеулік жолынан шығу амалы - өнерге – білімге, тұрмыс салтының жақсы үлгілеріне жетісу деп кеңес береді. Ел-жұртты дүр сілкінуге, батыл ілгері басуға шақырады.

«Қайқы құйрық, шұбар қыз, істік мұрын» жеке адамға, қадірсіз, құлықсыз қызға қарата айтылады. Үлгілі, өнегелі, тәрбиелі, кішіпейіл, ибалы болу шартын ұсынады.

«Қ-ға сәлем», «...ға сәлем», «М-ға», «Ж» өлеңдері ақынның өз жүрегіне дерт салып, ынтызар еткен аруларға арналады. Бұл өлеңдерде ақынның сұлулық сымбат, әсемдік әлем, әдемі көрік жайындағы түсінік-тілегі көрінеді. Әдебиеттану ғылымы атауымен атасақ, сұлулық жайындағы аса биік талғамы айтылады. Алдыңғы арнауларда бірыңғай сиықсыздық суреттері сөз болса, бұл арнаулар оларға қарама-қарсы ақын өлшемі /кредо/ болып есептеледі. Ақылына көркі сай, сыры мен сымбаты тең, мінезі айта қаларлық асыл аруларға арналған.

Ақын шығармашылығында бұлардан басқа да көптеген жеке адамдарға арнау өлеңдер жетерлік. Олардың біреуінде адамдар басындағы жақсылықты мақтайды, біреулерін елге еткен еңбегін бағалайды, біреулерінде жөнсіздік-жолсыздық құрбандарын жоқтайды.

Тұтастай алғанда арнаулар ақынның ішкі сыры мен көзқарасын көрсететін деректер деп бағалауға болар еді. Бұларды әдеби-тарихи тұрғыдан дербес зеттеу жадығаты есебінде тексеруге, зерттеуге әбден болар еді.

3 ПАВЛОДАР ЕРТІС Өңірі Ақын-жазушыларының Шығармаларындағы Кейіпкер Тілінің Когнитивтік Аспектiсi

3.1 «Қамар сұлу» романындағы кейіпкер этномәдениеті мен танымы

Тіл этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының негізгі көрсеткіші болып табылатыны белгілі. Ұлттың тіліндегі этномәдени лексика мәдени мұра ретінде мәңгі сақталады. Кез келген тіл халықтың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, дүниетанымына, жалпы тұрмыс-тіршілігіне байланысты болып, сол тілден мол деректер беретіні мәлім. Белгілі ғалым Ж.А. Манкееваның пікіріне сүйенсек: «Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі: әр тіл өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, ол – мәдениет айнасы. Олай болса, ондай жүйені зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі екені байқалады. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде ұлтты бір бүтін етіп тұтастырушы»[45,15]. Зерттеуші пікірі тіл мен мәдениеттің сабақтастығын және тілдің бойында ұлттық сипаттың барлығын дәлелдей түседі. Айтылған пікірдің дұрыстығына С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романының тіліне этнолингвистикалық талдау жасау арқылы көз жеткізе түсеміз.

Роман тілінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын танытатын материалдық және рухани мәдениет лексикасы молынан кездеседі. Қолданылған этномәдени лексиканы екі топқа бөліп қарастыруға болады.

1.Рухани мәдениетке байланысты лексика. Бұл қабатқа жататын лексикалық бірліктердің ішінде жиі кездесетіні діни лексика: *әруақ*, *қыдыр(ата)*, *қажы*, *мұсылман*, *пайғамбар*, *молда*, *ишан*, *қиямет*, *балиғат*, *құдай* т.б. Мысалы:

Әйтеуір атаның әруағымен алдыңа келіп тұрған «қыдырдың» қадірін білу керек қой...- деп бірі қалмай данышпансып, үсті-үстіне баспалатып барып қойысты; Әншейінде тасбиғын тартып, оны-мұныға кіріспей отыратын Қалтан қажы да бұрқырап:

*- Бұларға өзі секілді қара жүрек орыс болмаса, не Ахмет секілді сыпборбай, шала қазақ болмаса, басқа **мұсылман** кісі жаға ма? Сен шоқынды, былшылдады екен деп, мен **пайғамбар** жасынан асқанда, **қажы** басыммен өтірік айта алмаймын. О баланың билігі өзімде. Шоқындырған Қасенді қайда шоқындырсаң, онда шоқындыр! Қамарды тағы орысша оқыған біреуге беріп, сүйегімізге таңба қыла алмаспыз. Қазаққа берсек, қазақта мұнан артық кім бар? Соған барып та обал болатын болса, **қияметте** мен арқалайын, куә болыңдар! Нұрымнан артық **пайғамбарға** береміз бе? Басқа былшыл сөзді қой!;*

***Молдалар балығыға** батқан әйел баланы күйеуге бермеген қатты обал, дейді. Былтыр Қарбай **ишан** да айтты... деп, шатып-пұтып бір жағынан ол ақырды. Оспан қанша айтқанмен би кісі ғой, ол жайлап сездірді:*

- Мені өтірікші қылып, өлтіретін жерің де, көметін жерің де осы. **Қияметке** дейін керіспей, азып-тозып әркімнің аузында кететін жеріміз де осы[29].

Қыдыр, Қыдыр ата, Қызыр –

1. ислам дініндегі пайғамбар. Кейбір дінтанушы ғалымдар оны Ілияс пайғамбар деп жорамалдайды. Құран Кәрімнің Кәәф сүресінде Мұса пайғамбар сапарға шыққан кезде Қыдырға жолыққаны, Алланың оны Мұсаға тағылым үйрету үшін арнайы жібергені жайлы айтылады (66 аят).

2. мифтік бейне. Түркі халықтары мифологиясында Қыдыр бейнесінің астарынан ислам дініне дейінгі және онан кейінгі кезеңде пайда болған екі діни-фольклорлық дәстүр түсінігі аңғарылады.

Кей халықта ол теңізде сапар шегушілердің қамқоршысы деп есептелсе, үнділер су иесі деп қабылдаған, сондай-ақ өрттен, су тасқынынан, ұрлықтан, жылан шағудан сақтайтын пір деп те есептеледі. Сонымен қатар жыр мәтіндерінде Қыдыр ата мен Қызыр ата, Ілияс есімдері дербес үш тұлға ретінде аталады («Қызыр ата, қырық шілтен; Қыдыр менен Ілияс; олар да болсын жолдасың» немесе «Қызыр Ілияс жар болып, Қыдыр ата қолдасын»). Осыған байланысты «Қыдыр» мен «Қызыр» бейнелерінің екі түрлі мифтік бастаудан өрбіп, уақыт өте, есімдерінің сыртқы ұқсастығына және мифтік сәйкестігіне қарай бір бейне ретінде түсіндірілгенін топшылауға болады. Қыдыр көбіне-көп батырлық жырларда аталады, батырлар одан демеу, қолдау күтіп, атын атап шақырады. Қазақ халқының ұғым-түсінігінде Қыдыр сәттілік пен бақ беруші, көбіне иман жүзді қарт түрінде бейнеленіп, өзін көзімен көру сәті түскендерге бақыт сыйлаушы ретінде суреттеледі. Яғни, күнделікті кездесетін адамдардың арасында Қыдыр-ата болуы мүмкін: ол әр түрлі кейіпте (көбіне кедей адам секілді) жүреді. Одан сый алу үшін кез келген адамға, оның әлеуметтік мансап-мәртебесі мен байлығына, киіміне, түр-әлпетіне қарамай, қонақжайлық көрсету керек (өйткені ол Қыдыр болып шығуы мүмкін). «Қырықтың бірі Қыдыр» сөзінің астарынан осындай түсініктен туындаған моральдық факторды көруге болады.

Мұсылмандар (араб.: [*муслім*] — «мойынсұнушы», «көнуші») - Ислам дінін қабылдаған, Аллаһқа мойынсұнған адам. Мұсылман болу – ынта-ықыласымен Аллаһқа берілу, Хазіреті Мұхаммед Пайғамбардың айтқандарына толық илану, шариғат үкімдеріне мойынсыну және Исламды дін ретінде толық қабылдау деген мағына береді. Шынайы мұсылман иман шарттарына шек келтірмеу Ислам қағидаларын орындауы қажет.

Мұхаммед— Ислам дінінің пайғамбары, Мекке қаласында туылған, Бану Һашим тайпасынан шыққан. Аллаһтың соңғы елшісі, тура дінді насихаттаушы, әділеттің көркем мінезділіктің нышаны және үлгісі боп табылады. Бұған қоса – соңғы пайғамбар, мұсылмандар түсінігінде тек арабтардың пайғамбары ғана емес, жалпы адамзатқа келген биік адамгершілік, аллақтық ғибраттың үлгісі.

Пайғамбарлық 40 жасында келген. 63 жасында қайтыс болған. Мұхаммед есімі «мақталатын», «мақтауға лайықты» деген мағынаны білдіреді.

Қажылық (араб.: *хаддж*) - ислам діні бес негізінің соңғысы. Қажылық, хаж жасау—мұсылманның бес парызының бірі. Шариғат бойынша кәмелетке толған, ақыл-есі дұрыс, денсаулығы жақсы, дәулеті жетерлік, өзгеге қарызы жоқ мұсылманғана І парызын өтей алады. Оның парыздығы қасиетті Құранда: «Алла үшін Қағбаны адамдарға қажылық ету парыз» («Әли-Имран» сүресі, 97 аят), - деп ұқтырылса, хадис шарифте: «Ислам бес негізге құрылған: Алла Тағаладан басқа тәңір жоқ және Мұхаммед оның елшісі деп куәлік ету. Намаз оқу. Зекет беру. Рамазан айында толық ораза ұстау. Байтуллаға қажылыққа бару», - делінген.

Шариғат кітаптарында: «Бас бостандығы бар, балиғат жасына жеткен, ақыл-есі дұрыс, дені-басы сау адамға қажылыққа бару парыз деліне отырып, қажыға баратын жол қауіп-қатерсіз, оған азық-түлігі, көлігі немесе көлік жалдауға қаражаты болуы керек екендігі және үлкен сапарға аттанған кісінің үйінде қалған отбасы тарығып қалмайтындай нәпақамен қамтамасыз етілуі де шарт», - деп көрсетілген.

Қажылық сөздікте - «**қасиетті жерге баруды ниет ету**» дегенді білдірсе, шариғатта - арнайы уақытта яғни қасиетті рамазан айынан кейінгі айдан бастап зүлхижжа айының 10-12 күндеріне дейін арнайы мекенде яғни Сауд Арабиясының Меккеқаласында табылып, арнайы бекітілген ихрамға кіру, Қағбаны жеті айналып тәу ету, Сафа мен Маруа арасында сағий жасау, Арафада тұру, Мұздалифада түнеу, шайтанға тас ату сияқты амалдарды орындау деп түсіну ләзім.

Қиямет күні (араб.: **яум әл-Қиямаһ** немесе қиямет-қайым – тік тұру) немесе **Ақірет күні** (араб.: **яум әл-Ахири**) немесе **Есеп күні** (араб.: **яум әл-Хисаб**) – Ислам дініндегі о дүние туралы ұғым. Діни наным бойынша Қияметқайым күні күллі әлем астан-кестең болады, өлгендер қайта тіріліп, махшарға қарай жүреді және барлық адам баласы түрегеліп тұрады.

Балиғат жасы ер балаларда 12, қыз балаларда 9 жас болады.

Біз дінге байланысты сөздік-анықтамалықты пайдалана отырып, діни сөздердің мағынасын, анықтамасын бердік. Қазақ халқы мұсылмандықты қабылдаған халық болғандықтан, діни лексика этномәдени бірліктер ретінде қарастырылды.

Рухани мәдени лексиканың жиі қолданылған тағы бір қабаты салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты этнолексика. Қазақ халқының ертеден келе жатқан әдет-ғұрпы, салты бар. Қазақ халқы «туу бар да, өлім бар» дейді. Сондықтан қашан да сол өмірді тануға, білуге ұмтылған, оны мәнді де, мағыналы, сән-салтанатты өткізуге тырысқан. Әлі де адамзатты алға сүйреп келе жатқан – осы ұмтылмас өмірге деген сүйіспеншілік.

Адамзаттың миллиондаған жылдар ғұмырындағы саналы тірлігіне қол жеткізген мәңгілік бір мәдени жетістігі – отбасылық ғұмыр болса керек. Отбасы – адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі. Сондықтан да ол адамзатпен бірге жетіліп, әр халықтың ерекшелігіне орай түрлі кезеңдік сипат иеленіп, сан – саналы жолмен дамып келеді. Отбасылық ғұмыр жөніндегі дәстүрлі қазақы ұғым да тарихы көне, ішкі иірімдері мол, күрделі, кешенді құрылым. Оның сонау көне заманнан бергі даму тарихын

тұтастай алғанда жалпы адамзат қоғамының даму сатылармен іштей қабысып жатқанмен, қазақ деген халықтың қалыптасып, дамуындағы түрлі тарихи жағдайларға сәйкес өзінше ерек болмыс танытады. Біз отбасылық той-томалақтар мен жиындарға байланысты этномәдени атауларды қарастырып, зерттеулерге сүйене отырып шығу төркініне талдау жасадық. Мысалы:

Омар келісімен тез құда түсу хабарын бермекші болып, қонақтарын аттандырды;

Ахметтің құр жігіттігі болмаса, құда болып аларлық малы жоқ, алып қашар еді, ат салысарлық аудыны жоқ, қолына қарап тұрған әке-шешесі тағы бар: оларды тастау оңай болып па? «Теңі келсе тегін бер» дегенге көне қоятын қазақ па?;

«Қамаржан бала сияқты бала еді, бақытына қарай жайлы орын кез келді, тек құдай ұзағынан сүйіндірсін! Жылы суға қолын малып, ақ бөкендей ордаға кіре түседі. Жасау... пәлен-түген дейтін емес, тек кешіктірмей берсек разы болатын көрінеді. «Теңі келсе, тегін бер» деп, нашайына келіп тұрған соң, саған да қаратпастан уәде қылдық. О да келетін кісісіне келеді ғой, болыс басымен әдейі өзі келіп қалған соң, ықыласын қайыра алмадық. Ал енді қайырлы болсын, жабдығыңа даярлан!» - десті.

Бар, қай таңдағаның ал. Қабырғаңа да, қатыныңа да кеңес!- деп тұрып кетті. «Өзің білесің де. Үйінде жасау көп дейді. Не қылсын. Орынды жер ғой. Бұл кімнің құдағиы дегенде де...» деп... отырған сұңқарының дәмді сөзін естіп, саған ақылдасқан мен де ақымақ деп, онан жаман сақалын жұлды[29].

Бұрын да сол елде күйеу мен қалыңдығының қалпына қарап «жар-жарды» Ахметке шығартып алып айтушы еді. «Жар-жар» орнына «зар-зар»[29].

Құда түсу, жасау, жабдық – қыз ұзату, үйленуге байланысты этнолексика.

Құда түсу - қазақтардың ертеден және қазір де жалғасып келе жатқан жақсы әрі жарасты дәстүрлердің бірі. Жігіттің әкесі немесе оның жақын туыстары қызы бар үйге құда түседі яғни бой жеткен қызын сұрайды. Оның түрі өте көп, мысалы: құда аттанар, құда тарту, ат байлар, құйрық-бауыр тағы басқа ырымдары мен кәде алымдары болады. Құда түсу - қазақтың мәртебелі әрі жарасты салт-дәстүрлерінің бірі.

- Қайтсін байғұс! Екі қарашығының бірі болған соң қимай жылайтын шығар. Әйел- бала қаниша басы алтын болса да жат жұрттық екені есінде бар деймісің? Бұрын бала ұзатып көрмеген кісі сүйтеді ғой...- десті.

Оспан:

- Жынды неме! Жыны ұстап отыр да. Әйтпесе одан басқа кісі бала өсірмеп пе еді? Бар! Мәймөңкелейтін дәнеңесі жоқ, жұмыс бітті. Келер сенбі - бабаларымыздың сәті, келіп құда түссін,- деп, өзінің суылдақтарының бірін жіберді[29].

Қыздарын теңге бермей, малға беріп,

Қазақты қара көңіл аң қылғаның – дегенде малға беру дегенде қалың малды меңзеп тұр. Қалыңмал қыздың құны ретінде беріледі. Қазақтардың салтында ұзатылатын қыздың ата-анасына күйеу жақ қалың мал төлеген. Бұның

сарқыншағы әлі де қазақ арасында кездеседі. Тек заман ағымына сай түрі өзгерген деп айтуымызға болады. Зерттеулер мен сөздіктерде қалыңмал туралы анықтамалар берілген. Ол анықтамаларда «қалың мал» қыз үшін төленетін ақы» есебінде көрсетіледі. Сонымен қатар романда кездесетін *еншісін беру*(Оларды күні ертең **еншісін беріп...** теппекші болды), *жеті ата*(Малды десең малды: әлді десең әлді, ата-тегі анау: **жеті атадан** бері үзілмей келе жатқан бақ-дәулеті мынау), *өгей бала*(Қолындағы екі-үш **өгей баласы** дейтін шығарсың), *ақсақал*(«А, құдай, той тезінен болса екен, битімді салар едім» деп, пышақтарын жалақтатып, тыпыршып жүрген **ақсақалдар** шыдасын ба?) дегендер де эномәдени лексика болып табылады.

Жеті ата — қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы, жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Ағайындықтары Жеті атаға толмай жақын-жуықтар бір-бірінен қыз алыспайды. Жеті атаға толғаннан кейінгі күннің өзінде, бір рудың жастары некелесетін жағдай туса, ру ақсақалдары бірпәтуға келіп, боз биені сойып, баталасып барып рұқсат ететін болған. Ататек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Бұдан әрі туыстық атаулар: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын болып кете береді. Соңғы түйіндеуші буын, әдетте, ру есіміне тіреледі. Немесе, керісінше, руынан бастап сатылап өз әкесіне яки өзіне дейін таратылады. Өз ата-бабасын, жеті атасына дейін білу әрбір азамат үшін міндет болған және сол білігі арқылы ол өз халқының дәстүрін жалғастырып отырған. Мұның өзі қазақтардың этникалық ерекшеліктерін танытады, әрі оның қиын-қыстау кезеңдерде тегінен көз жазып қалмауына және басқа халықтармен ассимиляцияға түсіп кетпеуіне себепші болған. Жеті ата мен ру шежіресін білу көшпелі қоғамда өмір сүрген қазақтар үшін өмірлік қажеттілік болды. Жеті атадан Үш жүзге дейінгі біртұтас туысқандық бітім бірнеше ғасырлар бойы «қазақ халқы — бір атаның баласы, бір тамырдан тараған» деген ұстанымды орнықтырған.

Жеті атасын тарата білу арқылы әркім көрші рулармен байланысын білген, сөйтіп бүкіл қазақтың біте қайнасқан туыстығына көзі жеткен. Сөйтіп Жеті аталық ұстаным қазақ халқының этнобиологиялық, эномәдени, жалпы рухани тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз еткен. Жеті аталық ұстанымға негізделген туыстық байланыс институты әрбір қазақтың білмекке деген ынтасын оятқан. Жеті атасын, руы мен жүзін білген соң, қазақтар туған жерінің кез келген шалғайында өзін туысқандарының ортасында жүрген алып бір жанұяның мүшесіндей сезінген. Нәтижесінде біртұтас жанұя секілді ұлттың біртұтас зердесі қалыптасып, жер басып жүргендер ғана емес, жадта сақталған баяғы ата-бабалар да тірілердің санасында тірлігін жалғастырған. Халықтың мұндай зердесі әрбір қатардағы далалықтың тарихты айқын елестетіп, жан-жүрегімен сезінуіне себепші болған. Жеті аталық ұстаным әрбір қазақтың, бүкіл халықтың құлағына күн сайын бабалары туралы тек жақсылықты құйып, рухани тектілікті дәріптеп, ұлттық сенімін орнықтырған. Бабалар рухы —

аруақтың күн сайын желеп-жебеп отыратындығы туралы сенімін тудырған. Сөйтіп Жеті ата институты қазақ халқының өткеннен болашаққа деген сенімін мың сан ұрпақтар арқылы сабақтастырып отыратын тетік ретінде танылған. Жеті аталық ұстаным бабалар рухы алдында әрбір қазақ пен бүкіл халықтың іштей жауапкершілік сезімін оятқан. Осы ұстаным аясында қазақ өмірінің моральдік кодексі, салт-дәстүрі мен тыйым-жораларының негізі қаланған. Сөйтіп туыстық қарым-қатынас қалыптары күнделікті моральдік санаттан бірте-бірте заңдық мәртебеге ұласқан. Мұндай құқықтар мен міндеттер жүйесі біртұтас әдеп деңгейінде көрініс тапқан. Әдепті бұзғандар қатал жазаланып, ең ақыры туған жерінен қуылған, яғни гипержанұядан аластатылған. Дені дұрыс адам үшін мұнан ауыр, масқара жаза болмаған. Жеті ата ұстанымы бүкіл халықтың бойында еш мәжбүрлеусіз мейлінше тегеурінді рухани бірлік сезімін терең сіңірді. Оны этникалық тұтастықтың қуатты арқауы, темірқазығы десек болады.

2. Материалдық мәдениетке байланысты лексика. Бұл топқа жататын лексикалық бірліктерді төрт түлікке, киім-кешекке, тұрмысқа байланысты және т.б. топқа жіктеуге болады.

*«А, құдай, сақтай көр, әркімнің аузында кетпегей едік» деп, Оспанның кісіге сойған бір-екі **тоқтысына** жаны шығып, тыпырлап жүрген Омар сорлы татулықтың дыбысы шыққан соң-ақ, ағаларымен баяғыдай бал жаласып кетті. Ахметті **ат-шапанымен** аяғына жығып, енді ондай мінез шығармасқа құран ұстатып, нан жегізіп, баяғы екі жүз теңгені кешкізіп, **ат-шапанға** разы қылды;*

*«Ит үрді, **керуен** көшті», мен тірі тұрғанда сені жылатып қор қылар дейсің бе? дегенде: «Қайдан білейін-ау!» деп жапақтаған көзінің жасы моншақ-моншақ келіп қалушы еді;*

*Нұрымның зұлымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, аузы толған боғауыз бен былш-былш **насыбай**;*

*- **Ақ білектің күші, ақ найзаның** ұшымен икемге келтіргенімді Нұрекеңе сездірерсің, жарай ма?- деп қойды[29].*

Ат-шапан, тоқты, керуен, найза – қазақ халқының тұрмысынан, ұлттық ерекшелігінен, қару-жарағынан хабар береді. Қазақ халқының қару-жарақ атаулары арқылы да этностың салт-дәстүрін, наным-сенімін, ұлт мәдениетін, болмысын тани аламыз. Ақ білектің күші мен ақ найзаның арқасында талай жаугершілікке төтеп беріп, халқының бостандығы жолында жорыққа шыққан.

Насыбай – құрамында есірткі бар алқа тұқымдасына жататын темекі өсімдігінен жасалатын, құмарлық үшін ататын (пайдаланылатын) зат. Отарлаушы орыс мемлекетімен, Қытаймен етене араласып, сауда-саттық жасаудың нәтижесінде қазақ даласына темекі келіп, насыбай жасау, оны ату етек жайған. Темекінің құрғатылған жапырағынан мүштікке папирос салып тартудың пайда болуы тәрізді, темекіні ұнтақтап, оған түрлі заттар қосып насыбай дайындауды далада мал бағып, көшіп-қонып жүрген қазақтардың әу баста өзгелерден үйренгені анық. Ұлттық болмысымызға жат насыбай ату әдетінің ел арасында кеңінен тарағаны соншалықты, біздің тілімізде «Адам көңілі бір атым насыбайдан қалады», - деген де мәтел бар. Бұрындары

насыбайды қариялар атып, оған елтіп жүретіндіктен, олар жас ер баланың пұшәнәйін де насыбайға теңеп, жақсы көріп кеткенінде жанына шақырып алып, немересінің «насыбайынан» атып қояды да ғұрыпқа айналдырған. Осылайша, насыбайдың зияндылығы естен шығып, оны негізінен қариялар атқандықтан, елімізде насыбай атуға тиым салынбаған.

Этнолексика арқылы қазақ халқының дүниетанымы, ұлттық ерекшелігі көрініс беріп, этнолексикаға қатысты атаулар қолданыс барысында әр түрлі мағыналық реңктерді кеңінен қамтиды. Қазақ тіліндегі этнолексика, этноатаулар ауыз әдебиетімізде, көркем шығармаларда кеңінен қолданылып, сол ұлттың табиғатын айқын көрсетіп бере алады. Тіліміздегі этнолексикаға жатқызылатын атаулар этностың тілінен, сол этнос туралы жазылған көркем әдебиеттен орын алады және ұрпақтан-ұрпаққа ұлттық әрі рухани байлығымыз іспетті жеткізіліп отырады.

Жоғарыда этнолексика жайлы құнды зерттеулер жазған Ж.А.Манкееваның пікірін келтіріп кеттік. Ғалым еңбектерінде этнолексика жайлы қарастырылып, дәлелді тұжырымдар келтірілген. Ол этнолексиканы: «Сонымен көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады. Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені-ұлттық материалдық мәдениеттің реликті әрі рухани байлығымыздың түбірі. Себебі бұл жүйедегі сөздер тек атауыштық қызмет қана атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық қолөнер бұйымдарын бейнелейді. Ал олар – қазақ халқының материалдық қана емес, рухани да байлығының көрсеткіші»[2,7]. Ғалымның пікірінде атап өтілгендей, тіліміздегі этнолексиканы құрайтын атаулар сан-салалы болып келеді. Оған «Қамар сұлу» романына лингвомәдениеттанымдық талдау жасау арқылы көз жеткізуімізге болады. Көркем шығармада қолданылған этнолексика, этномәдени атаулар тарихи-мәдени және лингвистикалық мазмұн мен мәнді тудыратын категория, ұлттық болмысымыз бен ұлттық танымымызды көрсететін, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыратын рухани байлығымыз болып табылады.

Ұлттық дүниетанымда бармақтай ғана «бақ» адамның өмір бойы бақытты болуына жеткілікті: «Бармақтай бақ берсін» деген бата тілек осыны көрсетеді. «Бақ» жаратушының адамның белгілі бір іс-әрекетіне қарай немесе жайдан-жай беріле салынады деген түсінік бар. Адам жаратушыға жалынып бақ сұрайтыны да содан. Халық «Таудай талап бергенше, бармақтай **бақ** бер» дейді. «Бақ қонған жеріне қонады, мал біткен жеріне бітеді» деген де сөз бар. Романда қызының тағдырына налыған Омар:

Ай, бағыз ашылмаған, қарағым-ай!.. Надандық-ай-й!..- деп еніреп барып, бүк түсіп жатып алды[29].

Алаңсыз тәтті ұйқыда жатқан Қамар әкесінің:

- Ойбай! Кісі! Қарағым, Қамар!- деген асығып шыққан жан дауысын есітіп, төбесіне мұзды су құя салғандай атып тұра келсе, бейбақ, бейшара не

көзімен көрсін: көз алды самсаған сары қол: қолдарында белсенген білектей-білектей қамшы, әке-шешесінің басы-көзі қып-қызыл қан, үсті-басы далба-дұлба, әрбіреуінің қолында жүр құр: "Ойбай! Ойбай! Өлдім!.. деп қырылдаған даусы ғана шығады, жабыла ашаға байласып жатыр[29].

Омар қызының басына бармақтай бақ бермегеніне налиды. *Бейбақ* деген сөздің құрамындағы - *бей* префиксі де бақсыз деген мағынаны береді. Қазақ тілінде араб, парсы тілдерінен келген екі префикс бар екендігі белгілі. Олар: **(-би,-на)**. **-би** префиксінің фонетикалық варианты ретінде **бе, бей** - префиксі жарыса қолданылады. Бұлар сөздің түбірінің алдына қосылып, сын есім тудыруда өте өнімді қосымша болып келеді. Профессор С.Исаев: «Қазақ тілінде префикс деген тұлға жоқ, беймаза, бейшара, бейбақ, бейкам, бейкүнә, наразы, нақұрыс т.б. сияқты иран тілдерінен сол күйінде енген сөздердегі –бей (би), -на қазақ тілінде грамматикалық тұлға дәрежесіне көтеріле алмай қалып қойған», -дейді [46.209]. Қазақ әдеби тілінде бұл префикстер негізінен араб және парсы тілдерінен енген сөздерге жалғанады. *Маза* деген араб-парсы сөзі.

«Бақ» пен «бақыт» концептісіне қатысты жалпыхалықтық мақал-мәтелдер: «Басына бақ қонатын жігіттің, ұлы епті, қызы көрікті болады»; «Дарияны теріс ағызған ақылдан, бармақтай бақ ілгері»; «Жақсы әйел, жігітке біткен бақ, жақсы жер, жайлы қоныс – алтын тақ»; «Батыр ортақ, бақ жалқы»; «Бақ келді деп таспа, жау келді деп саспа»; «Бассыз берген мал мазаң, бақсыз берген тіл мазаң»; «Өзің жеңіп алмасаң, бақыт келмес әрқашан» т.б.

Әсіресе «бақ» көбінесе қыз балаға, әйел адамға бағышталатынын байқауға болады. Роман тілінде де тек Қамарға байланысты қолданылады. Оның прагматикалық интенциясы әйел бағының тұрмыс құруымен, бала сүюімен айқындалады. «Бала – артта қалған із, Бақыт – ұзатылған қыз» деген мақал әрбір адамның бағып-қағып, өсіріп, адам қатарына қосқан баласы, оның артында қалдырған ізі, өмірінің жалғасы. Баланың бірі бой жетіп, ұзатылған қызы сол өмірінің бір бақытты сәті, қуанышы. Өйткені, «Ұл туса – ұланың, Қыз туса – өрісің» дегендей, дүниеге келген ұлы мен қызын бірі-өмір жалғасы болса, бірі-өрісінді кеңейткен қуанышың дегенді білдіріп тұр. «Баланың өзі – әзіз, әдебі одан да – әзіз» деген мақал бала туған туыстары, ата-анасы үшін қымбат та сүйікті жан, отбасының қуанышы. Егер ол бала әрі тәлімді-тәрбиелі, қылықты да әдепті болса, одан да сүйкімді, қадірлі болатынын меңзейді. Той жоралғыларында үлкен жастағылардың жас жұбайларды маңдайынан сүйіп, бақ тілеуі бақ маңдайда жазылады деген түсінікпен ұштасып жатыр: «маңдайы ашылу», «маңдайының ырысы бес елі», «маңдайына біткен» - бақытты болу, «маңдайына симау» - бақытсыздыққа ұшырау дегенді білдіреді.

Қамардың жағдайында тағдырына налу терең суреттеледі. Романның негізгі кейіпкері болып табылатын Қамар жазушының суреттеуінде аса сұлу, ақылды, ұстамды, сөзге шешен, ақын қыз. Сирек туатын жан ретінде суреттеледі. Түр-тұлғасы, мінез-құлқы тең келген Қамарды ел әсемдіктің, ақылдылықтың белгісіндей көреді. «Бір нәрсені көңілдері ұнатып, мақтағысы келсе, «Уай, шіркін, мынау Қамардай екен!» десуші еді», - дейді.

Әрі өткір, әрі сөзге ұста Қамар – ауыл жігіттерінің де қол жетпейтін асылы. Олардың көбі қызды көргеніне мәз болып, бір ауыз тіл қатса, оны

аузынан тастамай айтып жүреді. Сырттай ғашық боп жүргендердің кездесе қалса, тіл-аузы байланып, үндей алмай қалады. С.Торайғыровтың бұл суреттеуі арқылы Қамарды өз заманынан артып туған, биік бейне ретінде танимыз. Осындай елден асқан көрікті, елден асқан ақылды қыздың бақытсыз болуы маңдайына бармақтай бақтың қонбағандығы деген халықтық түсінікті ұғынуымызға болады.

Парсы тілінен енген пешене (парсы: «пишани») сөзі 1. маңдай; 2. Тағдыр дегенді білдіреді. Қазақ тіліндегі «пешенесіне/ маңдайына жазылған» сөз тіркесі бағы бар немесе тағдыры жөнінде айтылады. Халықтық танымда маңдай «бақ» қонар жер болуға тиіс, сондықтан да оны жабуға болмайды деген түсінік болғанға ұқсайды: «маңдайының ырысы бес елі». Қарама-қарсы мағынадағы сор (парсы: «шур») 1. тұзды; 2. бақытсыздық да маңдайда орналасады деп түсінген: «маңдайының соры бес елі», «сор маңдай» - бақытсыз дегенді білдіреді.

Құдайым келтірген соң істі қырын,

*Кез келді **сор маңдайға** ақсақ Нұрым («Қамар сұлу»).*

Қамар бақсыздықтың салдарынан құрбандыққа шалынып кете барады.

- *Қамар секілді асыл туған қарашығым, сендердің надандықтарыңа шынымен-ақ **қара тоқты** болғаны-ау! Көз жасы, обалы мойындарыңа! Лайым көздерің ашылмасын! Мейлің итке, мейлің құсқа бер... («Қамар сұлу»).*

Қара тоқты болғаны –ау деген құрбандықты білдіреді. Құрбандық — [Алла](#) жолына арнап шалынатын мал. Құрбандыққа мал шалу дәстүрі ислам тарихында өз ұлы Исмаилды Алла ризалығы үшін құрбан етпек болған [Ибраһим пайғамбарға](#) байланысты шыққан. [Құрбан айт](#) кезіндегі құрбандық үшін малдың үш түрін: [түйе](#), [сиыр](#), [қой](#) не болмаса [ешкі](#) союға болады. [Құс](#) союға болмайды, ал [жылқы](#) малы [Имам Ағзам](#) жолы бойынша соғыс көлігі саналып, құрбандыққа жатпайды. Құрбандыққа қой мен ешкінің бір жасқа толғаны, түйенің бес, сиыр мен өгіздің екі жастағысы сойылады. Бұлардың дене мүшелері түгел әрі сау болуы шарт. Құрбандық етінің үштен бірі отбасына қалдырылады, екінші жартысы тұрмысы нашар ағайын-туысқа, үшінші бөлігі кембағалдарға таратылады. [Құрбан](#) ([араб.](#): «жақындау»), Шарифаттағы терминдік мағынасы - Аллаһ Тағаланың ризашылығына жақындау ниетімен Құрбан айт күндерінде шалынатын арнайы малдың аты. Романда Қамардың қара тоқты болып құрбандыққа шалынуы ауыспалы мәнде берілген. Бақсыздығынан құрбандыққа шалынып кете береді. Бақсыздығына себеп заманның қараңғылығы мен әйел теңсіздігі.

Ғибрат ал мен сорлыдан, қазақ қызы!

Түйрейтін мал менен шал - саған бізі.

Оңбайды бұл әдетпен қазақ халқы,

Бол себеп ақырында қалмасқа ізі.

- Уай, дүние!.. Арманда кеткен қыршын жаным-ай!..

Қазаққа мұнан былай жарық көрсет... Қанағат бер, құдайым-ай!..- деп, басын изеп қойып, ақырын айта алмай шаршап қалды[29].

Қамар ақырында «қатал заманның құрбаны мен-ақ болайын, басқалар аман болсыншы» деген арманда кетеді.

Сонымен, ұлттық дүниетанымда бармақтай ғана «бақ» адамның өмір бойы бақытты болуына жеткілікті саналады. Ал бармақтай бақтың маңдайға қонбауы бақытсыздықты танытады.

«Бақ-дәулет» сөз тіркесі бақты байлықта, дәулетте деген түсініктің орын алатынын көрсетеді.

- *Кәне, сен бермегенде Нұрымның қай жерінен мін тауып бермеймін дейсің? Малды десең малды: әлді десең әлді, ата-тегі анау: жеті атадан бері үзілмей келе жатқан бақ-дәулеті мынау*[29].

Әйтсе де, «бақ» концептісінің ішкі коннотациясында материалдық байлық, екінші қосалқы мәнге ие.

«Бақ» концептісінің семантикалық аясында жоғарыда көрсетілген «Бақ – бақыт (бақ-дәулеттен)» басқа «нәсіп-сыбаға» (насибун) нәсіп: 1. Сыбаға, үлес, бөлік; 2. тағдыр лексемаларын айқындауға болады. «Нәсіп» те жаратушының берген сыйы ретінде қабылданады. Оны түсінудегі бір ерекшелік адамның оң іс-әрекетімен байланысты, соған орай түрлі тыйымдар пайда болған. Қазақ мәдениетінде құдайы қонақтың ішкі мәдени коннотациясы осы «нәсіппен» ұштасып жатыр: «**Қонақ** – атаңнан да үлкен», «**Қонағыңның** алтынын алма, алғысын ал», «**Қонақтың** алдына ас қой, екі қолын бос қой» деген мақалдар дәлел.

3.2 «Байлық – кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі

Қай кезеңде болса да байлық-кедейлік тақырыбы өзекті болып табылады. Қоғамдағы байлық – кедейлік тақырыбын көтермеген қазақ ойшылдары, жыршы-жыраулары, ақын-жазушылары жоқ десек те болады. Халқымыздың тілінде, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінде аталмыш тақырыпқа байланысты мол материал сақталған. Қазақ тіл білімінде бұрын бай – кедей, байлық – кедейлік сөздері тек антонимдік лексикалық бірліктер ретінде қаралып келсе, кейінгі кезеңде бұл ұғымдарды білдіретін сөздердің қарама-қарсылық концептілік қызметі диссертациялық деңгейде арнайы зерттелген. Зерттеуші Ж.Қошанова байлық – кедейлік тақырыбын этнолингвистикалық, танымдық негізге сүйене отырып, қазақ тіл білімінде соңғы жылдары дамып келе жатқан когнитивтік теориялар тұрғысынан, ғаламды тіл арқылы тану туралы ұстаныммен байланысты антропоцентризмдік деңгейде қарастырады. Ол байлық – кедейлікке қатысты тіл бірліктерінің қалыпты (стереотиптік) ақпараттық деректерін (түрлерін, антонимиясын, трансформациялануы мен ассоциясын, семантикалық өрісін, фразеологиясын т.б.) жинақтап зерттей отырып, оларды дүниенің санадағы бейнесі (таңбасы) ретінде концептуалдық құрылымдар тұрғысынан зерттейді[47].

Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларында кедей тақырыбына, қазақ халқының өміріне мол орын берілген. Ол – кедей тақырыбына ең алғаш айырықша тоқталған адам. Ең алғаш кедей бейнесін сомдаушы да – Сұлтанмахмұт Торайғыров.

«Бай» және «кедей», «байлық» және «кедейлік» ұғымдары түркі халықтарында ежелгі заманнан белгілі екеніне қарамастан, бұл ұғымдарды

білдіретін сөздердің түркі халықтарының қоғамдық-әлеуметтік өмірінде, салт-санасында тарихи қалыптасуында өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, А.Н.Самойловичтің «Түркі тілдеріндегі байлық және кедейлік» деген мақаласындағы деректер бойынша, қазақ тілінде «тапшылық», «жарлылық» мағынасында айтылатын *жоқтық* сөзі осы мағынада саха тілінде – *суоқтақ*, қарағас, тува, сағай, шор тілдерінде – *чоқтығ*, лебедь, алтай тілдерінде – *йоқтығ*, телеут тілінде – *тиодту* түрінде айтылады. Алтай, телеут, таранчы, қырым-татарлары тілдерінде «жоқтық» мағынасында *йоқ* сөзінен *-сыз* қосымшасы арқылы жасалған *йоқсыз* сөзі, өзбек, қазан-татары, башқұрт, түрікмен, азербайжан тілдерінде *йоқ* сөзінен *-сыл* қосымшасы арқылы жасалған *йоқсыл* сөзі қолданылады. Ибн-Мұханнаның сөздігінде өзбек тілінде «бай» мағынасында *бай*, *барлы* сөздерімен қатар *байан* сөзі келтірілген, чуваш тілінде *пуйан*, бұл сөздер моңғол, манжур тілдеріндегі *байан/байын* сөздерімен төркіндес [48, с.21-31], бұлар қазақ тілінде осы күні «бай» мағынасында қолданылмайды. Түркі тілдерінің бірқатарында VIII ғасырдан бастап кең тараған *ақша* (күміс ақша) сөзінен шыққан, «бай болу, баю» мағынасында айтылатын қырым-татарындағы *ақшалан* сөзі, парсының «ақша» мағынасындағы *пұл* сөзінен шыққан, «баю», «ауқаттану» мағынасында айтылатын өзбек тіліндегі *пұллан* сөзі, «ақшалы», «бай», «ауқатты» мағынасындағы *пұллуқ*, *пұлдар* қазақ тілінде кездеспейді [48, с.36-37]. Тұлғалары, мағыналары әртүрлі жоғарыдағыдай ақпарат атаулар түркі тілдерінде аз емес. Жалпы алғанда халықтың бай, кедей болып жіктелуі – тарихи құбылыс. Қазақ әдебиетінің тарихына көз жіберсек, XV ғасырдағы Қазтуған жыраудың жырларында кездеседі:

...**Жарлысы** мен **байы** тең,
Жабысы мен тайы тең....[49,29].

Қазтуғанның заманындағы кедейлер байымен тең болған екен. Мүмкін, байлары қайырымды, кедейлерге қамқор болған шығар.

Қазақ жері Ресейдің қол астына қарап, отарлаудың қамытын киген заманда өмір сүрген Ақтамберді жырау енді жоқшылыққа наразылығын білдіреді:

Жамаулы киім кегенім
Жарлылық, сеннен көремін...[49,58].
Бұқар жырау жарлы да баймен теңелер деп үміттенеді:
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таяр деменіз,
Жарлыны жарлы деменіз,
Жарлы байға тең келіп,
Жайлауға жарыса көшпес деменіз...[49,139].

Дулаттың кезіндегі патша әкімшілігі тарапынан байға да, кедейге де салық салына бастайды:

Қара шығын алымы
Бай, кедейге бірдей боп
Шаңыраққа салығы.[49,207].
Абай тұсындағы қазақ кедейлерінің өмірі былай беріледі:

*Біреу малма сапсиды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты **жыртық киім**.
Енесіне иіртіп ине жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін[49,169].*

Осындағы *жыртылған үй мен жыртық киім* кедейлік концептісін танытады. «Кедейлік» концептісін жасайтын: *кедей, құл, күң, пақыр, міскін, заріп т.б. түбір сөздер; жарлылық, құлдық, сорлы, шығай, пақырлық* сияқты туынды сөздер; *табанынан таусылған; отымен кіріп күлімен шыққан; жеті атасынан түк көрмеген; аузы асқа, ауы атқа жарымаған; тақыр кедей* сияқты тұрақты тіркестер қазақ тілінің лексикалық қорындағы байырғы атаулар болып табылады. С.Торайғыров шығармаларындағы кедейлік концептісін құрайтын тілдік бірліктер осылармен үндес. Автордың өзіндік қолтаңбасын танытатындары да бар. Сұлтанмахмұт өмір сүрген кездегі кедейлердің тұрмысы тым ауыр, әбден титықтаған кезі еді.

Сонымен, әлеуметтік теңсіздік қазақ елінде бұрыннан бар, бірақ әр заманда түрлі деңгейде болды. Бірақ, «тап» деген атау беріп, қанаушы тап пен қаналушы тап деп жікке бөліп, капиталистік жүйеге салуға келмейді. Қазақ елінде тап деген болмаған.

Сұлтанмахмұтқа кедей өмірі таныс, жақын болды. Кедей бұқараны жырлап, соның мүддесін қорғады. Себебі: ақынның өзі кедей ортадан шыққан, өмірі жоқшылықта, мұқтаждықта өтті. Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің көбінде әлеуметтік теңсіздікті, кедейлер өмірін суреттейді. Әр өлеңде кедей өмірінің бір эпизоды жүреді. Сұлтанмахмұт 1910 жылғы «Байлық» атты өлеңінде:

***Байлық-ай**, сенің ызаң өтті-ау маған,
Не қылдым өшігерлік, жаным, саған?
Мені көрсең жирендің, теріс қарап,
әкеңнің менде құны бардай жаман.
Кедейлікті жіберіп аяқ, қолды,
Байлаттың ерік бермей көсілетін.
Сен келсең бар қиыным шешілетін,
Сен жоқта аяқ-қолым көсілетін, - [33,28].*

деп, байлық пен кедейліктің адамзат өміріне тигізер ықпалын айтады. «Сананы тұрмыс билейді» дегендей, байлық пен молшылық барда ешқандай қиындық, кедергі болмас еді дейді.

Ал, осы жылы жазылған «Кедейлік» өлеңінде лирикалық кейіпкер былай дейді:

***Кедейлік**, сен жсексұрын, түсің суық,
Іздемес сені адам керек қылып...
Жарытпай киер киім, ішер асқа,
Сөктіріп малы барлау надан, насқа.
Жас көңілді қайғымен уландырып,
Сенсің гой толтыратын көзді жасқа[33, 29].*

Кедейліктің адам өмірін сиықсыз етіп, көзді жасқа толтыратын, үстінен біреудің сөкгіретінін айтады.

*... Маған салса **кедейлік** аты өшкірді
Дер едім, тұрмыстай ғып жерге көмсін.
... Өлмесең де өлтірем өсе келе,
Жүрмеспін жолдас болып саған еріп...*

Ақын жер бетінде кедейліктің жойылуын тілейді. өскен соң кедейлікті жоқ қыламын деп серт береді. Байлықтың адам ұлын бірдей қылмай алалайтынын, кедейліктің жалқауларды аттай мініп алатынын айтады. Осылайша байлықтың пейілі тарылмай адамдардың бәріне бірдей ортақ болуын, кедейліктің аты өшіп, жерге кіруін армандайды.

Ақын өзінің «мені» арқылы бүкіл кедей бұқараның атынан сөйлеп отыр. Ақын әйтеуір бір күндері адам баласы теңеліп, рақат тұрмыс кешер деген үмітте.

Сұлтанмахмұттың «Сарыбас» өлеңінен /1911/ Сарыбас деген кедейдің бейнесін көреміз. Ақын жоғарыда байлық пен кедейліктің не екенін түсіндірсе, енді олардың өкілдерімен таныстырады.

*Жалаң бас, жалаң аяқ, жыртық дамбал,
Кір көйлек, қомыт күні, шидем шалбар,
Сары үрпек, көгілжім көз, өңі жүдеу,
Қу мойын, аш қабырға аңғал-саңғал.[33,40].*

Кедейлерге тән портрет. Ақын бірден сырт киімдерінен бастайды. Жыртық, кір киімді, қабырғасы аңғал-саңғал Сарыбас не істеп жүр? Жалшылықта ма? Жоқ. Бай балаларымен бірге оқып жүр.

*Шүкібай шал әкесі, заты Керей,
Адал қара бітпеген тұлдыр кедей.
Сарыбасые оқытуға былтыр берген,
Жалшы боп пайда тапсын бұл да демей.*

Шүкібай баласының пайда тапқанынан көрі білім алғанын дұрыс көреді. Кедей баласының миына оқу кіре ме екен?

*Жақсы оқып, зеректігін танытқаны,
Жолдас түгіл молданы аңыратқаны.
Піскен бас, көбік өкпе бай баласын
Таң қылды, сөйлесе естен жанылтқаны[33,41].*

Сарыбас зеректігі жағынан молданын өзінен асып түсті. «Кедейдің малы жоқ болса, ақылы да жоқ деген бай сөзін дарытпайды», - деп түйіндейді ақын. Бұл өлеңнен білімге талап қылған кедей бейнесін көреміз. Адамның байлығына қарап емес, ақыл-біліміне қарап бағаланатынын да айта кетеді.

«Айт» / 1914/ өлеңінде де дорба асынып қайыр сұрап жүрген кедейді көреміз. Айт күні жердің жүзі жасарып, ет жеп, қымыз ішіп байлар кердеңдеп жүргенде, жалғыз кедейдің ғана халі мүшкіл.

*Жалғыз-ақ дорба асынған **кедей кәріп**,
Аштықтан өңі кеткен беті де арып.
Әркімдер тиын-тебен беріп жатыр,
Дегенген: «Құтты болсын, айт шәріп»[33, 84].*

«Көшу» /1914/ өлеңінде көктем шығып, көшу басталғандағы көшті сипаттайды. Мұнда да нашарлардың көшкені назардан тыс қалмайды.

***Нашарлар** көлік үшін жүріп қойған,*

*Кемітіп ақысына бір-бір қойдан...
Қоймасын тастай салды көңмен салып жауып,
Жүк жеңіл болуының ебін тауып.
Бел жіп, үзік, ашамай салқам-салқам,
Су құяр арбасына ауық-ауық[33,87].*

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың жоғарыда келтірілген өлеңдеріне көз жүгіртсек, кедей концептісі *жалаң бас, жалаң аяқ, жыртық дамбал, кір көйлек, қомыт күпі, шидем шалбар, жүдеу өң, тұлдыр кедей, киер киім, ішер асқа жарымау* арқылы берілген. Берілген сөз тіркестерінің бәрі кедейлікті танытуға қызмет еткен. Сондықтан бұларды кедейлік концептісін беретін микроөріс ретінде қараймыз.

«Байлық-кедейлік» концептісін жасайтын тіл құралдары бірдеңгейдегі, атап айтқанда, лексика-семантикалық деңгейдегі тіл бірліктері болып табылады. Мұндай тіл бірліктері лексикалық бірліктер ретінде түбір сөздер, туынды сөздер немесе тұрақты тіркестер түрінде кездеседі. Мысалы, «Байлық» концептісін жасайтын: *бар, бай, хан, сұлтан, төре, бек, би, құт, пұл, мал* сияқты түбір сөздер; *барлық, байлық, ауқатты, дәулетті, күшті, әлді, жақсылар, бай-бәйбіше, бай-манап, бай-құлақ* сияқты туынды сөздер; *аузынан ақ май аққан; шынжыр балақ шұбар төс; жеті атасынан қара көк; әнер-бақан; ұрда-жық* сияқты тұрақты тіркестер; «Кедейлік» концептісін жасайтын: *кедей, құл, күң, пақыр, міскін, заріп т.б. түбір сөздер; жарлылық, құлдық, сорлы, шығай, пақырлық* сияқты туынды сөздер; *табанынан таусылған; отымен кіріп күлімен шыққан; жеті атасынан түк көрмеген; аузы асқа, ауы атқа жарымаған; тақыр кедей* сияқты тұрақты тіркестер қазақ тілінің лексикалық қорындағы байырғы атаулар болып табылады. Жоғарыда келтірілген лексикалық деңгейдегі тіл бірліктерінің «Байлық-кедейлік» концептісіне қатысты оппозициялық сипатын айқындап тұрған негізгі критерий олардың семантикасы болып табылады.

«Байлық-кедейлік» оппозициялық концептісін жасайтын ақпараттық атаулар жұп болып келеді. Яғни олар бинарлық қатынаста. «Байлық-кедейлік» концептісінің жұптық сипаты оны жасайтын тіл бірліктерінің қарама-қарсылыққа негізделген екі жақтылығына байланысты. Қазақ тілінде жұптық сипатта жасалған тіл бірліктері аз емес. Оларға екі құрамды біріккен сөздер, қос сөздер, сөз тіркестері жатады. «Байлық-кедейлік» концептісіндегі лексикалық бірліктер бір тектес (не зат есімдерден, не сын есімдерден тұратын) антоним сөздердің қосарлануынан жасалған қосарлама қос сөздер іспеттес. Алғашқы «*бар-жоқ*», «*бай-шығай*» оппозициялық бірліктерінен бастап, қосымша арқылы жасалған «*барлық – жоқтық*», «*бай – жарлы*», «*бай – сорлы*», «*бай – қоңсы*», «*бай – қарашы*» сияқты оппозициялық бірліктер, араб-парсы тілдерінен еніп, *бай* сөзіне оппозиция болудан шыққан *бай – міскін, бай – пақыр, бай – жатақ, пұлды – пұлсыз, халді – халсіз, дәулетті – дәулетсіз* т.б. – бәрі де тек жұптық сипаттағы оппозициялық бірліктер. С.Торайғыров шығармалары бойынша біз зерттеп отырған оппозициялық концептіге жататын атаулар бинарлық қарама-қарсылыққа негізделген лексика-семантикалық сөздер болып табылады.

«Байлық-кедейлік» оппозициялық концептісін жасайтын ақпараттық атаулар антонимдік қатынаста болып келеді. «Байлық-кедейлік» концептісін жасайтын лексикалық бірліктер логикалық-танымдық негізде қоғамдық болмыстағы бір-біріне қарама-қарсы ұғымдарды білдіруден туып, бір-біріне қарама-қарсы мағыналарға ие болған антонимиялық бірліктер болып табылады. Қазақ тіліндегі «Байлық-кедейлік» концептісіндегі оппозициялық тіл бірліктерінің бірқатары белгілі бір күйді, қалыпты, қасиетті тура мағынасында білдіретін сатылы антонимиялық оппозицияларға жатады. Мысалы, *бай – кедей* десек белгілі бір күйдің бір-біріне қарама-қарсы екі жақтың шегін білдіріп тұр. Сонымен бірге бұл тіл бірліктерінің мағыналарын дәнекерлікпен сатылап білдіретін аралық сөз бар, ол – *орташа* сөзі. Сонда аталған тіл бірлігінің сатылы антонимдік оппозициясы «*бай – орташа – кедей*» түрінде көрінеді. Сол сияқты қарама-қарсы мағынада «*ауқатты – ауқатсыз*» тіл бірліктерінің мағыналарын сатылап білдіруге *шамалы* сөзі қызмет етіп, олардың сатылы түрі *ауқатты – ауқаты шамалы – ауқатсыз* түрінде көрінеді. *Бар – жоқ* тіл бірлігінің сатылы оппозициялық күйін аралық *аз, тапшы, жетімсіз* сөздері білдіруі мүмкін (*бар – тапшы – жоқ, бар – аз – жоқ, бар – жетімсіз – жоқ*). Ал «Байлық-кедейлік» концептісіндегі бірқатар оппозициялық тіл бірліктерінің сипатын іс-әрекеттің, әлеуметтік жағдайдың тепе-теңдік, қарама-қарсылығын білдіретін эквиполентті оппозициялар деп қарауға болатын сияқты. Мысалы, *хан – құл, төре – қара, төре – төлеңгіт, ақсүйек – қарасүйек, ақсүйектер – тобырлар, шенеунік – қарапайым адам* дегенде аталған тіл бірліктерінің қарама-қарсылығы эквиполентті сипатта екенін көреміз. Академик Ә.Қайдардың тұжырымдары бойынша, «Байлық-кедейлік» оппозициялық концептісі «Адам», «Қоғам», «Табиғат» деп бөлінетін үш саланың «Қоғам» түріне кіретін микротоптардың шағын бір түрі, бірақ әлеуметтік мәні жағынан маңызды тіл бірліктері болып табылады.

Біз қарастырып отырған байлық, кедейлік және бай, кедей атаулары әлеуметтік ұғымдарды білдіретіндіктен, тақырып *әлеуметтік-лингвистиканың* нысаны болып табылады. Алғашқы қауымдық құрылыстың соңғы дәуірінен бергі барлық қоғамдық формацияларда қалыптасқан әлеуметтік теңсіздік бай – кедей, байлық – кедейлік ұғымдарын тудырғаны, соған байланысты әртүрлі таптар, топтар пайда болғаны тарихтан белгілі.

С.Торайғыров шығармаларында байлық және кедейлік концептісі әлеуметтік сипатта анықталады. Сұлтанмахмұттың «Қос үй» /1914/ , «Бір адамға» /1914/ өлеңдері арқылы кедей бұқараның жоғын жоқтап, мұңын мұндап отырады. Байлардың қалай бай болғанын сықақтап айтады. «Қос үйде»:

*Байлыққа азулылар күшпен жеткен,
Аямай байлық үшін арын төккен.
Кедейдің маңдай тері, табан ақы,
Бақ емес, қыдыр емес дарып біткен..[33,92].*

Болыс, сұлтан болу үшін елін сатып, пара беріп, шен таққандардың байлығында кедейлердің көз жасы жатқанын да ақын қаны қайнай отырып, сынайды.

«Біреу бай, біреу жарлы»/1916/ өлеңінде ақын бар өмірін ел қамына арнайтын халықтың баласы бұрын болды, енді тағы да болар, алдыңғы өмірден күтеді.

«Осы да әділдік пе?» /1918/ өлеңінде завод, фабриканы басқарушы миллионер мен жер астында жұмыс істейтін кедейдің өмірін салыстырады. Біріншісі жұмыс істемесе де, қолында кедейдің он жыл қызмет етіп таба алмайтын асыл тасы бар. Оның бір түнгі әйелге шығарған шығынын кедей қырық жылда да таба алмас еді. Ал, қол астындағы жұмысшы жасынан терге жуылып, арқасы ауырып, жер астының кенін шығарам деп денсаулығынан айрылған. Ақын осындай жайларды көріп, осы да әділдік пе деп қайғырады.

«Кезек қашан келеді?» /1918/ өлеңінде әлеуметтік теңсіздіктің жойылатын күні жақын екенін айтады.

*Кезек қашан келеді , байлар, саған,
Барған сайын бұзылды ниетің жаман?
өз қылғаның өзіңе бір келеді,
Ақыретте емес, жалғанда қарсы алдыңнан,
|замай болатынын ішім сезет.,
Барлық адам теңеліп бірдей болмай,
Дүниені басқамен болмас түзеп[33,131].*

Жуық арада адамдар теңелетін басқа қоғамның орнайтынына ақын кәміл сенеді.

«Ол өзінің аз өмірі тұсындағы қоғам сырын адал да әділ көре білген, алдын болжап қана қоймай, майданға шыққан ақ семсердей сілтеністері поэзиясында жай отындай жарқылдап отырады» деген болатын ол туралы Д.Әділов.

Сұлтанмахмұт әділдік, бұқара қамы жолында өзінің поэзиясы арқылы да, атқарған істері арқылы да жай отындай жарқылдап, оты тиген жердегі әділетсіздікті жандырып отырады.

«Өң бе, түс пе?» өлеңінде халықтың арманын, бостандықты аңсайтынын, жақын арада «Екі жақты, қос ауыз елдің жұты шөлмек болып сынатынын» жеткізеді. Мұндағы айтып отырған жұты- ақ патша мен елдегі патшаның қолшоқпарлары.

*«Әкесі» дегеніміз патша болар,
Бай мен төре патшаға шын балалар,
Әке мен балада айырма жоқ,
Көпшілік- езілген ел не сағынар?[33,137].*

деп ақын бұқара атынан сөйлейді. Қазақ халқының жайраңдайтын күні туатынына да ақын сенімді.

*Сағынар шын теңдікті халық еркін,
Ол үшін орындар ел барлық сертін.
Қанаушының бір жолда көзін жойып,
Жалшы, кедей жайраңдар емін-еркін[33,137].*

«Сұлтанмахмұт қазақ халқы бақытсыздығын дербес мемлекеттің жоқтығынан, Ресей империясы құрамындағы әлеуметтік теңсіздіктен, экономикалық мешеуліктен, отаршылдықтан көреді.

*Ең қызық ел бақыты- теңдік алған,
Зор қайғы отар ел боп артта қалған.*

Осы тармақтардан көрінгендей, Сұлтанмахмұт отаршылдықты өз атымен атаған ақындардың бірі. Мұнда ақынның саяси көзқарасы қалтқысыз, бұқарашылдығы шұбасыз»[50]

Сұлтанмахмұт елдегі болып жатқан барлық бәлекеттердің қайнар көзі-отарлық саясат екенін білді.

*Кімде-кім бостандыққа болса жерік,
«Бүкіл халық үшін» деп іздесе ерік.
Көп қойды қасқыр бақпай, иесі бақса,
Тізгінін бермейтұғын кім бар сеніп?-
деген шумақтағы көп қойы- қазақ елі, қасқыры- Ресей империясы.*

Сұлтанмахмұттың кедейлері- ұнамды кейіпкерлер «Жарқынбай» /1910/ атты сюжетті өлеңде кедей баласы Мұқанның бейнесін бай баласына қарама-қарсы қойып, тұлғасын сомдайды.

*Мұқанның бар айыбы- малы кедей,
Әке бар, туысқан жоқ, шеше өгей.
Ақыл-зейін, түр, сымбат тұтас келген,
Оқыған, білім алған жасынан ол.
Бар адам болмаса да дәулеті мол,
Жігіттің бұл күндегі Абылайы,
Не керек, бақ байлайтын бір қысқа қол[33,34].*

Мұнда «Мұқан- сегіз қырлы, бір сырлы жігіт» тек қана Күләймеге үйленуге кедергі болып тұрғаны- кедейлігі. Ал, Күләймені алмақшы болған бай баласын:

*Күйеуі мал төлеген малдың бірі,
Ақ үрпек балапандай көрсең түрі.
Не сымбат, не көркі мен мінезі жоқ,
Ақылсыз шошқа мінез, сөзі ірі,- [33,33],*

деп сиықсыз етіп суреттейді. Сонымен Сұлтанмахмұттың сыршыл өлеңдерінде кедей бейнесі жинақталған көркем бейне дәрежесіне жетеді. Сарыбаспен салыстырғанда Мұқан бейнесі қомақтырақ. Бірақ, Мұқанды қазіргі әдебиеттегі көркем бейнемен салыстыруға келмейді. Себебі, Мұқан бейнесі көркемдік жағынан өз заманына лайық бейне. Әр нәрсе өз дәуірі үшін маңызды. Дәл Сарыбас, Мұқан сияқты кедей бейнелері ХІХ ғасыр әдебиетінде болған жоқ. Жоғарыда біз Қазтуған, Ақтамберді, Бұқар, Шал, Дулат, Абай шығармалары арқылы қазақта бай мен кедейдің болғанын білдік. Бірақ, кедей мәселесі тақырып болып жырланып, бейне болып сомдалған жоқ. Мысалы, Абай қазақтың байы мен кедейінің тұрмысын, мүдделері қарама-қарсы екенін данышпандықпен аңғарып былай деген:

*Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,
Артық қайыр артықша қызметке орай.
Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ,
Аңдыстырған екеуін, құдайым-ай![51,55].*

Абай қазақтың байы мен кедейін бірлікке, ынтымаққа шақырады, бірін-бірі қолдауын қалайды. Абай заманындағы басқа ақындар да байлар мен кедейлердің өмірін суреттеуден, кейбір байларды сықақтаудан ары аспады.

Сондықтан да Сұлтанмахмұт- қазақ әдебиетіне кедей тақырыбын алғашқы рет енгізіп, кедей бейнесін жасаған ақын. Сұлтанмахмұт кедейді жырлап қана қойған жоқ, жаңа қоғам орнататын күш деп көрсетті. Қаламгер шығармалары арқылы қазақ танымындағы кедей концептісін көреміз.

Байлық концептісі «дәулет, молшылық» мәніндегі әлеуметтік әрі этномәдени менталдық ұғымды білдіретін концепті. «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясында»: «*Байлық* – қоғамға және жеке адамға қатысты материалдық игіліктер мен рухани құндылықтарды білдіретін ұғым» деген анықтама берілген [52,63]. Бұл тұрғыда байлық әлеуметтік құндылық ретінде бағаланады.

«Байлық» өзінің жеке атаулық мағынасында: 1. Мол дәулет, мал-мүлік, қазына. 2. Бір нәрсенің мол қоры, көзі, молшылық ұғымдарын береді. Байлықтың бұл ұғымдары көне замандардан бері қоғамның дамуымен бірге қалыптасқан ұғымдар. Қандай мемлекет, мемлекеттік өндіріс орындары болмасын – бәрі де елінің игілігі үшін материалдық және рухани байлықтың мол қорын жасау үшін күреседі. *Байлық* ұғымының бұл сипатына тек оппозициялық тұрғыдан жағымсыз түрде қарауға болмайды.

Қазақ қоғамында «Бай, байлық» концептісіне байланысты бір-біріне қарама-қайшы екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірі – қазақ арасында бұрыннан кең тараған дәстүрлі жағымсыз көзқарас. Бұл көзқарас бойынша *бай* – есепсіз мал иесі, атадан балаға қалған байлық мұрагері, дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті әлеуметтік тап өкілі. Ал *байлық* дәулетті үстем тап өкілінің қолында жиналған мал, дүние, мал-мүлік, қазына. Байлық пен билік тікелей байланысты. Байлық бар жерде билік бар. Сол себепті «Байлық» концептісі өз айналасына билікке қатысты лауазымдардың бәрін де топтастырады. Екіншісі – қазіргі кезде пайда болған жағымды көзқарас. Бұл көзқарас бойынша, байлықты жасаушы – *бай* көшпелі мал шаруашылығы жағдайында дала тұрғындарының күнкөріс тіршілігінің ерекше тәсілін тапқан, маңайындағы қоңсы, қарашыларын ұжымдық еңбекке ұйымдастырып іскерлік танытқан, сөйтіп, меншігіндегі шаруашылықты басқарып, әлеуметтік процестің дамуына ықпал жасаған, қазақ қоғамының экономикалық, саяси, мәдени және интеллектуалдық элитасын қалыптастырған күш болып табылады [52,63]. Қазақ ұғымында байлық – тіршіліктің, тұрмыс құрып өмір сүрудің негізі саналған. Мысалы: «*Түстік өмірің болса, кештік мал жина*»; «*Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық*» сияқты мақалдар осы айтылғанның айғағы іспеттес.

«Байлық» концептісі оның мазмұнын, өрісін анықтайтын бірнеше концептілік дәстүрлі атаулардан тұрады. Қоғамдық бірліктің материалдық байлық және рухани байлық болып бөлінетін түрлері «Байлық» концептісінің фреймдері болып табылады. Концептілік мәндегі *материалдық байлық* – адамзат қауымына, жеке мемлекетке не адамдарға тиесілі материалдық игіліктерді білдіреді. Материалдық байлықтың қазақ тілінде қалыптасқан

ақпараттық фреймдік түрлеріне жататындар: *жер байлығы, қазба байлық, минералдық байлық, орман байлығы, өсімдік байлығы, жануарлар байлығы, мал байлығы, шикізат байлығы, өндіріс байлығы* т.б.; рухани байлық түрлеріне жататындар: *мәдени байлық, сөз байлығы, музыка байлығы, ауыз әдебиеті байлығы, бейнелеу өнерінің байлығы* т.б.

Бай концептісі бай лексемасы шығыстанушылар мен түркітанушылардың бірқатарының пікірінше, «мырза», «тақсыр» мағынасындағы түркілік *бай, бек, бег* сөздерімен тектес. «Бай» ұғымы (*бай* деген түркілік сын есімнен туып, заттық мағына алып кеткен сөз) *бай* және *ауқатты адамдар* жөнінде қолданылған. *Бай* лексемасы бірнеше концептілік қызмет атқарады: алдымен «иелік», «мал-мүлік иесі» концептісі мәнінде адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайын, тұрмысын білдіреді. Мысалы:

*Жайлауға кеше қонған Тасболат бай,
Дарыған қыдыр оған, дәулеті сай,
Ақ орда сегіз қанат тігіп тастап,
Жатқаны қор-қор ұйықтап: көңілі жай.*

Немесе:

*Бұл жерде мекен еткен керей халқы,
Кең жері, байлығымен шыққан даңқы*(«Кім жазықты»).

Бай концептісі қазақ қоғамы дәстүрінде дәулетті үстем тап өкілі мәнінде «үстемдік, билік» этномәдени менталдық ұғымды білдіреді. Бай адамдар хандықтың, биліктің саяси өмірінде маңызды рөл атқарған, олар феодалдар табының ең негізгі әрі көп тобына жатқан. Ш.Уәлихановтың айтуынша, бай жаңа әлеуметтік топ емес, тек ірі мал иеленуші. Бай әлеуметтік топ ретінде (байство) XIX ғасырда пайда болды деген пікір бар [53,с.506-507]. Концептінің «үстемдік, билік» мәніндегі ақпараттық деректері:

*Тасболат жұрттан асқан малды кісі,
Сол үшін өз табының алдыңғысы.
«Болса да аузы қисық, бай сөйлесін»,
Дегендей оңға басқан әрбір ісі*(«Кім жазықты»)

Бай бастас, батыр қандас, би құрдас (мақал). *Кедей мен бай жолдас болмас, қасқыр мен қой жолдас болмас* (мақал).

Бай концептісі «иелік» мәнінде қазіргі қоғамдағы ортақол дәулетті немесе ауыр дәулетті әлеуметтік топты[54,574], «жаңа байларды» білдіретін менталдық ұғым. Ақпараттық деректері: *Осыған орай қазақтың іскер адамдары көрініп, жаңа байлар пайда бола бастады* (ҚҰЭ). *Бай концептісі* «отбасы» мәнінде әйелдің некеленіп қосылған күйеуі, ері деген менталдық ұғымын білдіреді. Бұл ұғымның бай концептісіне тікелей қатысы бар. Қазақта ерлі-зайыпты дегендегі *ер* сөзі де *бай* деп аталады. Малға жекеменшіктің күшеюімен *бай* әлеуметтік мәніне қоса отбасында иелік мәніне ие болған. М.Қашқарида *бег* сөзі де «күйеу, ер» мағынасында берілген (ДТС, с.91). Ақпараттық деректері: *байға шықты, байдан шыққан, байға тиді* т.б.Мысалы:

*Үш-төрт жыл сүйтіп өтті бұл арада
Жаңылдан туып салды бір бала да.
Жақанның тұл қатыны байға тимек,*

Баласын қимай біраз шыдаса да;

Немесе:

Зықыштың мәлім емес осы жайы,

*Сырт кісі ойлар Әжібай оның **байы**(«Кім жазықты»).*

Берілген мысалдарда **күйеу** мағынасында қолданылған.

Себебі: бір жағынан Ахметтей ақыл-ой, парасатты, тең жігіт табылмайтындығын ойлап, бір жағынан әке, ағаларының Ахметті кедейсініп бермейтіндігін ойлап, түпкілікті болмаған соң, құр біраз күнге әуреленіп қалудың ретін тағы таба алмай, жатып-тұрып сандала беруші еді.

"А, құдай, жасты жасқа пар қылғаның,

Біреуді жоқ, біреуді бар қылғаның.

Біреуге алтын, гауһар тахыт беріп,

Астана жұрт билеген хан қылғаның;

Біреуге мал мен бақты үйіп беріп,

Ақылсыз екі аяқты мал қылғаның;

Біреуге Алатондай білім беріп,

***Мінер ат, ішер асқа зар** қылғаның;*

Хатыңды көрген сайын қайран болып,

Жол таппай құр қайнайды іші-тысым.

*Әрине, өзің теңсің, **малың нашар,***

Халың жоқ және-дағы алып қашар.

Болса да басың бұлбұл, аяқ дүлдүл.

Беруге кісі тапшы аяқ басар.

Ақыл-ой, сын-сымбатта маған теңсің

Шыбыным, шын сүйгенім - жалғыз сенсің.

***Ту бие, қара саба** болмаған соң,*

Ікемге менің елім қайдан көнсін.

Мал мен бақтың үйіліп берілуі, ту бие, қара дегендер байлық концептісін танытатын тілдік бірліктер. Ал *малдың нашарлығы, міне ат, ішер асқа зар* болу кедейлік концептісін танытады.

Екіншісі – қазіргі кезде пайда болған жағымды көзқарас. Бұл көзқарас бойынша, байлықты жасаушы – *бай* көшпелі мал шаруашылығы жағдайында дала тұрғындарының күнкөріс тіршілігінің ерекше тәсілін тапқан, маңайындағы қоңсы, қарашыларын ұжымдық еңбекке ұйымдастырып іскерлік танытқан, сөйтіп, меншігіндегі шаруашылықты басқарып, әлеуметтік процестің дамуына ықпал жасаған, қазақ қоғамының экономикалық, саяси, мәдени және интеллектуалдық элитасын қалыптастырған күш болып табылады [54, 63]. Қазақ ұғымында байлық – тіршіліктің, тұрмыс құрып өмір сүрудің негізі саналған. Мысалы: «Түстік өмірің болса, *кештік мал жина*»; «Бірінші байлық – *денсаулық*, екінші байлық – *ақ жаулық*, үшінші байлық – *он саулық*» сияқты мақалдар осы айтылғанның айғағы іспеттес.

Қазақ қоғамында «Бай, байлық» концептісіне байланысты бір-біріне қарама-қайшы екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Бірі – қазақ арасында бұрыннан кең тараған дәстүрлі жағымсыз көзқарас. Бұл көзқарас бойынша *бай* – есепсіз

мал иесі, атадан балаға қалған байлық мұрагері, дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті әлеуметтік тап өкілі. Ал *байлық* дәулетті үстем тап өкілінің қолында жиналған мал, дүние, мал-мүлік, қазына. Байлық пен билік тікелей байланысты. Байлық бар жерде билік бар. Сол себепті «Байлық» концептісі өз айналасына билікке қатысты лауазымдардың бәрін де топтастырады. Мысалы:

- *Кәне, сен бермегенде Нұрымның қай жерінен мін тауып бермеймін дейсің? Малды десең малды: алді десең алді, ата-тегі анау: жеті атадан бері үзілмей келе жатқан бақ-дәулеті мынау. Тегін кісіге бақ қона ма? Сол арасын қарасайшы. Кәрі дейсің, жасынан мыңның ішінен бұлғақтап, мәпеленіп өскен, әлі бейнет көріп беті қайтқан кісі емес; әзер болса қырықтың ішінде шығар, сол кәрілік қылушы ма еді? Ол түгіл алпыстағы мен де бір қызды кәртайтатын жайым бар... Әрқайда Омекең білсін деп, үлкен басын кішірейтіп, алдыңа түсіп жалпылдап жүреді. Сөзіңді қайтарып, көңілің қалып көрген кісі емес, қайта кекті жерден кегіңді, текті жерден тегіңді әпергеннен басқа, сонша сөгетін Нұрымның не жазасы бар еді? Біз айтсақ, өз пайдаңды айтамыз. Нұрымның малын біз алғалы отыр дейсің бе? Қамар бір сен емес, бәрімізге бірдей, ортақ бала, қастық айтамыз ба? Заман **әлдінікі** болып барады. Дүниенің не халі жоқ, қанша айтқанмен сондай қолында ісі бар, күші бар кісіге иек сүйеу керек.*

Қамар қыз қайдан көнсін теңін таппай[29].

*Қамар осындай **сәулетпен** бұлғақтап болып тұрған кезінде құдай берген **дәулеттің** арқасында абырой, атақ бірдей келіп толықсып тұрған кезінде:*

Сұлу Қамар, ақын Қамар, жаным Қамар,

Қамаржан, сені ойласам, ішім жанар.

Үлбіреген аузыңнан бір сүйгізсең,

Ішкендей кәусар суын мейірім қанар...-

дегендей өлеңдер сол маңайдағы бозбалалардың аузынан екі елі тастамайтын тәсбиғы еді(«Қамар сұлу»).

***Малдылық**, маскүнемдік, қарны тоқтық,*

Деуші едім неге керек сыпыра боқтық.

Қазақтың қаны-жаны сонда екен зой;

*Діңкемді құрттың, міне, аттең **жоқтық**[29].*

Дәулет концептісінің негізі арабтың: 1) мемлекет, 2) үстемдік, 3) династия, 4) ауыс. байлық мағыналарын білдіретін *дәулет* сөзі болып табылады. Қазақ тілінде осы мағыналардың соңғы түрі «байлық, қазына, дүние-мүлік» сақталған және «бақыт» мағынасында қолданылады [55, 88-89]. *Дәулет* концептісінің ақпараттық кодтары: *дәулетті, дәулетсіз, дәулеттену, дәулеттілік* сияқты сөздер; *дәулет бітті; дәулетке батты; дәулеті қайтты; дәулетке мас болды; ен дәулет* т.б. тұрақты тіркестер.

Мал концептісі ежелден «байлық, қаржы» мәніндегі этномәдени менталдық ұғымды білдіреді. Ежелгі түркі тілінде *мал*: 1) дүние-мүлік, байлық; 2) тауар мағыналарында қолданылған (ДТС, с 335). *Мал* араб сөзі. «Ислам. Энциклопедический словарь» деп аталатын (1991 ж.) сөздікте *мал* туралы былай делінген: «Мал (мн.ч. *амвъл*) – собственность, имущество (у оседлых арабов «деньги, достояние», у бедуинов – «верблюды», «скот») [56,153].

Осында көрсетілген екі мағынаның екеуі де қазақ тілінде бар. Қазақтар бір-бірімен кездескенде «мал-жаныңыз аман ба?» деседі. Бұл жерде қорадағы қой, сиыр, жылқының ғана амандығын сұрап тұрған жоқ. Адамның дәулетін білдіретін байлығын, дүние-мүлкін, отбасының жайын сұрап тұр. Абай «Есектің артын жусаң да мал тап» дегенде немесе «Адамзаттың көркі – мал» дегенде, болмаса халық мақалында айтылғандай «Ұл таппас ана болмас, тұрарын айт, мал таппас бала болмас, құрарын айт» дегенде, тек тар мағынадағы малды (төрт түлікті) айтып тұрған жоқ, пайда, ақша, пұл, дәулет мағынасында айтып тұр.

Жақсылар – жамандар оппозициялық ақпараттық тіл бірліктері тілде сын есімдерден туып, заттық ұғымда «БК» концептісіне жанама түрде қатысты болып келеді. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *жақсы* сөзінің бір мағынасы «Ескі ауылдың белді жуаны, ақсүйек» деп түсіндірілген. *Елдің жақсылары тегіс жиналды, бітімге билер кірісті, қажылар бас қосты* (Х.Есенжанов). «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *жаман* сөзінің бір мағынасы «сорлы, байғұс» деп түсіндірілген. *Жаманмен жолдас болсаңыз, Көрінгенге күлкі етер, Жақсымен жолдас болсаңыз, Айырылмасқа серт етер* («Қаз. ақындары»). Келтірілген мысалдар «Жақсылар – жамандар» оппозициялық тіл бірліктерінің концептілік өрісі жайында танымдық ақпаратты кеңейтеді. Оған бір-бірімен оппозициялық тұрғыда өзара жұптасатын жеке сөздердің, сөз тіркестерінің, фразеологизмдердің жанама түрде атқаратын қызметі жатады. Мысалы: *ақсүйек – қарасүйек (қара), кеңшілік – таршылық, ашаршылық – тоқшылық, мықты – әлсіз, рақат – михнат (бейнет), күшті – әлсіз, азаттық – құлдық, ырыс – сор, аз – мол (көп), барлық – тарлық, жақсылар – жамандар, текті – тексіз, аталы – атасыз, қайырлы – қайырсыз, қорлық – зорлық, момын – пысық, мырза (жомарт) – сараң, ақ – қара, ақтар – қызылдар* т.б.; жұптық оппозициялық фразеологизмдік бірліктер: *отымен кіріп күлімен шықты; қолымен күл көседі, ср. шыбық басын сындырмады; отқа қарап отыр; төрт құбыласы түгел (тең); жалғанды жалпағынан басты – жапа шекті (тартты); жеті атасынан қаракөк – жеті атасынан түк көрмеген (бітпеген); аузынан ақ май ақты – аузы асқа жарымады; асығы ашысынан түсті – иті қырын жүгірді* т.б.

С.Торайғыров шығармаларында *-дай,-дей* қосымшасы арқылы жасалған теңеулердің қатысымен туған *ит басына іркіт төгілгендей* «молшылық, байлық», *сүліктей сорды* «аяусыз қанады», *мойны ырғайдай* «азып-тозған» бейнелеріндегі концептілік мағыналарды білдіреді. *Шүй желке,*

мес қарын, шермиген қарын байлар бейнесін, *тақыр кедей, сары табан кедей* бейнесін білдіретін эпитеттер; *Жеті атасынан қара көк, жуандық ызғары, тауқымет тарту* – бейнелі түрдегі ілеспелі атрибутив сөздер; *Айдарынан жел есті* «дегені болып тұрды» мәнінде «үстемдік» концептісіне, *ит мініп, ирек қамшылады* «өмірдің тауқыметін тартты» мәнінде «жоқшылық» концептісіне қатысты ақпараттық фразеологизмдер болып табылады. *Тырнадан жасауыл қойсаң, басыңнан қиқу кетпес* деген мақал «әпербақан, ұрда-жық» үстемдік өкілінің бейнесін білдіріп тұр.

С.Торайғыров байлық-кедейлік концептісін жасауға тікелей емес, ассоциациялық сипатта жанама түрде қатынасатын әртүрлі ақпараттық тіл бірліктерінің қоры жинастырылып, олардың концептіге байланысты қызметтері талданды. Олардың қатарында «Байлық» концептісіне қатысты: *жақсылар, тектілер, күшті, дәулетті* т.б.; «Кедейлік» концептісіне қатысты: *жамандар, әлсіз, наиар, дәулетсіз, момын* т.б. атаулар бар. Оларға мысалдар келтіре отырып талдадық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Магистерлік диссертацияға Павлодар Ертіс өңірі ақын-жазушылары шығармаларындағы кейіпкердің тілдік тұлғасы арқау болды.

Тілдік тұлға терминінің қолданылу саласы өте кең. Ол лингвистика аясында ғана емес, зерттеу объектісі адам болып табылатын психология, философия, лингводидактика, әдебиеттану ғылымдарында да қолданылатындығын айтуымызға болады.

Лингвистикада тілдік тұлға мәселесі жас (жас өспірімдердің тілдік тұлғасы) және жыныс (әйел мен ер адамдардың тілдік тұлғасы) ерекшелігіне, мамандығы мен т.б. әлеуметтік белгілеріне байланысты да біршама зерттелген. Орыс тіл білімінде тілдік тұлға теориясы Ю.Н.Карауловтың есімімен тікелей байланысты. Ол көркем мәтіннің көмегімен тілдік тұлғаның үш деңгейлік үлгісін жасады. Ю.Н.Карауловтың теориясы негізіндегі тілдік тұлғаның үш деңгейлік құрылымы:

1. Вербалды-семантикалық деңгей;
2. Лингво-когнитивтік деңгей;
3. Прагматикалық деңгей[57. 118].

Вербалды-семантикалық деңгей тіл біліміндегі зерттеулерде «нөлдік деңгей» деп аталады. Бұл деңгейде тілдік тұлға жалпы лексиконды, тілдік аялық білімді меңгеруі тиіс. Мәселен, көркем шығармада қолданылған тілдік тәсілдердің мағынасын, ондағы автор жасаған образдарды түсініп отыру оқырманның нөлдік деңгейін анықтайтын өлшем. Лингво-когнитивтік деңгейді лингвомәдени бірліктер мен концептілік жүйелердің функционалды тезаурусы қамтиды. Бұл бірінші деңгей деп аталады. Ал екінші деңгей прагматикалық деңгей деп аталып, оны тілдік тұлға үшін аса маңызды деп табылған мақсаттар мен уәждер, түрлі ұстанымдар құрайды. Біз диссертацияда кейіпкер тілдік тұлғасының вербалды-семантикалық, когнитивтік деңгейлерін қарастырдық.

Тілдік тұлғаға тән тұрақты және өзгермелі екі компоненті болады. Тілдік тұлғаның биологиялық, генетикалық, психологиялық-физиологиялық, этномәдени компоненттерін тұрақты, өзгермейтін компоненттерге; әлеуметтік, тұлғалық компоненттерін өзгермелі компоненттерге жатқызады.

Тілдік тұлғаның қалыптасып, дамуына ішкі факторлармен қатар сыртқы факторлар әсер етеді. Сөзді қолданушы - белгілі бір әлеуметтік жіктің өкілі. Адамның күнделікті іс-әрекеті, сөз саптау ерекшелігі мен сөз әдебі, мәдениеті сол әлеуметтік жікке, ортаға лайық болады. Тілдің өмір сүру формаларына жататын тіл бірліктерін қолданушылардың жас ерекшелігі (бала, ересек, қарт), жынысы (әйел, еркек), мекені (ауылдық немесе қалалық), кәсібі, мамандығы, отбасындағы орны(әке, шеше) әлеуметтік белгілері болып саналады. Кез келген коммуникант өзінің әлеуметтік белгілеріне қарай іс-әрекет жасап, әлеуметтік белгілеріне қарай сөз сөйлейтіні белгілі. Осы айтылғандарды негізге ала келіп, біз кейіпкерлердің тілдік тұлғасын анықтауға тырыстық.

Тілдік тұлға болмысын ашатын басты ұстаным – тілдік тұлғаның өзі меңгерген ұлт тілі мен мәдениетін өзгеге таныта отырып, тілді тұтынушы ретінде әрі тілді жасаушы ретінде, тұтастай алғанда тіл тарихына, тілдің дамуына қандай үлес қосқанын айқындай білу.

С.Торайғыров пен И.Байзақов шығармаларында қазақ арасынан шыққан, қазақы танымға сәйкес неше алуан кейіпкерлер бар. Олардың арасында ақылына көркі сай сұлулар да, ұнамсыз қыз бейнесі де, байлар мен кедейлер де бар. Жинақтай келгенде, барлығы да қазақ арасынан шыққан тұлғалар. Қаламгерлер соларды сөйлете отырып, көркем бейнелер сомдаған.

Сол кейіпкерлердің тілдік ерекшеліктері диссертациялық жұмысқа арқау болды. Кейіпкерлер тілдік тұлғасы танытатын концептілер, кейіпкерді сомдайтын тілдік-стильдік тәсілдер және т.б. тіл біліміндегі теориялық негіздерге сүйене отырып тұжырымдалды.

Диссертациялық зерттеуде кейіпкер бейнесін сомдайтын тілдік-стильдік тәсілдер қатарында портрет пен диалог қарастырылды. С.Торайғыров пен И.Байзақов шығармаларында көптеген кейіпкерлер галереясы жасалған. Кейіпкер бейнесін сомдаудағы монолог пен диалогтың стильдік қызметі жоғары. Бұл туралы белгілі сұлтанмахмұттанушы А.Еспенбетов де қарастырған. Зерттеуші «Сұлтанмахмұт Торайғыров» монографиясында: «Сұлтанмахмұт «Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларында кейіпкерлердің образын ішкі монолог арқылы сомдаса, «Айтыс», «Таныстыру» поэмаларында диалогты пайдалану арқылы жеке адамының қоғамдық құбылыстарға деген қатынасын, ой-сезімін анықтайды. «Айтыс» поэмасында қала қазағы мен дала қазағының диалогы түрінде оқиғасыз, сюжетсіз, екі адамның сырласуы арқылы қазақ елінің барлық жақсы-жаман мінездері, тұрмыс жағдайлары, әлеуметтік жағы тұтас қамтылған» дейді[58].

Қаламгерлер шығармаларындағы байлық-кедейлік концептісіне жататын ақпараттық тіл бірліктері өздерінің когнитивтік семантикасына сәйкес ұлттық бейнені, оның ерекшелігін көрсетуде айрықша мән-мазмұнға ие. Жұмыста байлық-кедейлік концептісінің антонимиялық сипатынан басқа әлеуметтік, бірдеңгейлік, жұптық (бинарлық) сипаттары айқындалды.

Байлық-кедейлік» концептісін жасауға тікелей емес, ассоциациялық сипатта жанама түрде қатынасатын әртүрлі ақпараттық тіл бірліктерінің қоры жинастырылып, олардың концептіге байланысты қызметтері талданды. Олардың қатарында «Байлық» концептісіне қатысты: *жақсылар, тектілер, күшті, дәулетті* т.б.; «Кедейлік» концептісіне қатысты: *жамандар, әлсіз, нашар, дәулетсіз, момын* т.б. атаулар бар.

Диссертациялық жұмыстың қорытынды бөлімінде негізгі тараулар бойынша нәтижелер жинақталып беріліп, соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетілді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. -Алматы: Ана тілі, 1992. -448 б.
- 2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. -Алматы: Ғылым, 1999. -581б
- 3 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. -Алматы: Ғылым, 2002. -368 б.
- 4 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. -Алматы: Ғылым 1977. -711 б.
- 5 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. -Алматы: Сөздік-Словарь, 2005, -439 б.
- 6 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. –Минск: Тетра Системс, 2004. -256 с.
- 7 Оразалиева Э.Н. Танымдық қазақ тілі. -Алматы: «Мұрагер», 2005. -174 б.
- 8 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: Ғылым, 1966 - 162б.
- 9 Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алмат: Ан-Арыс, 2006.
- 10 Манкеева. Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным 2001, № 4, 39-43 б.
- 11 Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. Алматы: 1992.-156 бет.
- 12 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері - Алматы: Ғылым,1998. – 133 б.
- 13 Манкеева. Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері\\ Тілтаным 2001, № 4, 39-43 б.
- 14 Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. -Алматы: Арыс, 2009. -160 б.
- 15 Ислам А. Тіл мен ойлаудың екі жақты бірлігі танымдық ғылымында // Тілтаным. -Алматы, 2003. № 2. 70-74 б.
- 16 Әзімжанова Г.Н. Көркем проза тіліндегі етістіктің стилистикасы. Канд. дисс. авторефераты. - Алматы, 1998.- 24
- 17 Жапақов С.И. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері. Фил. ғыл.канд... дис.: -Алматы: А.Байтұрсынұлы ат-ғы Тіл білімі институты, 2003. -117 б
- 18 Ақаев С.Сөздің когнитологиялық сипаттары\\Тілтаным. –Алматы, 2010, №4
- 19 Сәткенова Ж.К. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б.Соқпақбаев шығармалары бойынша). Алматы, 2009
- 20 Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша). Филол. ғыл. канд... дис: -Алматы: А.Байтұрсынұлы ат-ғы Тіл білімі институты, 2006. -107 б.
- 21 Копыленко М. М. Основы этнолингвистики, - Алматы: 1995
- 22 Воробьев В.В. Лингвокультурология. Теория и методы. М., 1997.-331с.
23. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы, 1996

- 24 Еңсебаева К. Қазіргі көркем әдебиеттегі кейіпкер тілінің стильдік қызметі. Фил.ғыл.канд...дисс: Алматы, 1995,108 б.
- 25 Сәрсеке Г. Р Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерлерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер. Фил.ғыл.канд...дисс: Алматы, 1999, 130 б.
- 26 Пірәлиева Г. Ішкі монологтың кейіпкер психологиясын ашудағы көркемдік қызметі. Алматы, 1994, 138 б.
- 27 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Филол.ғыл.канд...дисс: Алматы, 1998, 130 б.
- 28 Кәрімов Х. Қанатты тіл. Алматы, 1995, 144б.
- 29 Торайғыров С. «Сарыарқаның жаңбыры». Өлеңдері мен дастандары. /құрастырған Е.Дүйсенбайұлы/. - Алматы: Раритет, 2007. – 208 б. – «Алтын қор» кітапханасы.
- 30 Байзақов И. Алтай аясында. Кереку, 2010
- 31Байзақов И. Құралай сұлу. Поэмалары мен өлеңдер. -Алматы, 1971ж
- 32 Байзақов И. Екі томдық таңдамалы шығармалар. -Алматы, 1983.
- 33 Торайғыров Сұлтанмахмұт. Екі томдық шығармалар жинағы. –А.1993.
- 34 Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. Алматы, 1995, - 249 б.
- 35 Ахманова О. Словарь лингвистических терминов. Москва, 1968.
- 36 Торайғыров С. Таңдамалы шығармалары, - Алматы, 1950
- 37 Серғалиев М. Сөз сарасы. -Алматы, 1989.- 198 б.
- 38 Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. Алматы, 1972, 112 б.
- 39 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы, 1995, 207 б.
- 40 Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 1983.
- 41 Тетюхин Е.П. Образ автора в выборе и комбинаторике стилистических приемов (на материале творчества Чарльза Диккенса). Дисс...канд.филол.наук. Алматы, 1999.133 с.
- 42 Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. Алматы, 1992,
- 43 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы, 1978, - 192 б.
- 44Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Алматы, 1992. - 280 б.
- 45 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы, 1997. -272 б.
- 46 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы, 1998, 304 б.
- 47 Қошанова Ж. Қазақ тіліндегі байлық – кедейлік концептісі// Ізденіс, 2010. № 4
- 48 Самойлович А.Н. Богатый и бедный в тюркских языках // Известия АН СССР. Отделение общественных наук. – 1936. – № 4. – С. 21-66.
- 49 Ай, заман-ай, заман-ай...Алматы, 1991. – 480 б.
- 50 Өтебаев Е. Сұлтанмахмұт және біздің заманымыз. Сарыарқа самалы. 1992. 31 қазан
- 51 Абай. Өлеңдер. Алматы, 1976, - 380 б.
- 52 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 2 том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2002. – 720 б.

- 53 Толыбеков С.Е. Кочевое хозяйство казахов в XVII – начале XX века (Политико-экономический анализ). – Алма-Ата: Наука КазССР. – 1971. – 634 с.
- 54 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том.–Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1978. –750 б.
- 55 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 3-том.–Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1978. –735 б.
- 56 Ислам. Энциклопедический словарь. – Москва: Наука, 1991. – 318 с.
- 57 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – Москва: Наука, 1987. – 263 с.
- 58 Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. –Алматы, 1992.